Бүгінгі күнге дейін Жамбыл облысы бойынша 267 географиялық нысан атауы өзгертіліп, байырғы атаулары қайтарылған. Алайда атауларды ұлттық және географиялық ерекшеліктеріне сай реттеу облыс аудандарының арасында бір типті емес. Мысалы, Қордай ауданы бойынша 58 атау, ал Шу ауданы - 4




Диаграмма – 3 Байырғы атауы қайтарылған Павлодар облысының топонимдері (аудандар бойынша)

Бүгінгі күнге дейін Павлодар облысы бойынша 118 географиялық нысан атаулары өзгертіліп, байырғы атаулары қайтарылған. Алайда атауларды ұлттық және географиялық ерекшеліктеріне сай реттеу облыс аудандарының арасында бір типті емес. Мысалы, Май ауданы бойынша 17 атау, ал Қашар ауданы – 1




Диаграмма – 4 Байырғы атауы қайтарылған Ақмола облысының топонимдері (аудандар бойынша)

Бүгінгі күнге дейін Ақмола облысы бойынша 163 географиялық нысан атаулары өзгертіліп, байырғы атаулары қайтарылған. Алайда атауларды ұлттық және географиялық ерекшеліктеріне сай реттеу облыс аудандарының арасында бір типті емес. Мысалы, Ерейментау ауданы бойынша 34 атау, ал Аршалы ауданы 5.

Еліміз Тәуелсіздік алған жылдардан бері тарихи атауларды қайтару не ұлттық танымға тән атауларды беру жұмыстары жергілікті ономастикалық комиссия тарапынан жүргізіліп келеді.

Қазақстанның Тәуелсіздік кезеңінде атауды өзгертуге негіз болған уәждер:

1) ауылдық округ құрамынан бөліну (Боралдай ауылдық округі – Қошқарата ауылдық округі);

2) революция көсемдерінің есімдерінен қалыптасқан атауларды дәстүрлі атаулармен ауыстыру (Калинин ауылы – Көкдөнен ауылы);

3) ауылдың атауына негіз болған нысанның жабылу, т.б. атаудың өзектілігін жоғалтуы (Коньзавод ауылы – ауыл Жаңасаз);

4) географиялық терминнің өзгеруі (Жайлаукөл селосы - Жайлаукөл ауылы);

5) Қазақстан тарихына қатысы жоқ атауларды ауыстыру (атауларда қоныстанғандардың туған жерінен ойконимдер қолданылған: Антоновка ауылдық кеңесі – Қойлық ауылдық округі);

6) жаңа нысанның пайда болуы (Күреңбел);

Бір қызығы, атауды өзгерту кезінде үй жануарларының атаулары қолданылған. Бұл сан ғасырлар бойы мал шаруашылығымен айналысқан қазақ халқына тән. Әсіресе, жылқыға байланысты зоотопонимдер жиі кездеседі. Мысалы: Сұрат ауыл округі; Көкдөнен ауыл округі. Ақбақай зоотопонимі де кездеседі. Ақбақай – Сұлтанның жылқысын баққан Орақтың жылқысы. Халық жылқының өлімі туралы аңызды сақтап қалды. Бұл аңыз халық жадында библионим (ән атауы), ауылдық округ атауларында, яғни комонимде сақталған.

Сонымен қатар, графикалық және фонетикалық қабаты «мал» мағынасын беретіндіктен, мағынасы «күңгірттенген» комонимдер де бар, бірақ, шын мәнінде, олар географиялық терминдер. Мысалы: Қойлық ауыл округі – комоним құрамында «қой» компоненті бар, бірақ көптеген түркі тілдерінде қой/қоя/қая/хая «тау беткейі» дегенді білдіреді. Бурылбайтал стансасы – екі компонентті дромоним: бурыл – түсті білдірсе + байтал – «үш жасар бие». Алайда кейбір түркі тілдерінде байтал «тау, тау баурайы» дегенді білдіреді.

Ботамойнақ ауылының атауы екі компоненттен тұрады: бота және мойнақ (мойнақ бірнеше мағынаны білдіреді). Сөз тіркесінде Түйемойнақ атауы «тау сілемі» дегенді білдіреді, сәйкесінше, Ботамойнақ кішірек «тау жоталары» дегенді білдіреді.

2018 жылғы 26 қарашадағы № 572 қаулысымен атауы өзгертілген Ешкіөлмес ауылы жағымды коннотацияға ие. Комоним де екі компоненттен тұрады: ешкі және өлмес, яғни «қырылмайды (өлмейді)».

Күнделікті тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты қазақ халқы үшін мал ұсталған, жайылған жерлерді білу маңызды болған. Бұл мәліметтердің негізін топонимдер құрайды. Үй жануарларының атауларынан (қазақ тілінде түйе, жылқы, ірі қара, қой-ешкі деп жалпылама түрде «төрт түлік» деп аталады) шыққан жер-су атаулары мал ұстауға және өсіруге қажетті жан-жақты мағлұмат береді. Бұл топонимдердің ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуда алатын орны ерекше.




Диаграмма – 5 Өңірлердегі төрт түлікке қатысты зоотопонимдер

Жалпы мал шаруашылығы мен төрт түлікке қатысты зоотопонимдерден диаграммада берілгендей, солтүстік өңірде бие, айғыр, тайынша, тай, қой, өгіз, ат, сиыр, бұзау, бұқа, қошқар тұлғалы зоотопонимдер көптеп әр пішінде кездесе, түйе компонентімен Түйеөткен зоотопонимінде ғана кездесті. Оңтүстік өңірде өгіз, қозы, қой, айғыр, байтал, бұзау, ешкі, нар, бура, жылқы, бие, бота, ешкі, теке, тоқты, түйе тұлғалы зоотопонимдер көптеп әр пішінде жиі кездесті. Батыс өңірде нар, бура, атан, түйе, сиыр, тай, қозы, қой, айғыр, бота, жылқы, ат, өгіз, байтал, қошқар, құлын, лақ, тана тұлғалы зоотопонимдер

көптеп әр пішінде жиі кездесті. Шығыс өңірде бұқа, құнан, айғыр, қой, қозы, байтал, бие, ат, құлын, түйе тұлғалы зоотопонимдер көптеп әр пішінде жиі кездесті.



Диаграмма – 5 Қазақстан топонимдерінің диахрониясы: Тәуелсіздік кезеңі

Бүгінгі күнге дейін Қазақстан бойынша 1965 географиялық нысан атауы өзгертіліп, байырғы атаулары қайтарылған. Алайда атауларды ұлттық және географиялық ерекшеліктеріне сай реттеу облыс аудандарының арасында бір типті емес. Мысалы, Жамбыл облысы бойынша 267 атау, ал Қостанай облысында – 47.

Кесте – 2 Қазақстан топонимдерінің диахрониясындағы зоотопонимдер (төрт түлік негізінде)

р/с	Бұрынғы атауы	Жаңа атауы	Өзгертілуі туралы құжаттың датасы, №
1	Елизаветинка	Бозайғыр, ауыл Шортанды ауданы	Ақмола облыстық мәслихатының 2006 жылғы 8 желтоқсандағы № ЗС-24-21 шешімі. Ақмола облысының әділет департаментінде 2007 жылғы 19 қаңтарда № 3210 тіркелді.
2	Кумкосяк	Қымызынай, ауыл, Бурабай ауданы	18.01.1993ж. №765 Щучье ауданы әкімінің шешімі.
3	Мирный к/о құрамынан бөлініп шыққан	Ақбақай ауылдық округі	Жамбыл облыстық Мәслихаты мен Жамбыл облысы әкімінің шешімі, 22.06.2001.ж №9-6
4	Калинин ауылдық кеңесі	Көкдөнен ауылдық округі	Халық депутаттарының Жамбыл облыстық Советінің қарары, 9.10.1991ж. №193
5	Кантимеровка	Қошқарата ауылы	ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының қаулысы 19.03.1992ж. №1070
6	Красноармейск ауданы/Чкалов ауданы	Тайынша ауданы	ҚР Президентінің 1997 ж. 2. 05. № 3482 Жарлығы
7	Свердлов бөлімшесі	Ботамойнақ ауылы	ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04.05.1993 жылғы №2189 Қаулысы
8	Калинин	Көкдөнен ауылы	ҚР Жоғарғы Кеңесі Төралқасының 04.05.1993 жылғы №2189-ХІІ Қаулысы

Кестеден байқап тұрғанымыздай, кеңес үкіметінің идеологиясын насихаттайтын төңкеріс қозғалысының көсемі, қайраткерлері немесе төлсипатын білдіретін атаулар орнына қазақ халқының ұлттық танымына сай, бұрынғы атаулары қайтарылған. Мұның дәлелі ретінде келесі кестелерде берілген ақпараттарды алуымызға болады (ақпарат облыстық ономастикалық бөлімнен алынды. Ақпаратпен бөліскендеріне алғысымызды білдіреміз).

Нәтижелер. Зерттеу жұмысының нәтижесінде Қазақстанның тәуелсіздік алғаннан бергі кезеңдегі топонимдердің диахрониясын талдай келе, мынандай қорытынды жасауға болады:

- топонимдер – жер бедері, флорасы мен фаунасы туралы ақпарат беретін белгі;
- жер-су атауларын өзгертудегі маңызды фактор ретінде тарихи, байырғы атауларын қайтару маңызды;
- бұрмаланған атаулар түзетілген (мысалы: Қутұрған – Құтырған ауылы: атау малда, жаунауларда болатын ауруға байланысты қалыптасқан);
- қазақ халқының о бастағы кәсібі – мал шаруашылығына орай төрт түлікке қатысты атаулардың берілуі
- орыс тіліндегі терминдердің қазақ тілінде берілуі;
- атау мағынасын түсінбеуден қатені түзету (мысалы: Бор қазған – Бөрі қазған төбесі: төбеде ешқандай бор алынбайды, тек түз тағысы – қасқыр апанының болуына байланысты тағылған).

Қорытынды. Күнделікті тіршілігі мал шаруашылығымен тікелей байланысты қазақ халқы үшін мал ұсталған, жайылған жерлерді білу маңызды болған. Бұл мәліметтердің негізін топонимдер құрайды. Үй жануарларының атауларынан (қазақ тілінде түйе, жылқы, ірі қара, қой-ешкі деп жалпылама түрде «төрт түлік» деп аталады) шыққан жер-су атаулары мал ұстауға және өсіруге қажетті жан-жақты мағлұмат береді. Бұл топонимдердің ауыл шаруашылығын, оның ішінде мал шаруашылығын дамытуда алатын орны ерекше.

Халықтың құндылықтары өзгеріп, дамып отырады, әр кезең мен дәуірде сол халықтың өзіндік әлемнің топонимдік бейнесі түзілді деп тұжырым жасауға болатыны, алайда ол бейне уақыт өте келе мүлдем құрымайды, қайта өзгеріп, толығып отыратыны дәлелденді.

Әдебиеттер

1. Жанұзақ Т. Тарихи жер-су аттарының түптөркіні. – Алматы: «Сөздік-словарь» ЖШС, 2010. – 356 б.
2. Эмирова А.М. Крымскотатарская ономастика как объект этнолингвистики // Мир языка. – Алматы, 1999. – 293 с.
3. Кайдаров А.Т., Джанузаков Т.О. Состояние и перспективы развития казахской ономастики // Вестник АН КазССР, 1963. – №1. – Б. 44-49.
4. Әбдірахманов А. Топонимика және этимология. – Алматы: Ғылым, 1975. – 204 б.
5. Қойшыбаев Е. Қазақстанның жер-су аттары сөздігі. – Алматы: Мектеп, 1985. – 256 б.
6. Конкашпаев Г. Словарь казахских географических названий. – Алма-Ата: 1963.
7. Жанұзақ Т. Еңбектерінің толық V-томдық жинағы. – Алматы: 2021.
8. Тілеубердиев Б. М. Оңтүстік Қазақстан топонимдерінің этнолингвистикалық лексикасы. – Алматы: Шапағат-Нұр, 1999. – 119 б.
9. Бияров Б. Қазақ топонимдерінің типтік үлгілері. – Астана: Ш. Шаяхметов атындағы Тілдерді дамытудың республикалық әдістемелік орталығы, 2013. – 432 б.
10. Көшімова Б.Ә. Маңғыстау өңірі жер-су атауларының түсіндірме сөздігі. – Алматы: «Нұрлы әлем», 2010. – 238 б.
11. Ахметжанова Ф.Р., Әлімхан А.Ә. Қазақ шығысының жер-су атаулары. –Өскемен: ШҚТУ, 2000. – 1134 б.
12. Иманбердиева С.Қ., Тойшыбаев З., Мәлікова С.З. Солтүстік Қазақстан облысы топонимдері. – Нұр-Сұлтан: «Ш. Шаяхметов атындағы «Тіл-Қазына» ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» КеАҚ, 2020. – 780 б.

13. Хвесько Т.В. Когнитивное описание формирования топонимов // Язык и культура / Ред. С. К. Гураль. – Томск: Изд-во ТГУ, 2008. – № 3. – С. 77-82.

14. Хрусталева И.Н., Лаврентьев В.А., Гладышев А.Г. Варианты географических наименований Рязанского края и этимологизация топонимов // Ономастика Поволжья: материалы XXI Междунар. науч. конф. (Рязань, 3–5 октября 2023г.) // под общ. ред. И.Н. Хрусталева, В.И. Супруна. – Рязань: Ряз. гос. ун-в. имени С.А. Есенина, 2023. – 389 с.

15. Исмаиылы А.Ф. Микротопонимы, образованные от названий животных (на языковых материалах Мегринского района Западного Азербайджана) // Ономастика Поволжья: материалы XXI Междунар. науч. конф. (Рязань, 3–5 октября 2023г.) / под общ. ред. И. Н. Хрусталева, В. И. Супруна. – Рязань: Ряз. гос. ун-т имени С. А. Есенина, 2023. – 389 с.

16. Kew T., Shaitarova A., Meraner I., Clematide S., Goldzycher J., Volk M. Geotagging a diachronic corpus of alpine texts: comparing distinct approaches to toponym recognition // RANLP 2019, Workshop on Language technology for digital historical archives with a special focus on Central-, (South-)Eastern Europe, Middle East and North Africa, Varna, Bulgaria, 5 September 2019. RANLP, 11-18. DOI: https://doi.org/10.26615/978-954-452-059-5_003

17. Муканова Г. Центральная Азия через призму отношений России-Казахстана-Китай. – П-павл: Алтай, 2001. – 493 с.

ИМАНБЕРДИЕВА С.К.

Казахский агротехнический исследовательский университет имени С. Сейфуллина,
Казахстан, Астана

ДИАХРОНИЯ ТОПОНИМОВ КАЗАХСТАНА (период Независимости)

Аннотация. В статье рассмотрены следующие процессы: смена топонимов с момента обретения Независимости Казахстана, исправление искаженных названий, возвращение прежних исторических названий, соответствующих национальному познанию, замена нейтральных названий зоотопонимами, определяющими по социальному статусу и предпочтению познания народа. Выявлена важность в создании топофонда путем классификации мотивов смены топонимов Казахстана.

Цель статьи – определить процесс изменения топонимов Казахстана, показать статистику на базе нескольких областей, классифицировать мотивы, лежащие в основе диахронии топонимов, определить причину их смены. Необходим анализ информации, связанной с социальной, языковой, психологической мотивацией в диахронии топонимов, разработка и систематизация научного обоснования.

Методы исследования: статистический метод, типологический метод, описательный подход, концептуальный, компонентный (семантический) анализ. Исследовательская работа ведется в лексико-семантическом, когнитивном направлении.

В ходе определения диахронии топонимов могут быть выявлены направленность пополнения топофонда Казахстана и социальная ценность их информации, способствующие выявлению важных факторов для быта и духовного развития народа.

Практическая значимость статьи заключается в том, что ее основные результаты могут быть использованы в таких теоретических курсах, как социолингвистика, ономастика, когнитивная лингвистика, лингвокультурология, а также на семинарах по практике преподавания казахского языка.

Ключевые слова: топоним, социальная значимость, диахрония, классификация, экстралингвистический фактор.

IMANBERDIEVA S.K.

S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Kazakhstan, Astana

**DIACHRONY OF TOPONYMS OF KAZAKHSTAN
(Independence period)**

Annotation. The article examines such processes as the change of toponyms since the independence of Kazakhstan, the correction of distorted names, the return of previous historical names corresponding to national knowledge, the replacement of neutral names with zootoponyms that determine the social status and preference of knowledge of the people. The importance in creating a topographic fund by classifying the motives for changing toponyms in Kazakhstan has been revealed.

The purpose of the article is to determine the process of changing toponyms in Kazakhstan, show statistics based on several regions, classify the motives underlying the diachrony of toponyms, and determine the reason for their change. Analysis of information related to social, linguistic, psychological motivation in the diachrony of toponyms, development and systematization of scientific justification.

Research methods: statistical method, typological method, descriptive approach, conceptual, component (semantic) analysis. Research work is carried out in the lexical-semantic, cognitive direction.

In the course of determining the diachrony of toponyms, the direction of replenishment of the topographic fund of Kazakhstan and the social value of their information can be identified, helping to identify important factors for the life and spiritual development of the people.

The practical significance of the article lies in the fact that its main results can be used in theoretical courses such as sociolinguistics, onomastics, cognitive linguistics, linguoculturology, as well as in seminars on the practice of teaching the Kazakh language.

Keywords: toponym, social significance, diachrony, classification, extralinguistic factor.

References

1. Zhanuzaq T. Tarihi zher-su attarynyn tuptorkini. – Almaty: «Sozdik-slovar'» ZhShS, 2010. – 356 b.
2. Jemirova A.M. Krymskotatarskaja onomastika kak obekt jetnolingvistiki. – Almaty: 1999. – 293 s.
3. Kajdarov A.T., Džhanuzakov T.O. Sostojanie i perspektivy razvitija kazahskoj onomastiki // Vestnik AN KazSSR, 1963. – №1. – B. 44-49
4. Abdirahmanov A. Toponimika zhane jetimologija. – Almaty: Čylym, 1975. – 204 b.
5. Қојшыбаев Е. Қазақстанның зher-su attary sozdigi. – Almaty: Mektep, 1985. – 256 b.
6. Konkashpaev G. Slovar' kazahskih geograficheskikh nazvanij. – Alma-Ata: 1963.
7. Zhanuzaq T. Enbekterinin tolyq V-tomdyq zhinagy. – Almaty: 2021.
8. Tileuberdiev B.M. Ontustik Qazaqstan toponimderinin jetnolingvistikalıyq leksikasy. – Almaty: Shapagat-Nur, 1999. – 119 b.
9. Bijarov B. Qazaq toponimderinin tiptik ulgileri. Sh. Shajahmetov atyndagy Tilderdi damytudyn respublikalyq adistemelik ortalygy, 2013. – 432 b.
10. B.Ә. Koshimova Mangystau oniri zher-su ataularynyn tusindirme sozdigi. – Almaty: «Nurly alem», 2010. – 238 b.
11. Ahmetzhanova F.R., Alimhan A.A. Qazaq shygysynyn zher-su ataulary. – Oskemen: ShQTU, 2000. – 134 b.
12. Imanberdieva S.Q., Tojshybaev Z., Malikova S.Z. Soltustik Qazaqstan oblysy toponimderi. – Nur-Sultan: «Sh.Shajahmetov atyndagy «Til-Qazyna» ulttyq gylymi-praktikalıyq ortalygy» KeAQ, 2020. – 780 b.
13. Hves'ko T.V. Kognitivnoe opisanie formirovanija toponimov // Jazyk i kul'tura // Red. S.K. Gural'. Tomsk: Izd-vo TGU, 2008, № 3. – S. 77-82.

14. Hrustalev I. N., Lavrent'ev V. A., Gladyshev A. G. Varianty geograficheskikh naimenovanij Rjazanskogo kraja i jetimologizacija toponimov // Onomastika Povolzh'ja: materialy XXI Mezhdunar. nauch. konf. (Rjazan', 3–5 ok tjabrja 2023 g.) / pod obshh. red. I.N. Hrustaleva, V.I. Supruna. – Rjazan': Rjaz. gos. un-t im. S. A. Esenina, 2023. – 389 s.

15. Ismajlyly A.F. Mikrotoponimy, obrazovannye ot nazvanij zhitovnyh (na jazykovykh materialah Megrinskogo rajona Zapadnogo Azerbajdzhana) // Onomastika Povolzh'ja: materialy XXI Mezhdunar. nauch. konf. (Rjazan', 3–5 ok tjabrja 2023 g.) / pod obshh. red. I.N. Hrustaleva, V.I. Supruna. – Rjazan': Rjaz. gos. un-t im. S.A. Esenina, 2023. – 389 s.

16. Kew T., Shaitarova A., Meraner I., Clematide S., Goldzycher J., Volk M. Geotagging a diachronic corpus of alpine texts: comparing distinct approaches to toponym recognition // RANLP 2019, Workshop on Language technology for digital historical archives with a special focus on Central-, (South-)Eastern Europe, Middle East and North Africa, Varna, Bulgaria, 5 September 2019. RANLP, 11-18. DOI: https://doi.org/10.26615/978-954-452-059-5_003

17. Mukanova G. Central'naja Azija cherez prizmu otnoshenij Rossii-Kazahstana-Kitaja. -P-pavl: Altai, 2001. – 493 s.

Автор туралы мәлімет:

Иманбердиева Сәуле Құрманбайқызы – филология ғылымдарының докторы, С.Сейфуллин атындағы Қазақ агротехникалық зерттеу университетінің профессоры, Астана, Қазақстан.

Иманбердиева Сауле Курманбаевна – доктор филологических наук, профессор Казахского агротехнического исследовательского университета имени С. Сейфуллина, Астана, Казахстан.

Imanberdieva Saule Kurmanbaiyevna – Doctor of Philological Sciences, Professor S. Seifullin Kazakh Agrotechnical Research University, Astana, Kazakhstan.

М.А. ИМАНГАЗИНА



Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан
(e-mail: meruyertimangazina@mail.ru)

АУДАРМАДАҒЫ КОММУНИКАНТ ЭМОЦИЯСЫ: ТҮР-ТҮС АТАУЛАРЫНЫҢ ҚЫЗМЕТІ МЕН СЕМАНТИКАСЫ

Аңдатпа. Бейвербалды амалдар – коммуникацияның тілсіз, қосымша құралы. Көркем мәтінде (түпнұсқа және аударма мәтін) кейіпкердің ішкі сезімін, эмоциясын, оқиғаға қатысушылардың бір-біріне деген көзқарасын, коммуникативтік жағдаятты сипаттау мақсатында белсеңді қолданылады. Аудармада қиындық тудыратын бейвербалды амалдардың негізгі тобы – эмоцияны бейнелеуші түр-түс атаулары. Мақалаға өзек болып отырған адам өңіндегі өзгерістер – коммуниканттың ішкі жай-күйін, физиологиялық ахуалының сыртқы көрінісін бейнелейтін, барлық халыққа ортақ, әмбебап құбылыс. Зерттеудің негізгі мақсаты «Абай жолы» романындағы эмоцияға байланысты түр-түс лексикасының антропо-когнитивті және нейробиологиялық уәжін көрсете отырып аудармадағы қиындықтардың себебін түсіндіру.

Аудармаларды салыстыра талдау барысында жиналған қазақ тіліндегі «көгеру», «сұрлану», «көкпеңбек боп кету», «бозару», «құп-қу болу», «қап-қара боп кету» сынды кейіпкердің ішкі күйін білдіретін түр-түс атауларының барлығы орыс тіліне бір ғана «бледный» лексемасы арқылы баламалануы секілді бірқатар фактіні саралай келе, автор аудармадағы қиындықтардың негізгі себебін әр халықтың эмоцияны танудағы интелектуалды инстинкті әртүрлі болуына байланысты параэмотивті элементтерді тілде түрлі деңгейде репрезентайды деп түсіндіреді. Бұл пікірді дәлелдеу үшін зерттеуде бейвербалды компоненттердің қазақ тіліндегі ерекшелігін көрсететін семантикалық талдау, аудармаларды салыстыру әдістері қолданылып, лингвомәдени аспектіде қарастырылды.

Зерттеу нәтижесінде қазақ халқының адам эмоциясын танудың терең деңгейін меңгергені, сол себепті қазақ тілінде орыс тіліне қарағанда өң өзгерісін бейнелейтін параэмотивті сөздер қатары әлдеқайда көп екені, қазақ тіліндегі әр бейвербалды амалдың нейробиологиялық негізі бар екені, әр халықтың адам эмоциясын тану және оны тілде кодтау деңгейі әртүрлі болуы аудармаға да әсер ететіні дәлелденді.

Паралингвистикада көркем шығармалардағы бейвербалды амалдар, соның ішінде соматикалық бейвербалды амалдар жалпы қарастырылып жүргенімен, аударудағы қиындықтар және олардың себептеріне жете көңіл бөлінбеуі зерттеудің өзектілігін көрсетеді. Сондай-ақ мақалада аудармаға қатысты «интелектуалды инстинкт» термині алғаш рет қолданылып отыр.

Түйін сөздер: соматикалық бейвербалды амалдар, түр-түс атаулары, эмоция, аударма, «Абай жолы», нейробиология, паралингвистика.

Кіріспе. Адамның сыртқы келбетіне және дене тілінің ақпараттық қызметіне деген қызығушылық Ежелгі Грекияда пайда болып, физиогномика деген ғылымның негізі қаланған.

2300 жылдан астам уақыт бойы философтар мен ғалымдар адамның эмоцияны бет бұлшықеттерін жиыру және босаңсыту арқылы арқылы жеткізетінін айтып келді [1, 3582]. Қазіргі таңда да адамның бет-әлпеті арқылы эмоцияны тану өз өзектілігін жойған жоқ.

Бет-әлпеттегі өзгерістерді классификациялауда бірқатар зерттеушілер кинестетикалық сомативтер деген терминді қолданады [2, 177]. Қазіргі ғылыми айналымда эмоцияны бет бұлшықеті арқылы және бет бұлшықетінің қатысынсыз көрінетін эмоциялар деп бөлу кең тараған [3, 29]. Л.И. Петрова соматикалық бейвербалды амалдарды биологиялық түрде пайда болған және адамның әлеуметтенуі кезінде жүре қалыптасқан деп екіге бөледі. Зерттеушінің пікірінше, адам еркінен тыс, өздігінен орындалатын соматикалық тілге адамның бозаруы, қарашығының үлкеюі, ернінің қисаюы жатса, әлеуметтену барысында қалыптасқан ым-ишараларға әдейі, мақсатты түрде қолданылатын *scratch one's head* – желкесін қасу, *can't take one's eyes from/off* – көз алмау, *rub one's hands* – алақанын уқалау, *be dead on one's feet* – мұрттай ұшу т.б. жатады [4, 135].

Э. Бронтенің «Грозовой перевал» туындысын талдай келе Ф. Пойатос шығармадан «тері реакцияларын» жеке алып қарастырады [5, 45]. Тілтанушы Г.Ш. Оразғалиева өз зерттеуінде адам өңіндегі өзгеріске немқұрайлық, уайым, үнсіздік, бозару, денсаулық, ұялуды жатқызған [3, 29-34]. Е.М. Верещагин және В.Г. Костомаров соматикалық тіл ретінде жест, мимика, дене қалыбы, бет-әлпеттегі өзгерістер, адамның ішкі күйін білдіретін түрлі симптомдар мен қимылдар секілді параэлементтерді санамалай келе, бет-әлпеттегі өзгерістерді мимикадан бөлек қарастырғанын байқауға болады [6, 158-159]. Ғалымдардың тері реакциясын, оң өзгерісін жеке семантикалық топ деп санауының өзіндік мәнісі бар. Себебі эмоцияға байланысты пайда болатын терідегі өзгерістер – коммуниканттың ішкі күйін бүкпесіз көрсететін ең негізгі сигнал.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеу материалы ретінде «Абай жолы» роман-эпопеясы және аталған шығарманың Л. Соболев жасаған орыс тіліндегі аудармасы алынды. «Абай жолы» роман-эпопеясы қазақ әдебиетіндегі сөздік қоры ең бай шығарма болғандықтан, барынша көбірек түр-түс лексикасын қамтуға мүмкіндік береді. Ал аударма мәтін арқылы эмоцияны бейнелеуші қазақ және орыс тілдеріндегі түр-түс лексикасының сәйкесу деңгейі анықталып, екінші тілдегі көрінісі талданады.

Бейвербалды хабар (эмоция) – коммуникант туралы қосымша ақпарат берудің бір арнасы. Қазіргі ғылыми айналымда эмоцияны психология, медицина, физиогномика, педагогика, нейробиология, жасанды интеллект т.б. салалар жеке зерттеу концепциясы тұрғысынан қарастырады. Атап айтсақ, психолог мамандар мимика психологиясы өте ауқымды тақырып екеніне назар аударады [3, 28]. Сыртқы экспрессия элементтеріне жататын көзқарас, бет-әлпет өзгерісі, дене қалыбы, ым-ишара, күлкі т.б. коммуниканттан белгілі бір хабарды қабылдауды күрделендіретіндігін, бұлардың әрқайсысы тұлғаның ішкі эмоциясын, оның жынысын, әлеуметтік жағдайын, дүниетанымы секілді белгілі бір қасиеттерінің көрсеткіші болуы мүмкін екенін айтады [7, 46-47]. Нейробиологиялық зерттеулер ағзадағы эмоционалды реакциялар мимика, пантомимика, вокалды мимика түрінде сырттай көрініс табатынын дәлелдеп отыр [8, 425]. Әлеуметтанушылар гендерлік ерекшеліктер бейвербалды коммуникация кезіндегі мимикалық компоненттерден де байқалғанын қарастыра келе, мынадай мысал келтіреді: табиғи интуициясына және бала тәрбиесіндегі рөліне байланысты әйел адамдардың бет-әлпетінде көрініс табатын эмоциялардың ер адамдарға қарағанда экспрессивтілігі басым. Сондай-ақ әйел адамдар адамның сырт келбетіндегі кішкентай өзгерісін байқап қояды, яғни бейвербалды сигналдарды тану қабілеті жоғары [9, 164]. Лингвистикада «эмоция» дәстүрлі бағытта, яғни көркем шығармадағы эмоционалды-экспрессивті құралдар, эмоционалды лексика аясында зерттелді. Мақалада адам эмоциясын сипаттайтын колористикалық лексиканың антропокогнитивті негіздері назарға алынбақ. Зерттеуде адам өңі арқылы эмоцияны білдіруші лексиканы жинау барысында лингвистикалық сипаттау, сөздік мағыналарын талдау және коммуникативті-прагматикалық, когнитивті-лингвистикалық талдау әдістері қолданылды. Сондай-ақ қазақ және орыс тіліндегі аудармалардың эквиваленттік деңгейі салыстыру әдісі негізінде қарастырылды.

Талқылау мен бақылау. Генетикалық тұрғыдан эмоциялар барлық халыққа, ұлтқа ортақ болғанымен, соматикалық кинемаларды сөз арқылы сипаттау, яғни вербалдануы

әртүрлі деңгейде. Кез келген айналадағы зат, құбылыс т.б. халықтың таным-түсінігі арқылы тілде көрініс табады. Адамның танымдық жұмысы әлемнің түр-түстік бейнесін қалыптастыруынан да көрінеді. Zh.A. Kokanova және A.S. Nabidullin колористикалық лексиканың кез келген халықтың тілдік санасында көрініс тапқан, ұлттық дүниетанымды білдіретін күрделі мәдени-тілдік құбылыс екеніне соңғы жылдардағы антропоцентристік парадигма шеңберінде тілдің когнитивті, мәдени және психологиялық аспектілерін зерттеу нәтижелері дәлел екенін айтады. Колористикалық лексиканы мәдени-лингвистикалық құбылыс ретінде тану ондағы «Тіл және ойлау», «тіл және қоғам», «әлемнің тілдік бейнесі» сияқты іргелі мәселелердің жаңа аспектілеріне тікелей байланысты екеніне ерекше назар аударады [10, 205]. Колористикалық лексиканың бір түрі – адамның бет-әлпетінде көрініс табатын және эмоциясын бейнелейтін түр-түстер.

Көркем мәтінде кейіпкер эмоциясы имплицитті және эксплицитті түрде көрініс табады. Имплицитті мәндегі тілдік бірліктерге эмоцияны атаушы сөздер (ашулану, ренжу, қуану, күлу, мұңаю т.б.) жатады, яғни имплицитті тілдік бірліктерден кейіпкердің сыртқы өзгерістерін анықтау мүмкін емес. Автордың мақсаты да экспрессиядан гөрі ақпарат беруге жақын. Ал эксплицитті компоненттер – керісінше эмоцияның сыртқы белгілерін сипаттап, сол арқылы оқырманның көз алдына кейіпкерді елестететіндей көркемдік қуатқа ие құрылымдар. Мысалы: қызару, қабағын түю, мұрнын шүйіру т.б. Адам өңіндегі мұндай өзгерістер «каузатор-референт-субреферент-рең (түс) – бақылаушы» төрттігіне негізделеді:

Каузатор: референттің немесе субреференттің түсінің өзгеруіне әсер ететін себепті мәтінде имплицитті немесе эксплицитті лексика арқылы білдіретін сөздер;

Референт: әртүрлі каузаторға байланысты өңі өзгертін субъект немесе кейіпкер;

Субреферент: ішкі, сыртқы факторларға байланысты түсі өзгертін дене мүшелері: көз, қол, бет, құлақ т.б.

Рең: эмоцияның әсерінен адамның жүзінде пайда болатын өзгеріс, түс.

Бақылаушы: белгілі бір себепке байланысты өңі өзгерген референттің өзгерісін байқайтын екінші бір субъект [11, 14].

«Абай жолы» романында эмоцияны сипаттауда субреферент қызметін атқаратын «бет» ұғымымен қатар оның алты түрлі синонимі қолданылады.

«Абай жолы» романындағы «бет» лексемасының синонимдері және аудармасы

«Бет» ұғымының синонимдері	Қазақ тіліндегі мысалы	Орыс тіліндегі аудармасы
Бет	Оспан екі беті нарттай жанып, үлкен көздерімен әкесіне шоктай қадалып, сазарып тұрып алды [12, 16].	Лицо мальчика запылало, но он неподвижно застыл перед отцом, сверкая большими глазами [13, 43].
Түс	Түсі суық [12, 17].	От Кунанбая веет холодом [13, 44].
Жүз	Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да... [12, 36].	Божей круто повернулся и взглянул на него. Его лицо было мрачно и сурово [13, 63].
Ажар	Құнанбай шешесінің ажарын сезді де, жуаси түсті. Көзі де шеше көзінен тайқып кетті [12, 167].	Под этим решительным взглядом он сразу сдал и отвел глаз в сторону [13, 178].
Пішін	Майбасар бұл үйге ашулы пішінмен кірді [12, 197].	Майбасар вошел в юрту со злым лицом [13, 201].

Шырай	Қастарына Абай келіп сәлем бергенде, бұл үлкендер бұрынғыдай емес, оң шыраймен амандасты [12, 249].	Когда Абай подошел и отдал сәлем, аксакалы встретили его приветливо, без тени прежней суровости [13, 249].
Өң	Абайдың өңі ақшыл тартып сұрланып, екі көзі қызарып тұр еді [12, 274].	Лицо его было бледно, глаза покраснели [13, 350].

Орыс тіліндегі аударма нұсқасында қазақ тіліндегі жеті лексемаға эквивалентті лексема саны – біреу:

- Бет – лицо;
- Түс – эквиваленті жоқ;
- Жүз – лицо;
- Ажар – взгляд (мәнмәтіндік балама, эквивалент емес);
- Пішін – лицо;
- Шырай – эквиваленті жоқ;
- Өң – лицо.

Бір ғана бет ұғымына қатысты жеті түрлі сөздің болуы, қазақ халқының эмоцияны вербалдауда әр детальға аса мән беретінін көрсетеді. Өң, түс, шырай сынды синонимдерінің колор (түс) ұғымымен мәндес келуі ерекше назар аудартады. Аудармашы аталған жеті лексеманы бірді-екілі тіркес түрінде аударса, мәнмәтіндердің басым бөлігінде мүлдем түсіріп отырған. Мысалы «оң шыраймен» дегенді аударуда «приветливо» деген мағыналас, алайда толық балама бола алмайтын сөзді қолданады.

Нәтижелер. Ақпарат жеткізу, сигнал беру тұрғысынан адамның беті біріншілік, басқа соматизмдер (қол, аяқ, дене т.б.) көбінесе екіншілік қызмет атқарады. Яғни, адамның бет-әлпеті – ол ең басты коммуникация құралы, ол үнемі өзгеріп, құбылып тұрады [3, 28]. Осы ерекшелікті байқаған Огайо университетінің ғалымдары бақыт, қайғы, ашу, жиіркеніш, таңдану, қорқыныш, қуана отырып таңдану, қуана отырып жиіркену, қайғы аралас қорқыныш, қайғы аралас ашу, қайғыра отырып таңдану, қайғыра отырып жиіркену, қорқыныш араласқан ашу, қорқыныш араласқан жиіркеніш, ашулана отырып таңдану, ашулана отырып жиіркену, жиіркену әрі таңдану сынды 18 түрлі эмоцияны көрсететін 184 сурет арқылы әр эмоцияға тән адам өңінің түстерін анықтаған. Анықталған түстерді нейтралды, яғни ешқандай эмоциясыз адамның суретіне қойып, эксперимент қатысушыларына ұсынған. Нәтижесінде Огайо университетінің ғалымдары орталық жүйке жүйесінің жұмысы беттегі қан айналымына әсер ететінін, осы қан айналымындағы өзгерістер арқылы әрбір эмоцияға тән валентті түстердің (адам жүзіндегі эмоцияны білдіретін сигнал-түстер) пайда болатынын анықтап, адамның өңіндегі өзгерістер арқылы (қызару, бозару т.б.) бет бұлшықетінің қатысынсыз да эмоциялардың толық сыртқа шығатынын және оны басқа адамдар бірден танытынын дәлелдеген [14].

Валентті түстер – эмоцияны адам жүзінде бейнелейтін өң өзгерісі. Мысалы ағылшын тілді авторлар шығармада көркемдік бейнені сипаттау кезінде red (қызыл), pink (қызғылт), crimson (қып-қызыл), blue (көк), green (жасыл), pale (бозғылт), white (ақ), yellow (сары) т.б. сынды түс палитрасын қолданады [11, 15]. Ал «Абай жолы» роман-эпопеясында адамның түсі өзгеруіне қатысты мынандай қолданыстар кездеседі: қызару, сұп-сұр болу, сұрлану, құп-қу, көкпеңбек болу, сұрланып ақшыл тарту, қып-қызыл болу, қызғылт тарту, қып-қызыл боп кету, қап-қара боп кету, сұрланып алу, қатты қызару, ақшыл тартып сұрлану, қызара түсу, құп-қу болу, боп-боз болу, қуаң тарту. Байқағанымыздай, романда эмоцияны бейнелеу үшін автор қызыл, сұр, ақ, көк, қара секілді бес валентті түсті және олардың реңктерін пайдаланған:

- Қызыл түске негізделген эмоциялар: қызару, қып-қызыл болу, қызғылт тарту, қып-қызыл боп кету, қатты қызару, қызара түсу;
- Сұр түске негізделген эмоциялар: сұп-сұр болу, сұрлану, ақшыл тартып сұрлану, сұрланып ақшыл тарту, боп-боз болу

- Ақ түске негізделген эмоциялар: құп-қу, құп-қу болу, қуаң тарту;
- Көк түске негізделген эмоциялар: көгеру, көкпеңбек болу;
- Қара түске негізделген эмоциялар: қап-қара боп кету.

Тері реакциялары арқылы кейіпкер эмоциясын бейнелеу – әлем әдебиетінде кең тараған тәсіл. Романда каузатордың, яғни эмоцияның жағымды және жағымсыз семантикасына байланысты, әр эмоцияға сәйкес түс атаулары қолданылған. Түстердің ашық және қоюлығына қарай эмоциялар да күрделеніп отырады. Ашық түстер арқылы қазақ халқы ішкі күйді жеткізсе, қою түстер арқылы күшті эмоцияларды сипаттаған. Мысалы: сұрланып ақшыл тарту, қызғылт тарту, құп-қу болу, боп-боз болу, қуаң тарту, сазару тіркестері кейіпкердің ішкі жан дүниесіне қатты әсер еткен себепке байланысты туындайды. Ал қою түстер, мысалы, көкпеңбек болу, қып-қызыл болу, қап-қара боп кету, қатты қызару деген құрылымдар арқылы эмоцияның күштілігі бейнеленген.

Қызыл түс арқылы эмоцияны бейнелеу. Шығармада эмоцияны бейнелеуде қызыл түстің екі түрлі реңкі қолданылады: қып-қызыл және қызғылт. Ал аударма нұсқада қызыл түске қатысты бір ғана покраснеть етістігі кездеседі. Адам жүзіндегі түстің қою әрі ашықтығы, біріншіден, эмоцияның деңгейін білдірсе, екіншіден, сол эмоцияға сай нейробиологиялық процестің көрсеткіші. Қызару және қызғылт тарту – адам жүзінде әлсін-әлсін пайда болатын өзгеріс. Аудармашы бұл екі қолданысты орыс тіліндегі мағынасы толық сәйкес келетін «покраснев» деген сөзбен аударған. Орыс тілінде сәйкес баламаның болмауынан қып-қызыл боп кету лексемасы ешбір мәнмәтінде аударылмаған.

Қызыл түс арқылы сипатталатын эмоциялар және аудармасы

Ұялу, қысылу мәні	
Ол қысылып қызарғанмен қашып та құтыла алатын емес [12, 10].	Мальчик даже покраснел от смущения, не зная, как быть: то ли сердиться, то ли радостно отвечать на ласку? [13, 38].
Қатты күлу мәні	
Шай құйып отырған Манастың келіншегі, әсіресе, ырза болды білем, қып-қызыл боп, қатты күліп жіберіп, Абайға жалт етіп қарап, тамсанып қойды [12, 138].	Жена Манаса, разливавшая чай, даже причмокнула языком от удовольствия и засмеялась, бросив восхищенный взгляд на Абая [13, 155].
Ашулану мәні	
Абай қып-қызыл боп кетіп, шұғыл ойланып отырып қалды [12, 114].	Абаи вспыхнул [13, 160].

Орыс халқының таным-түсінігінде қызыл түс арқылы адамның «ұялу», қысылу» эмоцияларын білдіреді, ашуға қатысты қолданылмайтыны аңғарылады. Қазақ халқы қызыл түске байланысты үш түрлі эмоцияны бейнелейді:

- Қызару, қызғылт тарту – ұялу, қысылу;
- Қып-қызыл болу 1. – қатты рахаттана күлу;
- Қып-қызыл болу 2. – ашулану

Екі халықтың лексикасындағы бұл ерекшеліктің негізгі себебін Вильгельм фон Гумбольдтың «Тіл – интеллектуалды инстинкт» теориясы арқылы түсіндіруге болады. Ғалым әр халықтың атау беруде өзіне тән интеллектуалды инстинктіне сүйенетін айтады және оны былайша түсіндіреді: «разные языки—это не различные обозначения одного и того же предмета, а разные видения (Ansichten) его ... Путем многообразия языков непосредственно обогащается наше знание о мире и то, что нами познается в этом мире; одновременно расширяется для нас и диапазон человеческого существования» [15, 9]. Гумбольдт тілді ұлтты ұлт етуші бірінші белгі деп есептей келе, «ұлт» деген ұғымның түбінде ұлттық ойлау, қабылдау, бейнелеу ерекшелігі жатқанын атап өтеді. Сол себепті

әр халық бір ұғымды тілінде түрліше вербалдайды, яғни әр халықтың интеллектуалды инстинкті әртүрлі. Ол бірдей болуы мүмкін емес, алайда ұқсас болуы мүмкін. Мысалы колористикалық лексика тұрғысынан қазақ тіліне ағылшын тілдік бірліктері жақынырақ екенін қызыл түстің мысалынан байқауға болады:

- to get/have a red face — ұялғаннан қызарып кету;
- to give some one a red face — біреуді ұялттып, қызарттып жіберу;
- red in the face — қызарып кеткен, ұялған;
- to blush/gored — ұялғаннан қып-қызыл болу;
- to be come red in face — ұялғаннан, ашуланғаннан қып-қызыл болу [16, 204].

Сұр эмоцияны бейнелеуші лексемасы. Шығармада автор кейіпкер эмоциясының көрсеткіші ретінде сұр түсті жиі қолданған. Сұр түске тән эмоциялық бояу – жағымсыз эмоциялар. Сұр бұлттай сұрлану, долы әйелше сұрлану [17, 480] деген теңеулерден де жағымсыз реңкті байқауға болады. Сөздік мағынасына назар аударсақ: Сұрлану (бозару, көгеру, құқылдану). Адамның, көңіл-күйіне байланысты түсі бұзылып, өңінің қашып, солғын тартуы [18, 320].

Орыс халқы үшін де «сұр»-дың символдық мәні жағымсыз семантиканы білдіреді: (серая жизнь, серые будни, серая масса, серый человек, серая публика, серые люди, серый народ [16, 207]. Дегенмен «Абай жолы» романындағы эмоцияны білдіретін сұр түстің аудармада толық эквиваленті жоқ. Аудармашы мәнмәтіндерде сұр түс білдіріп тұрған эмоцияны лакуна ретінде қалдырғанын төмендегі мысалдан көре аламыз.

Оның ажарын сүймей, мойнын сырт қайырып, сұрланып отырған Дәркембай Бөжейдің күлкісін сезіп қап... [12, 72].	Даркембай горячо сказал... [13, 98].
--	--------------------------------------

Бір ғана сұрланудың өзі қазақ танымында екі түрлі эмоцияны білдіреді. Біріншісі – ыза, екіншісі – өмірден түңілу, қайғыру. Сұрлану кезіндегі ыза «ашудан» бөлек. Ашу – ашық формадағы эмоция болса, ыза – жасырын түрдегі эмоция. Сол себепті ашуланған кезде адамның өңіндегі өзгеріс анық байқалады да, ыза кезінде, керісінше, адам өңі қашып кетеді. Екі эмоцияға тән нейробиологиялық ерекшелік – беттегі қан ағымының қалыпты күйінің бұзылуы: ашу кезінде қан ағымы жылдам, белсенді болса; ыза кезінде қан ағымы өте баяу, қалыпты деңгейден төмен болады. Қан айналымындағы екі түрлі қарқын адам өңіне де екі түрлі өзгеріс енгізеді.

Ашу сияқты күшті эмоциялар бет терісінің астына көбірек оттегінің түсуін ынталандырып, оған қызыл реңк беретіні анықталған. Сонымен қатар, оттегінің аз концентрациясынан туындаған басқа эмоциялар теріні бозғылт немесе ақшыл ететінін де ғалымдар дәлелдеген [14, 12]. Нақтырақ айтқанда, ашу және ыза бір-біріне өте жақын эмоциялар болғанымен, олардың екі түрлі эмоция екенін қазақ халқы интеллектуалды инстинкті арқылы дәл анықтаған. Сол себепті ішкі күйдегі өзгерістің көрінісі саналатын сыртқы өзгерісті де тілде дұрыс бейнелеп отырған.

«Абай жолы» романындағы «сұр» лексемасы және аудармасы

Бөжей мұның бетіне қатты сұрланған жүзбен, ажырайып қарады да... [12, 36].	Божей круто повернулся и взглянул на него. Его лицо было мрачно и сурово... [13, 63].
Құнанбай қатты сұрланып алып, түрүлі тұрған есіктен алыстағы көк адырға қадалып отырып... [12, 173].	Кунанбай сидел бледный и сосредоточенно смотрел сквозь открытую дверь на холм, зеленеющий вдали... [13, 183].

Түсі сұрланып, екі танауы желбірей түсіп, тентек көздері жиреніп отын шашып отыр [12, 197].	В мрачном его взгляде горели ненависть и презрение [13, 201].
Үлкен қара көздері аларыңқырап, барлық жүзі сұрланып ақшыл тартыпты. Шеке тамырлары көкшілденіп, әдемі жүзіне уайым көлеңкесі түскен тәрізді [12, 134].	После того как у нее отняли Камшат, она стала задумчивой, побледнела, поблекла; на прекрасное лицо ее легла тень глубокой печали [13, 152].

Аудармашы қолданған «поблденел» лексемасы қазақ тіліндегі сұрланудың екінші бір семантикасына мәндес. Ол – қатты қайғыру, өмірден түңілу мәні. Қызы Кәмшаттан айырылған Айғыздың жүзінің сұрланып ақшыл тартқанын, сол арқылы ішкі эмоциясын аудармашы орыс тіліне сәтті аударып «побледнела, поблекла» деп баламалаған. Шын мәнінде орыс тіліндегі поблденеть, поблекать лексемалары да адамның ішкі күйзелісін көрсетеді. Алайда күйзеліс тым қатты болғанда адамның өңінде қан-сөл қалмайды. Мұндай кезде «сұрланудың» орнына «құп-қу» колористикалық лексемасы қолданылады. Эмоцияның күші грамматикалық жақтан күшейтпелі буын арқылы көрсетілсе, лексикалық жақтан «қу» түсіне негізделген. «Қу» - сұрға қарағанда әлдеқайда ашық, өңсіз түс. Биологиялық тұрғыдан адамның бетіндегі қан айналымының мүлдем тоқтағанын білдіреді. Шығармада «бледен» лексемасы сұр, боз, қу, көк, қара түске қатысты балама ретінде ұсынылған.

«Абай жолы» романындағы эмоцияны бейнелеуші түр-түс атаулары және аудармасы

Негізгі лексема	Түбірі (түс атауы)	Аударма нұсқа	Түбірі (түс атауы)
Сұрлану	Сұр	Побледнеть	Бледный
Түсі құп-қу	Қу	Смертельно бледен	Бледный
Бозарып	Боз	Побледнело	Бледный
Көкпеңбек боп	Көк	Побледнев как смерть	Бледный
Қап-қара болу	Қара	Страшно побледнеть	Бледный

Орыс тілінде бес түрлі эмоцияны бейнелеуде бір ғана сөз қолданылса, қазақ тілінде бес түрлі лексема қолданылған, яғни қазақ халқы адам реңіндегі өзгерістерді тілде дәлірек белгілейтінін байқауға болады.

Көк түс романда екі түрлі эмоцияны бейнелейді. Алғашқысы ашу болса, екіншісі – қатты жылағаннан адам жүзінің көгеріп кетуі.

«Абай жолы» романындағы «көкпеңбек болу» лексемасы және аудармасы

Басында шыр етіп шыңғырса, енді шегі қатып көкпеңбек боп, долдана жылайды [12, 155].	Сперва она плакала громко, навзрыд, взвизгивая, а потом вся посинела, захлебываясь в плаче [13, 168].
--	---

Мысалда кішкентай қараусыз Кәмшаттың зәбір көріп, қатты жылағаны бейнеленген. Көгеруге себеп болған жылау эмоциясы ғана емес, ең бірінші кезекте қатты қорқыныш және ашу. Бірінші сөйлемде айтылғандай Кәмшат «отқа құлай жаздап, әрі шошып, әрі ашуланып булығы жылады». Көкпеңбек болу – жағымсыз эмоцияның шырқау шыңы. Адам жүзіндегі эмоция мен өңінің өзгерісі арасындағы байланысты арнайы бақылаған зерттеушілер К. Nakajima, Т. Minami және S. Nakauchi мынандай қорытындыға келген: «2-экспериментте біз бет әлпеті мен мимика арасындағы байланысқа негізделген үш мимика шарттарын анықтадық: қызыл (ашу, бақыт), көкшіл (қорқыныш, қайғы) және бейтарап» [19, 2]. Яғни көгерудің негізгі каузаторлары – қорқыныш және қайғы-мұңнан туындаған ауыр эмоцияның сыртқа бір демде атылып шығуы. Берілген мәнмәтіндегі

«көкпеңбек боп» сөзін аударуда аудармашы сөзбе-сөз аудару әдісін пайдаланып, «посинела» лексемасын қолданған.

«Абай жолы» романындағы «қап-қара болу» лексемасы және аудармасы

Құнанбай демігіп тыныс алып, қап-қара боп кетті [12, 169].	Кунанбай слушал ответ Божея, опустив глаза. Лицо его страшно побледнело, он часто дышал [13, 180].
--	--

Қара – басқа тілдерде кездесе бермейтін эмоцияны бейнелеуші түстің бірі. Қазақта «қап-қара боп түтігіп кетті» деп те қолданады. Түтігу, адам жүзінің қап-қара болып кетуі биологиялық тұрғыдан ауа жетпегеннен болады. Ауа жетпеуінің негізгі себебі адамның жүрегінің қысылуы болса, оған адамның психологиялық күйі, яғни ашуы қосылған кезде өңі қараяды. Шығарма мәтінінде де автор Құнанбайдың демігіп тыныс алып қиналғанын алдымен атап, артынша өңінің қап-қара боп кеткенін, яғни себебі мен салдарын көрсеткен. Алайда аудармадағы страшно побледнел және часто дышал деген қолданыстар кейіпкердің психологиялық, физиологиялық күйін бейнелеуде түпнұсқаға сәйкес келеді дей алмаймыз. Бұл аудармашының қателігі емес, керісінше, қазақ және орыс халқының эмоцияны танудағы және оны тілде бейнелеудегі екі түрлі көзқарасын, яғни интеллектуалды инстинктінің әртүрлі екенін білдіреді. Эмоция мен тіл арасындағы байланысты тереңінен қарастырған шетелдік зерттеушілер тілдердегі мұндай ерекшелік туралы өз ойларын былайша тұжырымдайды: кейбір тілдердің сөздік қоры басқа тілдердің сөздік қорына қарағанда эмоционалды ұғымдарды білдіруге жақсы бейімделген болуы мүмкін [20, 204]. Тілдегі адам өңін бейнелейтін түстердің атауы көп болған сайын, әр эмоцияға тән дәл реңк анықталғанын білдіреді. Себебі адам реңінің өзгеруіне әсер ететін каузатор-эмоциялардың саны аз емес. Е.В. Родионова өзінің кандидаттық диссертациясында 9 түрлі эмоционалды каузаторды атап өтеді. Олар: ашу, қорқыныш, толқу, қуаныш, қайғыру, қысылу, махаббат, ұялу, реніш [11,6].

Адамның бет-әлпеті – оның дүниетанымы мен әлемді қабылдауының барынша дәл проекциясы. Сол себепті адамның жүзіндегі өзгерістерді жіті бақылау арқылы адамның ойын оқу, ішкі сезімдерін тану, тұлғалық ерекшеліктерін, мінез-құлығын анықтау көптеген психологтар мен педагогтердің, өнер қайраткерлерінің арманы, беттегі әрбір бұлшықет, қан айналымы, ішкі және сыртқы секрециялары арқылы адам ойының, сезімдерінің барлық гаммалары көрініс табады.

Қорытынды. Зерттеуге негіз болған мәселе – «Абай жолы» романындағы адам өңін сипаттаушы колористикалық лексиканы орыс тіліне баламалаудағы қиындықтар. Аудармаларды салыстырмалы талдау барысында анықталған маңызды дерек: шығармада кездесетін эмоцияны бейнелеуші қызыл, қызғылт, қып-қызыл, сұр, боз, көк, көкпеңбек, қу, құп-қу, қап-қара сынды негізгі түстер және олардың реңктері аударма мәтінде красный, бледный және синий сынды үш түс арқылы аударылған. Нәтижесінде эмоциялардың мазмұны, бояуы өзгерген. Баламалаудағы мұндай сәйкессіздік аударма теориясында жиі айтылатын тілдер типологиясының әртүрлі болуына немесе аударылмайтын лексикаға қатысты емес. Себебі адам эмоциясын бейнелейтін түр-түс атаулары – мәдениетпен шектелмейтін, адамзатқа ортақ биологиялық процестің тілдегі көрінісі. Бұлайша барлық ұлтқа тән әмбебап ұғым-түсініктердің, құбылыстардың тілдерде түрліше вербалдануы – тілдердің атау берудегі ерекшеліктері. Ғалым Вильгельм фон Гумбольдт «Тіл – интеллектуалды инстинкт» деген тұжырымында әр халық әлемді өзінің интеллектуалды инстинкті негізінде тілінде бейнелейтінін айтады. Біздің зерттеуімізде аталған тұжырым аударма теориясы тұрғысынан қарастырылды. Қазақ тіліндегі түр-түс атауларының көптігі нейробиологиялық тұрғыдан адам өңінде пайда болатын түстердің көптігіне байланысты екені шетелдік ғалымдардың эксперименталды зерттеулеріне сүйене отырып дәлелденді. Нәтижесінде антропоөзекті парадигма басым бағыт саналатын заманауи

лингвистикада көркем аударманы зерттеудің мақсаты аударма сапасын анықтаумен шектелмей, аудармадағы қиындықтардың себептерін ұлтаралық ерекшеліктер және салааралық зерттеулер арқылы түсіндірудің артықшылығы көрсетілді.

Әдебиеттер

1. Benitez-Quiroz C. F., Srinivasan R., Martinez A. M. Facial color is an efficient mechanism to visually transmit emotion // *Proceedings of the National Academy of Sciences*. – 2018. – Vol. 115. – no. 14. – pp. 3581-3586.
2. Боровикова К.В., Третьякова М.Ф. Прагматический аспект перевода невербальных коммуникативных средств в художественном тексте // *Вестник Нижегородского университета им. Н.И. Лобачевского*. – 2019. – №2. – С. 176–181.
3. Оразгалиева Г.Ш. Некоторые эмоции, отраженные в русских фразеологизмах и их английских соответствиях // *Наука, образование и культура*. – 2020. – №4 (48). – С. 28-35.
4. Петрова Л.И. Человеческое тело и эмоции в контексте лингвокультурологии // *Вестник Псковского государственного университета. Серия: Социально-гуманитарные науки*. – 2007. – №1. – С. 133-144.
5. Royatos F. *Textual Translation and Live Translation: The Total Experience of Nonverbal Communication in Literature, Theatre and Cinema*. – Amsterdam: John Benjamins Publishing Company, 2008. – 365 p.
6. Верещагин Е.М., Костомаров В.Г. *Язык и культура. Лингвострановедение в преподавании русского языка как иностранного*. – М.: Русский язык, 1990. – 234 с.
7. Артемцева Н.Г., Ильясов И.И., Нагибина Н.Л. Портрет: Восприятие человека человеком и искусство передачи мировоззренческой сути художественными средствами // *Вестник Московского университета. Серия 14. Психология*. – 2022. – №4. – С. 39–59. <https://doi.org/10.11621/vsp.2022.04.02>
8. Жоламанова Е.И. Способы передачи эмотивности в русском языке // *Лингвокультура и концептуальное пространство языка: сборник статей*. – 2016. – Вып.10. – С. 424-429.
9. Нуржанова З.М. *Невербальные средства общения: гендерный аспект*. – Алматы, 2005. – 164 с.
10. Kokanova Zh.A., Nabidullin A.S. Cognitive Nature Of Colorative Vocabulary As A Cultural And Linguistic Phenomenon (Comparative Analysis In Kazakh And English Languages // *ҚазҰУ хабаршысы. Филология сериясы*. – 2023. – Vol.4 (192). – pp. 204-213. <https://philart.kaznu.kz> <https://doi.org/10.26577/EJPh.2023.v192.i4.ph19>
11. Родионова Е.В. Языковая актуализация динамики цветообозначения в антропо-когнитивном аспекте (на материале английского языка): филол. канд. автореферат. – Санкт-Петербург: 2007 – 177 с.
12. Әуезов М. Абай жолы. I том. – Алматы: Жазушы, 1989. – 377 б.
13. Ауэзов М. Путь Абая. Роман, т. I. – Алма-Ата: Жазушы, 1977. – 608 с.
14. Alkawaz M.H., Mohamad D., Saba T. The Correlation Between Blood Oxygenation Effects and Human Emotion Towards Facial Skin Colour of Virtual Human // *3D Research Center*. – 2015. – Vol.6 (13). – pp. 1-17. <https://doi.org/10.1007/s13319-015-0044-9>
15. Гумбольдт В. фон Г. *Избранные труды по языкознанию: Пер. с нем. / Общ. ред. Г.В. Рамишвили; Послесл. А.В. Гулыги и В.А. Звегинцева*. – М.: ОАО ИГ «Прогресс», 2000. – 400 с.
16. Оразгалиева Г.Ш. Культурная коннотация цветообозначений у разных народов // *Вестник Карагандинского университета Серия «Филология»*. – 2012. – №4 (68). – С. 202-209.
17. Қоңыров Т. Тұрақты теңеулер сөздігі. – Алматы: Арыс, 2007. – 480 б.
18. Бизақов С., Болғанбаев Ә., Дәулетқұлов Ш. *Қазақ тілінің синонимдер сөздігі*. – Алматы: Арыс, 2005. – 720 б.
19. Nakajima K., Minami T., Nakauchi S. Interaction between facial expression and color // *Sci Rep* 7. – 2017. – Vol.41. – pp. 2-9.
20. Elfenbein H., Ambady N. On the Universality and Cultural Specificity of Emotion Recognition: A Meta-Analysis // *Psychological Bulletin*. – 2002. – Vol. 128(2). – pp. 203-235. <https://doi.org/10.1037/0033-2909.128.2.203>

М.А. ИМАНГАЗИНА

Казахский национальный университет имени аль-Фараби, Алматы, Казахстан

ПЕРЕВОД ЭМОТИВНОГО СОСТОЯНИЯ КОММУНИКАНТА: ФУНКЦИЯ И СЕМАНТИКА ЦВЕТООБОЗНАЧАЮЩИХ ЕДИНИЦ

Аннотация. Невербальные элементы являются дополнительными, неязыковыми средствами общения. В художественном тексте (оригинальном и переводном) он активно используется для описания внутренних переживаний, эмоций персонажа, отношения участников события друг к другу, коммуникативной ситуации. Основной группой невербальных средств, вызывающих трудности при переводе, являются названия цветообозначений, изображающих эмоции. Изменения в цвете кожи человека, которым посвящена статья, являются универсальными явлениями, свойственные всем людям, отражающие внутреннее состояние коммуниканта, внешний вид его физиологического состояния. Основная цель исследования – объяснить причину трудностей перевода, показав антропокогнитивную и нейробиологическую мотивацию цветовой лексики обозначающей эмоцию в романе «Абай жолы».

The value of the article is as follows: 1) nonverbal means related to the customs and traditions of the Kazakh people were identified in communicative acts, and it was confirmed that they possess a dialogical character; 2) nonverbal means with a dialogical nature in Abai's poems were identified; 3) it was determined that nonverbal means related to national attire also establish a dialogical character; 4) a dialogical character is observed through nonverbal means in fairy tale discourse.

The scientific and practical significance of the article lies in the fact that the issues discussed and the results obtained can be utilized in the fields of text studies, discourse, cognitive linguistics, ethnolinguistics, and linguistic cultural studies in Kazakh linguistics, as well as in elective courses.

During the research, methods for structuring dialogical fragments, structural-semantic analysis, communicative-pragmatic analysis, and comprehensive analysis of the text were employed. The sources of the research consist of scientific linguistic works related to nonverbal means and dialogue. Additionally, examples were collected from the traditional system of ethnographic categories, concepts, and terms of the Kazakh people.

Keywords: discourse, dialogic nature, communicative act, nonverbal means, tradition, clothing.

Introduction. Interest in nonverbal communication dates back to ancient times. The great Greek philosopher Plato highly valued the use of body movements. Even Cicero, who lived two thousand years ago, advised orators that all movements of the soul should be enhanced with gestures. It has been proven that conscious humans initially communicated through sign language. Before the spoken language emerged, sign language served as the means of communication for humans.

* The article was written within the framework of the grant research project «the language of political leaders and statesmen: from the leaders of Alashorda in the early twentieth century to independence» (AR14872071) for 2022-2024.

Nonverbal means of communication, one of the ways people interact, have endured for centuries and remain integral to the identity and communication of each ethnic group to this day. During the era of sign language, gesture elements played the primary role while spoken language served as an auxiliary; now, the primary meaning has gradually shifted to spoken language, with gestures playing a supplementary role.

Communication requires nonverbal means that assist verbal interaction, as these means contribute to the message or discourse. An interaction or artistic text is composed not only of verbal communication but also of tones, timbre, and intensity of the voice, movements, gestures, and facial expressions. Each of these elements reveals the purpose of the relationship between the speaker and the listener, facilitating understanding.

Paralinguistics studies nonverbal means. Paralinguistics is: 1) a distinct field of linguistics that examines nonverbal means that provide meaningful information within a spoken message; 2) the unity of nonverbal means involved in spoken communication.

Methodology and research methods. Nonverbal means have been extensively studied in general linguistics. The scholar M.S. Salim categorizes the primary functions of nonverbal means as follows: "Nonverbal communication performs the following functions:

1) Nonverbal means of communication help guide people in different social situations, at the same time regulate their behavior, understand each other and accept social norms.

2) With the help of nonverbal communication, the characteristics of a person's racial and social affiliation, mental, physical and emotional state, attitude to a certain situation or to a certain person, object, as well as information about the psychological climate in the team are transmitted.

3) An important function of nonverbal communication is the exchange of information about individual characteristics between communication subjects, for example, self-esteem, temperament, sociability, etc" [1, 90-95].

Nonverbal communication is conveying of emotions, feelings, and messages through actions and expressions rather than words. In our daily life the Nonverbal communication and the verbal communication go hand in hand. In fact sometimes it's our expressions and body language that expresses our emotions better than words. Nonverbal communication includes those important but unspoken signals that individuals exhibit, specifically: body language (encompassing carriage/posture, appearance, listening, and eye contact), hand gestures, and facial expressions [2, 49].

K. Zhubanov discusses the peculiarity of sign language, stating: «There are other circumstances that can compensate for the occasional inadequacy of spoken words. The deficiencies of spoken words are often supplemented by gestures. Even when people do not understand each other's language or one of them lacks language altogether, it is still possible to manage and understand each other through gestures» [3, 148].

From K. Zhubanov's perspective, it is evident that nonverbal means are an integral part of spoken language, auxiliary components in communication. The scholar not only examines the communicative function of nonverbal means but also analyzes their national and cultural characteristics. He notes that nonverbal means have unique features and systems across different peoples, enabling the identification of various ethnic and psychological traits through these means.

Similarly, the linguist M. Balakaev addresses issues related to nonverbal means in his research. He considers nonverbal means as supplementary actions in speech. He concludes: «... Speech always occurs in a context: intonation, stress, gestures, signs, raising a hand, winking, nodding, speaking with laughter or anger—all these are supplementary actions that accurately convey thoughts but are not always captured in writing» [4, 86].

M. Mukanov, a psychologist, pioneered in studying the national-cultural nonverbal means found in the lifestyle and traditions of the Kazakh people in relation to psychology. The scholar, having collected 28 types of nonverbal means of the Kazakh, classifies them:

- Means of sorrow;

- Means of routine;
- Means of tradition;
- Means of surprise;
- Means of request;
- Means of distinction [5, 110-115].

Every mutual understanding and communication go along with nonverbal means. That is, interlocutors use not only verbal language but also nonverbal, out-of-language factors to communicate. The scholar F. Orazbayeva classifies verbal and nonverbal communication as follows:

- 1) they both serve for connection and interaction between people;
- 2) in both verbal and nonverbal interaction, information is present; nonverbal interaction has conventional data;
- 3) they both open the path to mutual understanding [6].

In recent years, the study of nonverbal means in the context of national language identity has become the focus of attention. During this period, the works of scholars such as K. Qajyghaliev, Zh. Omiraliyev, B. Momyanova, E. Orazaliev, M. Eshimov, S. Beissembayeva, Zh. Nursultanova, and S. Tatubaev have highlighted the significance of nonverbal means in the Kazakh language, emphasizing their role as prominent components of communication.

We used the following methods in the research of the topic: linguistic - analysis method and comparative method.

Discussion and observation. In the dialogues of literary works, nonverbal means are often found, and they fulfill these functions:

- 1) Repeating verbal components:

– Анау алдыңда жатқан жылқының бәрі сенікі, – деді Омар үркердей үйіріліп, азайып қалған жылқыны қамшысымен сілтей көрсетіп.

Осекең тырқылдап күліп, басын қақшаңдата көтерді де:

– Бикеш отырыңыз, ұялмаңыз, – деп қызға орын нұсқады (O.Bokey «Өз отыңды өшірме»(Do not extinguish your light)).

In the given dialogue, the pronoun “анай” (those) and the kinema of pointing is showed, while the second part utilizes the nonverbal mean and the kinema of showing.

- 2) Partly replacing verbal components:

Матвей маған шапшыған қанды көрсетіп:

– Ұртта, балам, Сарқынды атаң секілді жүз жасайсың, – деді. Мен басымды шайқадым, сонсоң, өзі сорғалаған қаннан ұрттап-ұрттап алды да, тісін ақшита күліп бізге қарады (O. Bokey «Қайдасың, қасқа құлыным» (Where are you, my foal)

The given example illustrates that the kinema of shaking one’s head is used instead of “no”.

- 3) Fully replacing verbal components:

Мұса есік жақтағы бадырақ көз жыпылық қара бұжыр жігітке иек қақты. Бұл үйдің әр ым-жымын, қас қақтырмай сезу қадетіне қалыптасып кеткен жігіт сыртқа тұра атылды. Бәтима ымдап шамды өшір дегендей ишпара жасады. Келіні: «О, несі, қараңғы үйде отырамыз ба? Дегендей, дер-сал қалып аңғартқан (O.Bokey «Сарыарқаның жаңбыры» (The rain of Sary-Arka).

In the given extract, the dialogue is carried out solely by nonverbal means.

Through the belletristic dialogues, the kinemas of nodding, shaking one’s head, tilting one’s chin, swinging one’s hand are often found. The kinema of nodding is used when the speaker’s opinion is pleasant and agreeable, for instance:

– Ал, кімнің баласысың шырағым? – деді манағы мосқал әйел, мен тойынып ап, қолымдағы аяқты қайтарған соң:

– Мұқанның баласымын, – дедім мен.

– Кәдімгі Шүкейдің Мұқаны ма, Нұртазаның ауылындағы?

Мен басымды изедім (S. Mukanov «Өмір мектебі” (The school of life))

Tilting one’s chin:

Онда қарақойын Қашырлыға күні бұрын шабарман жіберіп хабарласқан жөн болар, – деді Кенесары.

Қасым иек қақты.

Бұл да табылған ақыл (I. Yesenberlin, «Көшпенділер» (The nomads)).

Apart from being the nonverbal way of saying “no”, the kinema of shaking one’s head is used to demonstrate surprise. Such a meaning is different from saying “no”. To understand it, gestures within the conversation must be considered, and the verbal components used by the interlocutors must be noted. For instance:

Қызық үстінде қызық өссін деуші едім, Әбішім! Менің сенің Мағыш туралы жауабыңа қана алмадым ғой!

Әбдірахмен (басын шайқап): Тағы айттыңыз ба?

Айтамын, қарағым. Не ойлағаның бар? (M. Auezov, Volume 10)

In the works of Abai, nonverbal means are able to convey imagery realistically. Nonverbal means have a high potential for fulfilling certain stylistic functions in the language. Naturally, the potential to achieve stylistic goals is significantly higher when these means are closely motivated by verbal language signs. The conclusion is that nonverbal kinetic signs complement the meaning of verbal information, help to comprehensively reveal the content of the subject of analysis, and determine the role of the linguistic persona in the text.

In Abai’s works, two semantic types of gestures can be observed. These are divided into communicative and symptomatic signs. The former includes the information conveyed intentionally. Such actions are dialogic in nature. For example, the performer of the gesture, or the subject, may nod their head or clench their fist, thus engaging in a dialogue through sign language (agreement, intimidation, etc.) [7, 126].

In the linguistic persona of the poet, actions such as patting on the back or nodding the head indicate that one subject supports, encourages, or agrees with another. For instance:

Мәз болады болысың,

Арқаға ұлық қаққанға, - the «patting on the back by the official» signifies the official’s satisfaction with the governor, while the governor’s delight reveals his inability to conceal his joy at the honor shown to him by the official, expressed through his «beaming smile.» This «dialogue of understanding» between the two continues in this manner. The «patting on the back» serves as a nonverbal sign imbued with pragmatic meaning.

Күштілерім сөз айтса,

Бас ізеймін шыбындап, - in the lines of this poem, the nonverbal sign is the nodding of the head. Through nodding, the character conveys their agreement with and understanding of the opinion of the «powerful one.» The pragmatics of the text intertwines with the semantics of «influence» and «acknowledgment.» Nonverbal means are highly effective for accurately conveying the emotions of the two subjects engaged in communication. These are unique communicative tools that transmit information during interactions.

Nonverbal means rooted in national cultural foundations inherently possess a dialogic character. These means serve as indicators of the national-cultural characteristics of each people. Although nonverbal means are common to all people, each nation has a distinct system of nonverbal means, which varies and is not identical. Researcher A. Seysenova concludes: «Kinemes, being remnants of ancient forms of communication, are markers of the national cultural characteristics of any ethnic group. Hence, the concept of kinesics and the phenomena it encompasses need to be studied as objects of linguistic cultural studies» [8, 120].

Scholar Sh. Mazhitaeva states: «Since communication plays an important role in every person’s life, it is difficult to imagine the world without communication. Both verbal and nonverbal communication have existed and developed among people since the emergence of humanity. Moreover, during communicative interaction, verbal communication is complemented by nonverbal information, forming the foundation of complete communication» [9].

The national dialogic character in nonverbal means is reflected through Kazakh customs, beliefs, and traditions. Nonverbal means, like linguistic methods, are national phenomena.

In a communicative act, the nonverbal means related to the customs and traditions of the Kazakh people are distinguished by their unique artistic perception. For instance, one of the ancient customs of our ancestors is the practice of «біз шаншу» (inserting an awl). This is a nonverbal means indicating a request for betrothal or a diplomatic message. The Kazakh people traditionally welcomed travelers warmly, showing hospitality and seeing them off with respect. Those who came for «biz shanshu» did not speak to anyone or disclose their business. After having their meal, they left silently. Once the guests departed, the hosts would shake out the felt mats. If they found an awl stuck in the felt, they understood without words: «A boy has come of age, a girl has matured, you have a fine lad, and we have a beautiful girl; let's become in-laws.» This demonstrates the presence of a dialogic nature in the custom.

Another example of a national nonverbal act with a dialogic character is «сырға салу» (earring presentation). According to an old tradition, if a family had an unmarried daughter, they would hang an earring on the wall tapestry. Scholar R. Shoibekov describes this custom: «In the past, if a girl was not engaged, it was customary to hang an earring on the wall tapestry, the carpet, or even on the wooden poles of the yurt. A guest or traveler entering the house would see the earring and understand that there was an unmarried girl in the house and that her parents had not yet arranged a marriage for her. This sometimes led to proposals for betrothal» [10, 20-21].

These examples illustrate how nonverbal means rooted in Kazakh traditions convey complex messages and facilitate communication.

In relation to nonverbal acts, an ethnographic detail is found in one of the oldest Kazakh fairy tales, «Er Tostik»: «...I have nine sons, and I am searching for nine brides for them. When I saw the many earrings on the top of the yurt frame, I was thrilled, thinking I had achieved my goal, but when I counted, one was missing, so I am weeping,» said Ernazar.

«Then do not weep; there is one more, over there,» said the wife, taking another earring from the hook on the wooden pole. Thus, Ernazar returns after betrothing his sons to nine girls.

Another method of proposing a marriage is «қамшы іліп кету» (leaving a kamshy) (whip). When a young man visits to see a girl, his mother tells his father, «If my daughter is liked, leave a sign.» The young man's father leaves his kamshy on the wall of the house, indicating, «Let this be the beginning of the betrothal.» Following such a custom, the girl from that house would be known as «үкі таққан қыз» (the girl with the feather). This indicates that the whip, in this tradition, is a sign of betrothal, demonstrating a dialogic nature [11, 101-115].

Another dialogic characteristic in nonverbal acts is seen through the custom of «қамшы тастап» (throwing a kamshy). According to traditional customs and laws, this was a way to indicate one's desire to speak during disputes or discussions. During conflicts or consultations, if a man knelt, folded his whip, and placed it on the ground, it signified a willingness to come to an agreement. The whip has been used since ancient times, and various customs and traditions surrounding it are frequently encountered. Additionally, in the past, entering a house with a folded whip was considered a sign of politeness.

Another nonverbal act involving the whip is «қамшы тастап» (whip throw). When the host was absent, a traveler would leave their whip and go to another house. This nonverbal act signified an intention to return. The Kazakh people never directly asked, «How many children do you have?» Instead, someone knowledgeable would look at the number of whips hanging on the yurt's frame.

Another dialogic aspect of nonverbal acts appears in the Kazakh tradition of «беташар» (unveiling the bride). In the betashar discourse, there is a close connection between the listener and the performer. The interaction between the bride and the performer, and between the bride and the audience, is established not through words but through gestures, i.e., nonverbal communication.

«Ақтылы қойды ақтаған,
Адалы жалқы байлаған,
Осы жанның үлкені!

Атасына бір сәлем! – here the bride's response through gestures, such as nodding and saluting, can be considered a model of national nonverbal communication. One aspect of the dialogic nature of national nonverbal acts is exemplified by serving the head of a sheep to a guest without removing its teeth. This is illustrated in ancient tales as follows:

Once upon a time, there were two friends, Saraman and Karaman. One day, Saraman became upset with his friend but did not express his feelings. One day, Karaman, accompanied by his servant, visited Saraman. Saraman warmly welcomed his friend, concealing his inner feelings. Karaman also embraced him warmly. Saraman slaughtered a large ram in his honor and blessed him. When the meat was served, Karaman noticed that the sheep's teeth were intact. He ate, drank kumis, and happily returned home. On the way, his servant remarked:

«Master, your friend served the head with unbroken teeth. He must be upset with you.»

The rich man was startled and responded, «How could that be? If he was upset, he wouldn't have honored me with the head.»

The servant replied, «My late father used to say that Kazakhs, when upset, never showed it directly. They avoided hurting others' feelings. Instead, they expressed their grievances subtly and indirectly. In Islam, hurting someone's feelings is equivalent to destroying a thousand Kaabas. Therefore, it seems your friend expressed his grievance. An astute guest would understand this hidden message.»

The rich man turned his horse around, offered gifts, and asked for his friend's forgiveness. From then on, removing the teeth of the sheep's head before serving it became a sign of sincere friendship and pure intentions.

Another nonverbal act with dialogic characteristics involves clothing. One can infer a person's social status, gender, age, and ethnic background from their attire. Accordingly, men's and women's clothing, as well as the clothing of young maidens and married women, are categorized differently, including daily and festive attire.

Borik. The Kazakh people highly valued the borik (fur headwear), not just as a piece of clothing but as an ethnic asset. In communication contexts, when asking for forgiveness, one would remove their borik and place it at the feet of the person they sought forgiveness from, using this nonverbal act to convey their apology.

Saukele: The saukele is an elaborate and expensive headdress worn by brides. Covered with luxurious fabrics and adorned with precious stones, the saukele signified the bride's social status and origin. Only the daughters of wealthy and affluent families wore such headdresses. An ethnographic detail illustrates this:

In Kuandyk, Altyn-Karpyk had three sons: Tinäli, Mambet, and Kozy, and from Kozy descended Toka. The rich Toka chose to become in-laws with a wealthy man from the three hordes. They identified a rich man named Baysakal in the Kishi zhuz and sent Saryzhan Tore and fifty men to arrange the marriage. Baysakal sent a saukele among his in-laws, saying, «Everything, including my daughter's head, her horse, her camel, and her dowry, is free of charge. You only need to pay the price of the saukele.» The in-laws, led by Saryzhan Tore, estimated the saukele's value, declaring, «It is worth five hundred baytals (mares). Thus, the bride price for his daughter shall be five hundred horses» [12].

The absence of a saukele was considered a sign of poverty and deprivation at the time.

In the fairy tale discourse, the dialogic nature of nonverbal acts is clearly evident. Here is an example from "Ayaz Bi":


Zhaman is captured by Wali's men, taken to the Khan, and sentenced to death. Then a mysterious person on a white horse, dressed in white with a veiled face, cut the rope, and left a sword across Zhaman's chest before riding away. Regaining consciousness, Zhaman requested to be taken to the Khan. Brought before the Khan, Zhaman revealed:

«When I approached Wali Bai's daughter indirectly, she sent me a plate, a whetstone, a knife, and a diamond. Her message was: 'Until you are ground like the whetstone, broken like the plate, beheaded like the knife, and as resilient as the diamond, you will not reveal the secret.' Thus, I broke the knife, shattered the whetstone, smashed the plate, and split the diamond,

promising not to reveal the secret. That's why I didn't confess earlier. The girl, pitying me, came on a white horse, veiled, cut the rope, and placed the sword across my chest, indicating, 'Do not die innocently for my sake. I have seen your courage. There is no oath on the sword, so take back your vow.' With her permission, I am now telling the truth,» Zhaman concluded [13, 92].

This serves as an excellent example of the dialogic nature of national nonverbal acts. This particular nonverbal act can be termed a symbolic-gesture dialogue.

Results. Dialogue, though natural, poses challenges compared to monologue. It's more than speakers taking turns; it's a communicative setting facilitating interaction. Pragmatically, the listener's etiquette and intention shape their reaction, defining dialogue purposes. These purposes converge to shape dialogue. Our research aimed to identify dialogic nature in national nonverbal means, resulting in the following model:



Scheme 1. The model of the dialogic character in the native nonverbal means

Conclusion. Thus, through our national customs and material culture elements, nonverbal means are performed, embodying dialogical characteristics. Recognizably, the attributed dialogical traits manifest through socially significant gestures. Moreover, in the discourse of folktales and proverbs, national nonverbal actions take their place between the speaker and the listener, shaping the dialogical engagement. This approach characterizes the unique aspect of dialogue in Kazakh culture. National nonverbal actions not only supplement communicative acts with additional information but also convey insights into the communicants' worldview and cultural knowledge.

Literature

1. Mammadzada Sevinj Salim. Verbal and Nonverbal Communication in Linguistics // International Journal of Innovative Technologies in Social Science. Volume 2(38). 2023. P. 90-96. doi: 10.31435/rsglobal_ijitss/30062023/8003
2. Hans A., Hans, E. Kinesics, Haptics and Proxemics: Aspects of Non -Verbal Communication // IOSR Journal Of Humanities And Social Science Ver. IV, 20(2). 2015. P. 47-52.
3. Жұбанов Қ. Қазақ тілі жөніндегі зерттеулер. – Алматы: Ғылым, 1999. – 581 б.
4. Балақаев М. Қазақ тіл білімінің мәселелері. – Алматы: Арыс, 2008. – 648 б.
5. Муканов М. Этнопсихологическая специфика невербальных коммуникативных знаков // Психология. Интеллект и речи. Выпуск 2. – Алматы: Каз.пед.ин-т им.Абая, 2009. -с. 109-117.
6. Оразбаева Ф. Тілдік қатынас: теориясы мен әдістемесі. Оқу құралы. – Алматы: РБК, 2010. – 208 б.
7. Мұратова Г. Абайдың тілдік тұлғасы: фил.ғыл.док.дис. –Алматы, 2009. -303 б.

8. Сейсенова А. Лингвистикалық мәдениеттану: этикет формаларына салыстырмалы талдау: филол.ғыл.канд. дисс. – Алматы: 1998. – 183 б.
9. Mazhitayeva S., Kelmaganbetova A., Ayazbayeva B., Rahymberlina S., Kadyrov Z. The Role of Gestures in Communication // Theory and Practice in Language Studies. – Vol. 13 No. 10 (2023) 2023. – p. 2506–2513. <https://doi.org/10.17507/tpls.1310.09>
10. Шойбеков Р. Қазақ зергерлік өнерінің лексикасы. – Алматы: Қазақстан, 2008. -129 б.
11. Кенжеғалиев С.А., Айтжан Д.К., Калыбекова К.С. Қазақы дәстүрдегі бейвербалды амалдар // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №4 (130). – Б. 101–115. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.09>
12. Көпеев М. Бұрынғы құдалық // Қазақ әдебиеті, 1996, №2. – 12 б.
13. Қазақ және әлем халықтарының ертегілер жинағы. – Алматы: Аруна, 2021. – 240 б.

А.ШОРМАҚОВА

А.Қ.Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институты, Астана, Қазақстан

Т. РАМАЗАНОВ

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Алматы, Қазақстан

А.САДЫҚ

К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университеті, Алматы, Қазақстан

ҰЛТТЫҚ БЕЙВЕРБАЛДЫ АМАЛДАРДАҒЫ ДИАЛОГТЫҚ СИПАТ

Аңдатпа. Мақала ұлттық мәдени негіздегі бейвербалды амалдардағы диалогтық сипатты анықтауға арналған.

Бейвербалды амалдар әр халықтың ұлттық-мәдени ерекшеліктерінің көрсеткіші болып табылады. Бейвербалды амалдар барлық халыққа тән болғанымен, әр ұлттың бейвербалды амалдар жүйесі әр түрлі, бірдей емес. Бұл айырмашылық сол елдің тұрмысының, қоғамдық-әлеуметтік өмірінің, осыған орай халықтың таным-түсінігінің әр түрлілігімен сипатталады.

Мақаланың мақсаты – бейвербалды амалдардағы ұлттық диалогтық сипатты анықтау. Ол үшін бейвербалды амалдар танылатын қазақтың әдет-ғұрпы, ырымы, салт-дәстүрін қарастыру және аталған ұғымға қатысты теориялық еңбектерге шолу жасау авторлардың алдында тұрған міндетті меңзейді.

Мақаланың құндылығы: 1) коммуникативтік актіде қазақ халқының салт-дәстүр, әдет-ғұрпына қатысты бейвербалды амалдар анықталып, диалогтық сипаттың тән екендігі нақтыланды; 2) Абай өлеңдеріндегі диалогтық табиғат иеленген бейвербалды амалдар айқындалды; 3) ұлттық киім-кешекке қатысты бейвербалды амалдар арқылы да диалогтық сипат орнайтыны анықталды. 4) ертегі дискурсындағы бейвербалды амалдар арқылы диалогтық сипат аңғарылады.

Мақаланың ғылыми-практикалық маңызы – мақалада талқыланатын мәселелер мен алынатын нәтижелерді қазақ тілтанымындағы мәгінтану, дискурс, когнитивті лингвистика, этнолингвистика мен лингвомәдениеттану салаларында және элективті курстарда пайдалануға болады.

Зерттеу барысында диалогтық фрагменттерді құрылымдау әдісі, мәтінді құрылымдық-семантикалық, коммуникативті-прагматикалық, кешенді талдау әдісі қолданылды.

Зерттеудің дереккөзін бейвербалды амалдар мен диалогқа қатысты ғылыми тілтанымдық еңбектер құрайды. Сондай-ақ мысалдар қазақтың этнографиялық категориялар, ұғымдар мен атауларының дәстүрлі жүйесінен жиналды.

Түйін сөздер: дискурс, диалогтық сипат, коммуникативті акт, бейвербалды амалдар, салт-дәстүр, киім-кешек

А.Б. ШОРМАҚОВА

Евразийский гуманитарный институт, Астана, Казахстан

Т. РАМАЗАНОВ

Казахский национальный университет имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан

А.САДЫҚ

Университет международного бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан

ДИАЛОГИЧЕСКИЙ ХАРАКТЕР НАЦИОНАЛЬНЫХ НЕВЕРБАЛЬНЫХ СРЕДСТВ

Аннотация. Статья посвящена выявлению диалогического характера в национальных невербальных средствах. Невербальные средства являются показателями национально-культурной особенности каждого народа. Хотя невербальные средства характерны для всего человечества, у каждого народа существует своя собственная система невербальных элементов. Эти различия объясняются уникальными бытом, социальной жизнью и мировоззрением этих народов.

Целью статьи является определение национального диалогического характера в невербальных средствах. С этой целью исследуются казахские обычаи, привычки и традиции, лежащие в основе невербальных средств, а также рассматриваются теоретические работы, связанные с упомянутым феноменом.

Ценность статьи заключается в следующем: 1) в коммуникативных актах были выявлены невербальные средства, связанные с обычаями и традициями казахского народа, и подтверждено, что они обладают диалогическим характером; 2) были выявлены невербальные средства с диалогическим характером в стихах Абая; 3) установлено, что невербальные средства, связанные с национальной одеждой, также создают диалогический характер; 4) диалогический характер наблюдается через невербальные средства в дискурсе сказок.

Научная и практическая значимость статьи заключается в том, что обсуждаемые вопросы и полученные результаты могут быть использованы в областях текстологии, дискурса, когнитивной лингвистики, этнолингвистики и лингвокультурологии в казахской лингвистике, а также в элективных курсах.

В ходе исследования использовались методы структурирования диалогических фрагментов, структурно-семантический анализ, коммуникативно-прагматический анализ и комплексный анализ текста. Источниками исследования являются научные лингвистические работы, связанные с невербальными средствами и диалогом. Кроме того, были собраны примеры из традиционной системы этнографических категорий, концептов и терминов казахского народа.

Ключевые слова: дискурс, диалогический характер, коммуникативный акт, невербальные средства, традиция, одежда.

References

1. Mammadzada Sevinj Salim. Verbal and Nonverbal Communication in Linguistics // International Journal of Innovative Technologies in Social Science. Volume 2(38). 2023. p. 90-96. doi: 10.31435/rsglobal_ijitss/30062023/8003
2. Hans A., Hans, E. Kinesics, Haptics and Proxemics: Aspects of Non -Verbal Communication // IOSR Journal Of Humanities And Social Science Ver. IV, 20(2). 2015. p. 47–52.
3. Jūbanov Q. Qazaq tılı jönündegi zertteuler [Studies of Kazakh language]. – Алматы: Ćylym, 1999. - 581 b.
4. Balaqaeв M. Qazaq tıl bılımunıñ мәseleleri [Issues of Kazakh linguistics]. – Алматы: Arys, 2008. – 648 b.
5. Mukanov M. Etnopsihologicheskaiа spеsifika neverbälnyh komunikativnyh znakov [Encyclopedic specificity of nonverbal communicative signs] // Psihologia. İntelekt i rechi. Vypusk 2. – Алматы: Kaz.ped.in-tim.Abaia, 2009. -s. 109-117.
6. Orazbaeva F. Tıldık qatynas: teoriyası men әdistemesi. Oqu qūraly [Linguistic interaction: theory and methodology. A study guide]. – Алматы: RBK, 2010. – 208 b.

7. Mūratova G. Abaidyñ tıldık tūlǵasy: fil.ǵyl.dok.dis [The linguistic world of Abai: dissertation for obtaining the degree of philology doctor]. –Almaty, 2009. – 303 b.
8. Seisenova A. Lingvistikalıyq mādeniettanu: etiket formalaryna salıstıymaly taldau: filol.ǵyl. kand. diss [Linguistic culturology: comparative analysis of etiquette forms]. – Almaty: 1998. – 183 b.
9. Mazhitayeva S., Kelmaganbetova A., Ayazbayeva B., Rahymberlina S., Kadyrov Z. The Role of Gestures in Communication // Theory and Practice in Language Studies. – Vol. 13 No. 10 (2023) 2023. – p. 2506–2513. <https://doi.org/10.17507/tpls.1310.09>
10. Şoibekov R. Qazaq zergerlik öneriñ leksikasy [The vocabulary of Kazakh jewelry art]. – Almaty: Qazaqstan, 2008. – 129 b.
11. Kenjegaliev S.A., Aitjan D.K., Kalybekova K.S. Qazaq dasturdegi beiverbaldy amaldar [Nonverbal Actions in the Kazakh Tradition]. Iasauı universitetinin habarshysy. – 2023. – №4 (130). – B. 101–115. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.09> .
12. Köpeev M. Būryñgy qūdalyq [Old-time kudalyk] // Qazaq ädebieti, 1996, №2. – 12 b.
13. Qazaq jāne älem halyqtarynyñ ertegiler jınaǵy [A collection of Kazakh and world folktales]. – Almaty: Aruna, 2021. – 240 p.

Авторлар туралы мәліметтер:

Шормақова Айжан Ботанқызы – педагогика ғылымдарының кандидаты, Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан

Шормакова Айжан Ботановна – кандидат педагогических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусайнова, Астана, Казахста

Shormakova Aizhan Botanovna – candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor of the Eurasian Humanitarian Institute, Astana, Kazakhstan

Рамазанов Талғат Бекболатұлы – әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университетінің докторанты, Алматы, Қазақстан

Рамазанов Талғат Бекбулатович – докторант Казахского национального университета имени Аль-Фараби, Алматы, Казахстан.

Ramazanov Talgat Bekbolatovich – doctoral student of Al-Farabi Kazakh National University, Almaty, Kazakhstan.

Садық Айнагул Мақсатқызы – магистр, К.Сағадиев атындағы Халықаралық бизнес университетінің оқытушысы, Алматы, Қазақстан

Садық Айнагул Максатовна – магистр, преподаватель Университета международного бизнеса имени К. Сагадиева, Алматы, Казахстан

Sadyk Ainagul Maksatovna – Master’s degree, Lecturer at K. Sagadiev University of International Business, Almaty, Kazakhstan

А.А. АКБУЛАТОВ¹ 

З.Ж. МУТИЕВ² 

*Н.М. ТУКЕШОВА³ 

Махамбет Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан университеті, Орал, Қазақстан^{1,2,3}
(e-mail: aidarbek_akbulat@mail.ru¹, zinulla_mutiev@mail.ru², tukeshova_nurgul@mail.ru³)

*МАҚСҰТ НЕТАЛИЕВ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ЗАМАН, ҚОҒАМ, УАҚЫТТЫҢ» КӨРКЕМ СУРЕТТЕРІ

Аңдатпа. Мақалада ақын Мақсұт Неталиев поэзиясындағы «атамекен», «туған жер» ұғымдары мен табиғат суреттерін жырлаудағы ерекшеліктері талданады. Қазақ поэзиясындағы ақынның алатын орны туралы жазылған әдеби сын материалдарға және поэзияның теориялық мәселелеріне қатысты теориялық еңбектерге шолу жасалып, ақын поэзиясындағы өзіндік стильдік ерекшеліктері қарастырылады. Ақынның табиғат құбылысын суреттеу шеберлігі және ырғақ пен әуез үйлесімділігіне назар аударылады.

Ақынның табиғат пен адамды суреттеудегі философиялық ойлары, атамекен және туған жер ұғымдарымен байланысты сағыныш, мұң және қуаныш, үміт сынды ұғымдардың поэзия әлемімен тұтастығына талдау жасалады. Ақын поэзиясындағы заман, адам, атамекен ұғымдарының тығыз бірлікте жырлануына мән беріледі. Кеңестік цензура, идеологияның ақын поэзиясына тигізген әсері мен тәуелсіздік, нарықтық қатынастар суреттерінің ақын поэзиясында орын алуы, егемендік бейнесінің поэзия тілімен өрнектелуіне тоқталады.

Мақаланың міндеті әдеби өлкетану жобасы аясында М. Неталиев поэзиялық мұрасына шолу жасау, ақынның атамекен, туған жер концептілері мен табиғат құбылыстарын суреттеудегі көркемдік-эстетикалық дүниетаным табиғатын ашу, қазіргі әдебиеттану ғылымы тұрғысынан бағалау.

Мақаланың ғылыми-практикалық мәні мен құндылығына М. Неталиев поэзиясын әдеби өлкетану жобасы аясында қазақ поэзиясының өткені мен бүгінгі тұрғысынан сараптау, әдеби өлкетану мәселелеріне қатысты жаңаша зерттеулер жүргізуді айтуға болады.

Түйін сөздер: қазақ поэзиясы, атамекен, туған жер ұғымдары, табиғат суреттері, заман, қоғам, уақыт.

Кіріспе. Жалпыадамзаттық құндылықтар қатарынан ойып тұрып орын алар қазақ поэзиясы – ұлттық рухани кемелділіктің ғана емес, ұлттық адами болмыстың да өредеңгейі, шынайы көрсеткіші. Қазақ поэзиясы – қазақ рухының көрінісі. Рух – поэзия үшін мәңгілік мұрат [1, 8]. Ақындар поэзиясындағы ұлттық рух көрнісі оның ана тілінде жатырса, ұлттық құндылықтардың негізгі тіні туған жер, атамекен ұғымдарымен тығыз байланысты. Сондықтан да ақындар поэзиясында туған жер және атамекен концептілерінің ерекше көрінісі, ең алдымен, оның ұлттық рухының қайнары десек, артық болмас.

Осы рухани игілік – поэзияны жасаушы, артына мол мұра қалдырған ақындардың бірі – ақын Мақсұт Неталиев. Ақын, шежіреші, журналист, аудармашы Мақсұт Неталиевтың

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР19676441 «Жайық-Каспий өңірі ақын-жазушыларының әдеби мұрасы мен қазіргі дәуірдегі қазақ әдебиеті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

әдебиеттегі алғашқы қадамы «Жырлайды гүлдер» (1966) алғашқы жыр жинағынан басталады. Содан кейінгі уақыттарда жиырмадан астам жыр кітаптары, аудармалары, көркемсөз кітаптары оқырмандар қолына тиген. Өлеңдері бұрынғы Кеңестер Одағы халықтарының неміс, поляк, орыс, болгар, румын, чех, т.б. тіліне аударылып, жекелеген ұжымдық және арнаулы жинақтарға да енген. Ол проза саласында да қалам тербеген. Очерктері «Үлкен жолдың үстінде» деген атпен 1978 жарық көреді [2, 294].

Ақынның поэзиясындағы атамекен, туған жер сынды ұғымдардың тереңдігі, поэзиядағы табиғат пен адамды жырлаудағы өзіндік шеберлігі дара қолтаңбасын көрсетеді. Мақаламыздың барысында осы мәселелер кеңінен талданады.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Мақаланы зерттеу барысында ақын М.Неталиевтің әр жылдары шыққан жинақтары басшылыққа алынды. Поэзияны кешенді талдау, жинақтау, салыстыру, структуралық әдістер басты назарда ұсталды.

Әдістеме ретінде Мақсұт Неталиев поэзиясын, оның ақындық-азаматтық тұлғасы туралы алдыңғы толқын аға буын мен замандастары Ғафу Қайырбеков, Хамит Ерғалиев, Сырбай Мәуленов, т.б. пікірлеріндегі тұжымдарға көңіл бөлінді.

Қазақ әдебиеттану ғылымында поэзияны зерттеу А.Байтұсыновтан бастау алатыны мәлім. Сондай-ақ З. Ахметов, З. Қабдолов, С. Қирабаев, Б. Майтанов, Б. Әбдіғазиев, Ө. Күмісбаев, Т. Тебегенов, Ш. Рамазанова, А. Қалиева, т.б. теориялық мәселелерін зерттеген іргелі еңбектердің мәні зор. Мақаланың әдіснамалық негізіне жоғарыда аталған еңбектердегі ғылыми ой-тұжырымдары негіз болды.

Ақын шығармашылығын зерттеу барысында, оның ақындық қырын үш түрлі бағытта қарастыру маңызды екенін байқадық. Ең бірінші, ақынның лирикалық өлеңдері, екінші балалар әдебиетіне, поэзиясына қосқан үлесі. Себебі, оның кейбір өлеңдері бастауыш сынып оқулықтарына енген. Сондықтан арнаулы тоқталуды қажет етеді. Ал, үшінші сала оның кең құлашты эпик ақын ретінде қазақ поэзиясындағы поэма жанрын дамытуға қосқан үлесі. Міне, осы үш тұғырды мұқият зерделесек, ақынның поэтикалық қуаты, ақынның тұғыры һәм шеберлік қырлары ашыла түседі.

Талқылау мен бақылау. Ақынның поэзиясын зерттеу барысында байқалатын ерекшелік оның табиғаттың кез-келген құбылысын суреттеу шеберлігі және ырғақ пен әуез үні сезілетіндей жарасымды ішкі гармония көрініс тауып отырады. Бұл туралы ақын Ғ.Қайырбеков «Өмір-өлең дариясында» атты кітаптың алғы сөзінде: «Мақсұт өлеңдері кібіртіксіз, біркелкі, әуенді, музыкалы. Мен 1988 жылғы поэзия деген баяндамада Мақсұттың табиғатты көру көзі жақсы деген пікір айтқанмын. Сол жылғы кітабында да, сөз етіп отырған осы үлкен жинағында да көзге бірден түсетін осы табиғат жырлары» [3, 5], - деген пікірі біздің де тұжырымызды растай түседі. «Құйын», «Бұлаққа қарап тұрып», «Түнгі Алматы», «Түнгі ой», «Жел», «Қара бұлт», «Көл суреті», «Ақ қайың», «Алатау», «Кешкі теңіз», «Табиғат құбылысы», «Түнде» т.б. өлеңдерінде жансыз табиғат құбылыстарын тірілкен ақын кейіптеудің небір шұрайын поэзиясында қолданған. Мысалы:

Алатау кеуде керіп ұйықтап жатыр,
Сол түнді бауырына басып алып [3, 16].
Жел-жігіт тау қойнауын тасаланып,
Үкілі – ұлпа қарды қашады алып...
Қызығын көре-көре осылардың –
Кетіпті Алатаудың, шашы ағарып [3, 16].
Сыртынан мақта-бұлттың сығалайды,
Өзінің көлеңкесін Ай қызғанып... [3, 15]
Қоңыр бұл керуені қонақтайды,
Алатау қойнауына кіріп алып... [3, 51]
Құйын жүр жүйткіп, асаудай басып қақшаңдап.
Қара бұлт жылап, қамығып бетін басады [3, 51].

Ақынның поэзиядағы осы қасиетін, яғни табиғат құбылыстарын суреттеудегі ерекше тапқырлығын аңғарған ақын Хамит Ерғалиев те «Биші қайың» [4, 4] өлеңінің туы тарихынмен байланыстырып, жоғары бағалайды.

«Құйын» өлеңінде ақын табиғат құбылысы мен адам мінезін параллельді алып суреттейді және өзін сол құйын мінезден сақтандырады. «Ақ дауыл – ала шұнақ» табиғат құбылысы құйынды кейіптеу арқылы адам мінезіндегі құбылмалы мінезді ашуға тырысса керек және «көрінгенді құйын болып нағашылайтын» құбылмалы адамдарға таңырқап қарап, бұдан өзінің лирикалық қаһарманының бойын аулақ салуды қалайды:

Үйреткен бе осылай секеңде деп,
Қайда барып бұл байғұс мекендемек?
Ұшып-қонған мінезден мен де қорқам,
«Құтырылған құйын боп, кетем бе?!» – деп [3, 11].

Жалпы қазақ поэзиясында табиғат лирикасының жырлану ерекшеліктері хақында көп айтуға болады. Мысалы, ақын Жұбан Молдағалиев шығармашылығында аталған тақырыпты қалай игергені туралы зерттеуші ғалымдар былай дейді: «Туған жер мен оның табиғатын қатар алып жырлау - Жұбан поэзиясының, ақындығының бір белесі. Алып Отанының қай бөлшегін алып жырласа да ақын табиғаттың жергілікті ерекшеліктерін көз қырынан таса қалдырмай, оны көзге түскен қалпында бейнелеп көрсетеді. Мәселен, «Торғай таңы» өлеңінде Сарыарқаның төсінде көсіле, жайыла орналасқан Торғай өлкесінің таңғы ғажайыптарын ешбір боямасыз, табиғатының жаратылыс құбылысына сызат түсірмей көз көрген кейпінде өлеңге айналдырған» [5, 113].

М. Неталиев өлеңдерін оқығанда, ақынның лирикалық мені поэзияға жоғары талаптар қоятыны байқалады. Өзі айтқандай «шикіл өлең» [3, 10] жазбау, көркемдік қуатты поэзия туғызуды ақын әуел бастан өзіне басты мақсат етіп қойса керек. «Сырласу» өлеңінде ақын:

«Қаншама маңдай терімді төксем-дағы»

Шығатыны баяғы – шикіл өлең... [3, 10], – дейді. Бұл жерде ақынды өлең жаза алмайтын талантсыз деп сөгуге болмас, ақынның лирикалық кейіпкері жүректің мөлдір кестесін, шынайы поэзияны қаласа керек және өзіне қойылған қатаң талаптың үдесінен шығу мақсатын көреміз. Бұны ақынның «Өлең жайлы өлең немесе кейбір жас ақындарға наз» өлеңінен анық көреміз. Мысалы:

Шөп те – өлең...
Шөңге де – өлең...
Өлең де – өлең...
Жазбасам, осы өлеңді,
Өлем бе мен?!

Өлмеймін!
Өлмеу үшін жазам кейде,
Жазғанын біреулердің
Көрем де мен!

Жазайын қысқа, мейлі,
Көлемді өлең,
Кезім жоқ сол биіктен –
Төмендеген!
Арманым – дақ түсірмей өтсем деймін,
Киелі, «Сөз патшасы –
Өлеңге!» мен!? – дейді.

Ал, ақынның «Бер маған!» өлеңінде жоғарыда айтылған лирикалық қаһарманның ішкі жан әлімін толықтай тани түсеміз. «Сәбидің шаттығын», «қыздардың күлкисін», «жігіттің жігерін», «ананың мерейін», «табиғаттың көктемін», «күннің отты лебін», «батырдың тұлғасын», «бұлбұлдың үнін» бер маған деген ақынның ішкі мінез характерінде өлеңді өмірім деп түсінген терең ойлардың, ақылды поэзияның буырқанған күйі жатыр. Осы өлеңнің шешуші түйініндегі сұңқардың самғауы мен тұлпардың шабысын тілеуі, әрине поэзиядағы биік мақсаттардың тілегін аңғартса керек.

Бер маған сұңқардың ағысын,
Бер маған тұлпардың шабысын,
Осылар керек-ақ Ар үшін! –
Деп кейде сұрайды намысым... [3, 12].

Ақын өлеңдерінде «сағыныш» - өткен мекен шақ, жастыққа лирикалық шегіністер жасау арқылы көрініп отырады.

Арғы, бергі тарихқа көз жүгіртсек, «сағыныш» концептісі қазақ әдебиетінің өткен дәуірінен бері желі тартып келе жатқан әдеби деталь қасиетін иеленген құбылыс. Мәселен, ХХ ғасырдың басында өзінің саяси лирикасымен танылған Көдек Байшығанұлы жырларындағы «сағыныш» концептісі оның өмір сүрген заманына, дәуіріне сай туындағаны анық. Ол туралы: «Ақынның өмірі өлеңсіз өтпеген. Өмірінің соңына дейін қолынан қаламы түспеген. Осы жылы бірнеше өлең жазған екен. Соның бірінде былай дейді:

Қырандай көкке өрледім, атымды елім,
Еркелетіп «Көке» деп қойып еді.
Өз мекенін аңсаған аққудайын
Осы жағдай түсім бе өңім бе еді?
Кеселім күннен күнге барады өрлеп,
Шипа қонып, дерт кейін шегінбеді...
Үш ай жаз сайран салып күзде қайтқан,
Жаз құсы сияқтымын өңірдегі.
Тозған торғай секілді жайым мынау
Көре алмай кетіп барам жерімді енді!

Туған жерін кете алмай кету аһ ұрған арманға айналған. Көкіректегі сағыныш пен өкінішті тебірене толғайды. Басындағы мұң-шерін шерте отырып, ел-жұртының қайғы-қасіретін жеткізеді...» [6, 163] – деп жазады әдебиет зерттеушілері. Әрине ол дәуірдегі сағыныш, аңсау, зарыға армандау сезімдері сол кезеңнің бедер-белесіне орай туындап отырғаны анық.

Ал М.Неталиев поэзиясында да жастық алау сезімді өткерген махаббат, мәңгілік достық ұғымдары сынды жастық максимализмге тән сезім күйлерді бастан өткеру де байқалады. Бірақ мәңгілік ештеңе жоқ, тек сағыныш қана адамның жүрегінде қалатыны ақиқат. Ақынның «Достарыма хат», «Сағыныш» өлеңдерінде осы өткен шақтың жылы естеліктері жатыр.

«Сағыныш» атты өлеңде жастық пен мастық, махаббат сезімдерін басынан өткізген лирикалық кейіпкердің пәк, тазалық әлемі оқырманның жалпы меніне ұласып жататын аңғартады.

Жоқ, біздер шын сүйдік те
Ұмытпадық,
Ұйықтасақ, түсімізде бір ұйықтадық.
Таң ата жасыл баққа бірге кірдік,
Кәдімгі өңіміздей, күліп барып...

Жылдар-ай!
Жыл соңынан алып үшқан
Кешір сен,
Жаңсақ басып,
Жаңылыссам?!

...Тегінде сезбейміз-ау
Бұл пенденің –
Жалғыз-ақ жаралғанын
Сағыныштан [4, 13]?!

Міне, аталған өлеңде де «сағыныш» концептісі - ақынның өткені мен бүгінін байланыстырушы ұғым. Бірақ ақынның лирикалық мені бүгінгі жас ақындар поэзиясындағыдай күйреуік, махаббаттан баз кешкен жылаңқы күй танытпайды. Сабырлы қалып, өмір заңдылығы, сағыныш өмір сүруге жетелейтін бір тылсым күш тәрізді бағаланады.

Қалам ұстанған әрбір ақын не жазушының темір қазықтай айналып өтуі мүмкін емес, шығармашылығының өне бойында желі тартып жататын тамыр, ол – атамекен, туған топырағы. Ол махаббатты, ол жастықты, нені жырласа да, ақындар поэзиясында көзге көрінбейтін, рухани нәзік бүркемеленген, кейде ашық түрде туған жер, атамекенін жырлау бой көрсетіп отырады. Осындай сезім күйі Мақсұт Неталиев поэзиясында да ерекше мен мұңдалап тұрады. Мысалы бір ғана шумақтан тұратын өлеңінде қаншама сағыныш, қаншама мұң жатыр.

Сағындым!
Үндерін әр қыз бен әр ұлдың...
Сағындым!
Гүлдерін ақ мамық – шағылдың...
Сағындым!
Түндерін тұңғиық –
Нарынның...
Мен бәріңді
Сағындым [4, 64]!

Атырау өлкесі, Нарын құмы мен Каспидің асау толқындары, оның жұмбақ сырлары ақынның поэзиясына ерекше шабыт бергені анық. Өзге жерлердегідей тау жоқ болса да, құм мен теңіз табиғаты, жазық далада қырандай самғап ұшқан ақын - поэзиясында лирикалық, эпикалық кең құлаш сермейтін талант иесі. Бұлардың бәрі ақынға шабыт сыйлайды.

Каспидің ақ толқынын есіме алсам,
Менің де көкірегімде толқиды өлең?! дейді [4, 18].

Қазақ ақындары үшін де қашанда туған жердің орны ерекше. Сахара суретін салмаған, қыр қызығын жазбаған ақын жоқ. Олардың әрқайсысының өз орны бар. Әр адамның туған жері, атамекеніне деген ыстық ықыласы одан алыстаған сайын сағыныш сазына ұласып, жүрек түбіне орнығады [7, 12].

Әрбір ақынның өзі өмір сүрген дәуірінің қоғамдық құрылысынан айналып өте алмауын, бүгінгі күн тұрғысынан сынау оңай, бірақ ақындар сол замандағы уақыт шындығын жыралай отырып та кейбір құбылыстарға сын көзбен, астарлы символикамен қараған. Мысалы, «Заманым неткен арайлы?» өлеңінің түйінін ақын былай аяқтаған.

Заманым неткен арайлы,
Арайлап мен де
Күлмес ем, -
Күлімдеп өзі қарайды...
Қарайды күліп Күн көсем!

Міне, бұл өлеңдері – ақынның 1960-65 жылдары жазылған «Жырлайды гүлдер» жинағына енген өлеңдерінің бірі. Ол кездегі саяси-қоғамдық өмірде Күн көсем ретінде Лениннің бейнесі ұғынылса, ақынның бұл өлең шумағында екі түрлі мән мағына үстеуге тырысқандай.

Ал, кейбір жайттарды шаттана жырлау мен кейбір тұстарда қарабайыр дүрсінге салыну да байқалмай қалмайды. Сондай үрдіс Мақсұт Неталиев поэзиясында көрінеді. Ол өз заманындағы өндірісті, өндірістің жетістігін, жұмысшылар мен шопандарды жырлауынан сол уақыттың саяси табы мен тақырыбының лебінен байқаймыз. Мысалы, «Тарас пен Қазақ», «Бұрғышылар», «Мұнайшы қыз», «Балықшылар», «Баламмен әңгіме», «Шопан сыры» т.б. өлеңдерінде кеңестік кезеңдегі идеологияның іздері анық байқалады.

«Бұрғышылар» өлеңінде:

Жалықпастан зерттейді әр төбені,
Жер астында бұлардың бар керегі...
Жердің сырын жеті қат білетұғын,
Бұрғышылар – адам ғой мәртебелі?!

Мекені жоқ мұнайсыз бұл араның
Бұрғышылар кезеді қыр алабын...
Маңдай тері солардың –
Бұрқақ болып,
Төбесіне шапшиды Мұнараның?!

Міне, жоғарыдағы аталған өлеңінде ақын Атырау сынды мұнайлы өлкесінің өндіріс ошақтарын, өлкенің жаңғыру, жаңару сипатын, индустрия ошақтарының ортасындағы қарапайым жұмысшы, бұрғышы, мұнайшылардың адал еңбегінің құдыретін жырға қосады. Ақынның өзі таныған әлемінде өлкенің тыныс-тіршілігін жырлау оның әрбір кітаптарында үзілмес желі ретінде жалғасып отырады. Мысалы, «Балықшылар» өлеңінде Атырау өлкесінің екінші байлығын, оны кәсіп етіп халық игілігіне асырып отырған балықшыларға да сүйсіне қарап жырға қосады.

Адам емес мақтаншақ, даңққұмар
Шыңдығы сол – қажымас алып бұлар!
Дүлейменен алысып көк теңізде
Балық аулап жүр біздің
Балықшылар!..

Жоғарыда мысалға келтірген екі өлеңінде де ақын Атырау сынды құтты өлкенің табиғат байлықтары мен ұлт қазынасын жырлап, оны халықтың игілігі жаратып отырған қарапайым еңбек адамдарының жақсылығын жырлау өзінің перзенттік парызындай түсініп, адал еңбек елдің ертеңгі болашағы деп, ертеңгі күнге сүйсіне қарайды.

Мысалы, «Қол құдіреті» атты өлеңі сол кездегі советтік өмірді асыра мақтау, дәріптеу екенін көрініп тұр. Бірақ ақынның сол замандағы көрген жақсылығы болған соң бұлай жазуы да заңдылық шығар, сондықтан да жоққа шығара алмаймыз.

Сом балға – құрыш-ай,
Қол деген
Тайынсын, ендеше, ел неден?!
Қашанда мен оған жол берем,
Авторы приходят к выводу, что в условиях новой парадигмы сознания современные литературные сказки Казахстана демонстрируют деконструкцию традиционных негативных иерархий через интеграцию экологической чувствительности и антивластного дискурса. Эти категории подчеркивают смещение от объектной парадигмы к субъектной, что означает переход от рассмотрения природы и людей как объектов эксплуатации к признанию их активными субъектами бытия. Таким образом, казахстанская литературная сказка, актуализируя дискурс «Другого», вносит значительный вклад в формирование современной аксиологической картины мира, способствуя критическому переосмыслению негативных иерархий. Это позволяет выявить и преодолеть различные формы угнетения и неравенства, что способствует созданию справедливого и инклюзивного общества.

Ключевые слова: литературная сказка, аксиология, категория «Другого», инициация, постмодернизм

References

1. Vipulis I.V. Arkhaicheskie initsiatsii i neofitsial'nye posviashcheniia v sovremennosti // Vestnik Moskovskogo gosudarstvennogo universiteta kul'tury i iskusstv. – 2017. – №5 (79). – S. 129-137.
2. Livadas S. The Ethics of Otherness: An Inquiry into the Philosophical Foundations. Philosophical Inquiries. – Pisa: Edizioni ETS, 2023. – Vol. 11 No. 2. – pp. 45-60.
3. Al-Aadili N.M., Abdzaid D.M. Otherness and the Self: A Dialectical Approach. Linguistic and Philosophical Investigations. – Bikaner: Auricle Global Society of Education and Research, 2023. – Vol. 23 No. 1s. – pp. 35-48.
4. Lacan J. Écrits: A Selection. – New York: W.W. Norton & Company, 2006. – 376 p.
5. Spivak G. Can the Subaltern Speak? // Marxism and the Interpretation of Culture. – Urbana: University of Illinois Press, 2010. – pp. 271-313.

6. Beauvoir S. de. *The Second Sex*. – New York: Vintage Books, 2011. – 800 p.
7. Lovelock J.E. *The Revenge of Gaia: Earth's Climate Crisis and the Fate of Humanity*. – New York: Basic Books, 2019. ISBN: 978-0465041688.
8. Zhanysbekova E.T. *Mifologicheskie obrazy i motivy v sovremennoï kazakhstanskoï proze*. – Almaty: Kazakhskij natsional'nyj pedagogicheskij universitet imeni Abaia, 2018. – Dissertatsiya na soiskanie stepeni doktora filosofii (PhD) po spetsial'nosti 6D020500 – Filologiya. – 161 s.
9. Momyshtuly B., Serebrianskij Yu. *Chernaia Zvezda*. – Almaty: Knizhnyj klub, 2019. – 256 s.
10. Alimzhanov B. *Mal'chik, pobedivshii Dzhalmouz (sbornik)*. – Almaty: Zhazushy, 2016. – 50 s.
11. Mukitanova D. *Kak doch' Umai pobedila Uzhas // Daktil'*. – 2022. – №37 (oktiabr'). URL: <https://daktilmag.kz/37/children/damina-mukitanova/kak-doch-umay-pobedila-uzhas/485> (date accessed: 27.01.2024).
12. Foucault M. *Discipline and Punish: The Birth of the Prison*. – New York: Pantheon Books, 2012. – 352 p.
13. Serebrianskij Yu.Yu. *Kazakhstanskije skazki*. – Almaty: Aruna, 2017. – 128 s.
14. Verevokhin N. *Narisui mne zolotoe serdtse // Verevokhin N. Rodina mamontov. Povesti i rasskazy*. – Almaty: Atamura, 2016. – S. 309-318.
15. Shlekaev N. *Govorit' so stisnutymi zubami: styd, vlast' i zhenskoe telo v sovremennom Kazakhstane // Zhurnal kul'turnykh issledovanii*. – 2021. – №4. – S. 45-59.
16. Martin-Ioganson E. *Ekologiya i ekologizm. Ideologicheskaja doktrina zapadnoï elity // Svobodnaja mysl'*. – 2022. – №5. – S. 46-5. URL: <https://cyberleninka.ru/article/n/ekologiya-i-ekologizm-ideologicheskaya-doktrina-zapadnoy-elity> (date accessed: 27.08.2024).
17. Ferdinand M. *Decolonial Ecology: Thinking from the Caribbean World*. – London: Polity Press, 2021. – 280 p.
18. Kalieva A. *Protsessy transformatsii literaturnogo soznaniia: kognitivnyi analiz // Keruen*. – 2021. – Vol. 73 No. 4. URL: <https://keruenjournal.kz/main/article/view/117> (date accessed: 27.08.2024).

Авторлар туралы мәлімет:

Гыля Айгерім – филология ғылымдарының магистрі, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының аға оқытушысы, Астана, Қазақстан.

Гыля Айгерім – магистр филологических наук, старший преподаватель Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Gilea Aigerim – Master of Philological Sciences, Senior Lecturer, A.K. Kusainov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

Волкова Людмила Васильевна – педагогика ғылымдарының кандидаты, А.Қ. Құсайынов атындағы Еуразия гуманитарлық институтының доценті, Астана, Қазақстан.

Волкова Людмила Васильевна – кандидат педагогических наук, доцент Евразийского гуманитарного института имени А.К. Кусаинова, Астана, Казахстан.

Volkova Liudmila Vassilyevna – Candidate of Pedagogical Sciences, Associate Professor, A.K. Kusainov Eurasian Humanities Institute, Astana, Kazakhstan.

*А.Н. ЖҰМАТАЕВА¹ 

Д. МҰХАМЕДИЕВ² 

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты¹

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университеті Алматы, Қазақстан²

(E-mail: aidanaz@mail.ru¹, dauren--77@mail.ru²)

*АБАЙ ПОЭЗИЯСЫНДАҒЫ «ЖАҢА ҚАЗАҚ ӘЙЕЛІ» БОЛМЫСЫНЫҢ КӨРКЕМДІК АКСИОЛОГИЯСЫ

Аңдатпа. Абайдың шығармашылық контекстіндегі жаңа қазақ әйелінің көркем болмысы, олардың өзіндік гендерлік санаға ие ерекшеліктері мен аксиологиялық сипаты бұл зерттеудің негізгі лейтмотиві болып табылады. Сонымен қатар ақын сомдаған қазақ әйелдерінің аксиологиялық қырларын ашудағы құндылық категориясының мазмұны мен семантикалық мәні талданады. Автор қазақ әдебиетінде бұрын-соңды қалыптасқан әйелдердің таптаурын образы мен мәдени клишелерден тыс, алғаш рет Абай дискурсында көрінетін қазақ әйелінің рухани әлеміне және әйел санасының онтологиялық аспектісіне назар аударады. Ғасырлар бойы сұлулық, әсемдік, сыртқы портреттік суреттеме тұрғысынан дәріптелген қазақ әйелінің индивидуалдық, тұлғалық қырлары мен оның жан әлеміндегі психикалық құбылыстардың берілу тәсілі сөз болады. Сондай-ақ, Абайдың ұлттық әдебиетімізде алғашқы болып әйел азаттығын, әйелдің бақытын жырлаған эмансипациялық көзқарасы пайымдалады. Абай поэзиясындағы дәстүрлі қоғамның қабылданған стандарттарын бұзып, жаңа көзқарас, жаңаша құндылықтар енгізетін қазақ әйелінің бейәлеуметтік болмысы мен олардың «өзгерген» мінез-құлық стратегиялары әдеби-мәдени, тарихи контексте қарастырылады. Сонымен қатар Абайдың махаббат құмарлығы мен сексуалды қалауын ашық білдіретін әйел кейіпкерлерінің көркемдік әлемі және фемининдік белгілерді әйелдік дүниетанымға сай суреттеген ақындық позициясы тұжырымдалады. Абай мүсіндеген жаңа қазақ әйелі өзіне таңылған (тұрмыстық, отбасылық, өмірлік) стереотипті көзқарастарға наразылық танытып, патриархалды қоғамның қалыптасқан конвенцияларына батылдықпен қарсы шығады. Өз өмірінің мәнін, өзіндік «менін» түсініп, өзі үшін қалауынша әрекет етуге, өмір сүруге талпынатын кейіпте көрінеді. Зерттеудің мақсаты да бұған дейін әр түрлі аспектіде қарастырылған Абай шығармашылығындағы әйел мәселесін, олардың әлеуметтік, психологиялық, эстетикалық-көркемдік бейнесінің эволюциясын және әйел тақырыбын интерпретациялаудағы ақынның жаңалығын анықтау болатын. Сондықтан да мақалада бұған дейінгі әдеби дискурста рухани әлсіз, пассивті болмыстан жан-жақты жетілген, белсенді тұлғаға айналған қазақ әйелінің жаңа бейнесі Абай мұрасы арқылы дәйектілікпен сараланады.

Түйін сөздер: Абай, поэзия, «жаңа қазақ әйелі», тұлға теориясы, жалпыадамзаттық құндылықтар, аксиология.

Кіріспе. Соңғы жылдары әдебиет пен өнердегі әйелдер бейнесін, олардың мәдениет пен тарихтағы рөлін зерттеу қоғамдық-гуманитарлық ғылымдардың басты бағыттарының

* Мақала докторлық диссертация тақырыбына сәйкес және ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті «BR18574216 «Уақыт пен кеңістіктегі мәдени құндылықтар транзиті» бағдарламалық-нысаналы қаржыландыру жобасы аясында жазылды.

біріне айналды. Өйткені аталған аспект бір жағынан тарихи-әлеуметтік, мәдени дәстүрлермен байланысты болса, екінші жағынан қазіргі жаһандық кеңістікте белсенді орын алған гендерлік негіздерге сүйенеді. Осыған орай, әдебиетте де әйел бейнесінің сипатын, олардың қоғамдағы мәні мен орнын анықтау көркем шығармадағы маңызды тұжырымдамалардың бірі деуге болады.

Негізінен бүгінде бірқатар гуманитарлық ғылымдардың ортақ нысанына айналған әйелдер мәселесі қай кезеңде де өзектілігін жойған емес. Өйткені қазақ қоғамында ғана емес, еуропа және шығыс елдерінің тарихында да, әйелдердің құқығын шектейтін әдет-ғұрып нормалары мен заңдылықтар орын алған. Ал ер адамдарға өзге артықшылықтармен бірге жеке бас бостандығын пайдалана алатын құқықтық құндылықтарға айрықша басымдық берілді. Батыс өркениетінде әйелдердің әлеуметтік-гендерлік мәртебесі туралы идеялар суфрагеттік, феминистік қозғалыстар арқылы жүзеге асқан болса, отандық кеңістікте алғаш Абай поэзиясы арқыл көрініс берді. Әлбетте, Абай әйелдің еуропалық өркениеттің моральдық құндылықтарына негізделген (ажырасу құқығы, сайлау құқығы, мүлікке иелік ету, т.б.) рөлін ұлттық көзқарастарға сәйкес әрі психологиялық, рухани-этикалық детерминанттар тұрғысынан айқындады. Сондықтан да Абайдың феминистік тақырыптағы жырлары әйел болмысының әр түрлі аспектілерін, атап айтқанда, физиологиялық, сезімдік-эмоционалдық реакцияларын, мінез-құлық стратегиялары мен стереотиптерін, рухани құндылықтарын түсінуге мүмкіндік береді. Яғни, бүгінгі таңдағы феминистік сананың бастапқы сатысы ұлттық әдебиетімізде Абай поэзиясынан басталады. Абай әйел тұлғасын, оның аксиологиялық болмысын суреттеуде әйелдің физикалық жағын танудан бұрын ішкі жан дүниесіне, құбылмалы табиғатына және әйелдік құндылықтың қуатты құрылымына ерекше көңіл бөледі. Жаңа қазақ әйелі көркем бейнесінің әлеуетті артықшылығын сипаттауда ақын эмансипациялық идеялар мен моральдық-аксиологиялық ұстанымдарға жүгінеді. Сонымен қоса, махаббат, сүйіспеншілік, құштарлық сезімдерін, либидо, эго, т.б. интуитивті психикалық энергияны әйел әлемінің ажырамас бөлігі ретінде эстетикалық тұрғыдан жырлайды. Дегенмен Абай поэзиясындағы әйелдер бейнесін, олардың өзіндік ерекшелігін зерттеу (М.Әуезов, Қ.Жұмалиев мақалаларында эпизодтық деңгейде орын алды) абайтану ғылымында дербес бағыт ретінде қарастырылған жоқ. Сондықтан да осы мақаламызда жаңа типтегі қазақ әйелінің тұлғасын, генезисін, Абайдың әйел бейнесін жасаудағы көркемдік парадигмаларын анықтауға, аксиологиялық ұстанымдарға сүйене отырып, Абай суреттеген әйел кейіпкерлердің құндылықтық бағдарын сипаттауға зер салдық.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Зерттеудің әдіснамалық негізі ретінде Абайдың қазақ әйелінің жаңарған, түрленген образын бейнелеген поэзиялық туындылары мен отандық абайтанушылар мен белгілі ғалымдардың зерттеу мақалалары алынды. Сонымен қатар ақынның әдеби мұрасындағы әйел болмысының аксиологиялық қырларын айқындауда философиялық-теориялық тұжырымдарды басшылыққа алдық.

Зерттеу барысында әдеби герменевтикалық, интерпретациялық, контекстік, психоаналитикалық, салыстырмалы-типологиялық әдістер қолданылды. Сондай-ақ, уақыт пен кеңістікке сәйкес тарихи-әдеби көзқарастар мен қоғамдық-әлеуметтік ой-пайымдарды ескере отырып, тарихи-салыстырмалы және әлеуметтік-мәдени, аксиологиялық талдау принциптеріне жүгіндік.

Талқылау мен бақылау. Жоғарыда айтқанымыздай, әлемдік әдеби дискурста, әсіресе, еуропа елдерінің тарихнамасында әйел тақырыбы, әйел тағдыры мәселелері ХІХ ғасырдың соңы ХХ ғасырдың басындағы феминистік идеялардың нәтижесінде қалыптаса бастады. Ал ұлттық әдебиетіміздегі қазақ әйелінің жаңа бейнесі, жаңа аспектілері кемеңгер Абай шығармашылығынан басталды. Бұл ойымызды академик Қ.Жұмалиевтің мына пікірі бекіте түседі: «Әйелдерді еркектерден кем санаушылық тәрізді феодалдық көзқарастарға тойтара соққы беріп, бұл мәселе жөніндегі халық көзқарасын қолдаушы және мәдениеттік биік сатыға көтеруші қазақтың бірінші ақыны – Абай. Ол өзінің ұлы адамдығын да,

үлкен реалистігін де әйелдің қоғамдағы орнын айқындау мәселесінің айналасында толық дәлелдеді» [1, 155].

Сөз жоқ, Абайға дейінгі әдеби мұраларымызда әйел тұлғасы айтарлықтай сомдалды. Алайда, фольклордан бастап жыраулар поэзиясында, сал-серілер мен әнші-ақындар шығармашылығында мүсінделген әйелдер тұлғасы тар ауқымда жырланды. Әрине, фольклорлық мұраларымызда, аңыз-ертегі, өлең-жырларда, мифтік әңгіме-баяндарда әр алуан әйелдердің мысалы, небір айлалы, қу, ақылды, сұлу көркем бейнесі кездеседі. Олардың ішіндегі жалмауыз кемпір, мыстан кемпір сияқты демондық персонаждар көбінесе басты қаһармандарды қақпанға түсіріп, зиян шектірсе, ай десе аузы, күн десе көзі бар сұлу қыз кейпіндегі перілер керісінше жағымды функцияны атқарады. Олар қаһармандық жырлардағы батырларға, ертегінің кейіпкерлеріне қысылғанда ақыл-кеңес беріп, жауларын жеңуге жәрдемші болады. Әйелдердің мұндай архетиптік бейнесі адамзат дамуының бастауында тұрған анаеркілік (матриархалдық) дәуірдегі мифтік, ертегілік сананың іздерін көрсетеді. Мифологиялық сюжеттерде әйелдер сиқырлы күшке ие болу, әр түрлі наным-сенімдер мен жоралғыларды ойлап табу, оны өздерінің киелі, сакралды қасиеттері арқылы жүзеге асыру сияқты маңызды рөлдерді атқарды. Уақыт өте әйел бейнесі трансформацияға ұшырап, қоғам өмірінде олардың белсенділігі, әлеуметтік мәртебесі төмендеді. Кейіннен дүние жүзі тарихында орын алған әр түрлі саяси, тарихи жағдайлар (соғыстар, патриархалдық ұстанымдар) әйел санасын тұсаулап, әйелдердің жаңаша, перспективалы бейнесінің қалыптасуы үдерісін кешеуілдетті. Дейтұрғанмен өмір ағымына сәйкес шығармашылық адамдары (суретшілер, мүсіншілер, ақын-жазушылар) әр түрлі сипаттағы әйелдер тұлғасын жасады. Қазақтың рухани мәдениетінің асқаралы шыңы болған Абай да өзі өмір сүрген дәуірдің, таптық көзқарастың шекарасынан шығып, әйел өмірінің шынайы драмасын, адами-тұлғалық болмысын мейлінше кең, ауқымды масштабта жырлады.

Негізінен, Абайға дейінгі көркемдік парадигмаларда әйел сұлу да әсем жаратылыс ретінде идеалды сипатта бағаланды. Сонымен бірге әйел затынына, оның жүріс-тұрыс, мінез-құлық, сөйлеу әдебіне, отбасылық қызметіне қатысты моральдық насихат басым болды. Абай осындай қоғамдық санада қалыптасқан көнтерлі, момақан, сабырлы, т.б. әйелдерге тән стереотипті қасиеттерді сынап, қайшылыққа толы күрделі «жаңа қазақ әйелінің» көркем бейнесін жасады. Абай поэзиясындағы жаңа қазақ әйелі концепциясы қазақ әдебиетінде бұрын-соңды жырланған «мінсіз» әйел болмысының шегінен асып, әйелдер жайлы көзқарастардың өзгеруіне ықпал етті.

Көшпенді бабаларымыздың танымындағы Тұмар, Зарина, Құртқа, Қарлыға, Бопай сынды көшбасшылық қасиеттерге ие бірлі-жарым тарихи-әдеби кейіпкерлерді айтпағанда, негізінен шығармашылық аспект тұрғысынан ғана емес, қоғамдық өмірде де қазақ әйелдерінің санасы, психологиясы терең күйзеліске толы болды деуге болады. Ұзақ уақыт бойы маскулиндік мәдениеттегі патриархалды дискурстың үстемдігі салдарынан қазақ әйелі жеке субъект ретіндегі тұлғалық «менінен», әйел дауысынан айырылғандығы да жасырын емес. Мұндай тұлғалық дағдарыстар мен күйзелістер және әйелдердің рөлі мен орны туралы қалыптасқан консервативті ұстанымдар нәзікжандылардың әдебиеттегі дағдылы бейнесін тудырды. Бұқаралық мәдениеттің әсерінен халық санасында қазақ әйелінің ұялшақ, тартыншақ, сөзге сараң әрі жансебіл болмысы орын алды. Ал, Абай, керісінше, өзінің ақындық таланты арқылы әйел эмансипациясы мәселесін көтеріп, қазақ әйелінің жанұядағы және қоғамдағы мәртебесін асқақтата суреттеді. Ақын, әсіресе, әйелдердің қарама-қарсы жыныспен қарым-қатынаста, махаббатта еркіндігін қалады. Абай жырлаған әйелдер өз ой-сезімін бүкпесіз білдіре алатын қайратты мінезімен, жоғары әлеуметтік белсенділігімен, қайталанбас болмысымен ерекшеленді. Дегенмен Абай суреттеген жаңа қазақ әйелі бейнесінің қалыптасуы әдебиеттегі гендерлік ассиметрияны түбегейлі жойған жоқ.

Біз Абайға дейінгі және Абай дәуіріндегі әйелдер бейнесін сөз еткенде, екі түрлі көзқарасты байқаймыз: консерваторлық және эмансипаторлық. Алғашқы тұжырымдама

Абайға дейінгі шығармашылық тәжірибедегі әйелдің өзін-өзі тануын, тұлғалық сезімін, әлеуметтік болмысын отбасылық және тұрмыстық мәселелермен шектеп, моральдық аспектіні әйел табиғатының негізгі өзегі ретінде сипаттады. Бұл кезеңдегі шығармашылық кеңістіктегі әдеби канондар мен семантикалық компоненттерге үңілгенде, консерваторлық идеяларға сәйкес әйел – ана, әйел – жар концептілеріне айрықша мән беріп, олардың әлеуметтік рөлін абсолютизациялауға қарсылық сезіледі. Сонымен бірге әйел тұлғасын суреттеуде моральдық-философиялық өлшемдерге баса назар аударған дәстүршіл ақындар әйелдің шашы ұзын, ақылы қысқа, әйел ашуланса, қазан қайнатады дейтін ескі концепцияны алға тартты. Абай осындай әйел болмысын отбасылық, халықтық қағидалармен шектеуге тырысқан консерватор ақындарға қарсы шығып, ақындық ұстанымы арқылы сырға толы әйел табиғатының сан қырлы мәселесін шешудің рационалды жолдарын көрсетті. Ақын еуропалық өркениет тәжірибесіне сүйене отырып, қазақ әйелінің эмансипациялануын қалады. Кейбір зерттеулерде қазақ әйелдерінің көркем бейнесі, олардың теңдік мәселесі ХХ ғасыр басындағы М.Дулатов, Т.Жомартбаев, Ж.Аймауытов, С.Торайғыров, М.Әуезов, Б.Майлин т.б. қаламгерлердің шығармашылығынан басталатындығы және кеңестік идеология қазақ қыздарының өзгеруіне ықпал еткендігі айтылады [2, 655]. Алайда, қазақ әйелдерінің көркемдік тұлғасы, эмансипациялық көзқарастары мен қазақ әйелі санасының трансформациялануы Абай шығармаларынан басталды. Мысалы, Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында өлеңінде:

Кәрі, жас дәурені өзге тату емес,
Епке көнер ет жүрек сату емес.
Кімде-кім үлкен болса екі мүшел,
Мал беріп алғанменен қатын емес [3, 291].

Немесе:

...Біреудің қызын алып малға сатып,

Баяғыны іздеген қандай құрғыр? [сонда], – деп қазақ қоғамындағы қыз баласын малға сатқан надандық санаға, ескішіл салтқа қарсылық білдіреді. Сол замандағы өзінен бірнеше мүшел үлкен шал-шауқанға тиюге мәжбүр болған мұңлықтардың трагедиялы тағдыры мен олардың өксікке толы жас өмірін әшкерелейді. Әйелдің жеке тұлға ретіндегі биоәлеуметтік мәртебесін, индивидтік ұстанымдарын қорлайтын, жалпыадамзаттық құндылықтарды қастерлемейтін кертартпа құбылыстарды сынайды. Расында, надандық құрсауына қамалған «қалың елі, қазағының» ой-санасын ояту жолындағы мұндай өткір сындары сыншыл ақынның ғапылдықпен күресу тәсілі болатын. «Ашық күреспен нәтижеге жету мүмкін еместігіне көзі жеткен Абайдың халық арасында ағартушылық жолды таңдауына қатысты заңдылық бар. Абай ұлттық толысу мақсатын керісінше әдіспен, өзін-өзі, айналасын, этнос психологиясын дәйектілікпен, ашына сынау арқылы жүзеге асыруды ойлайды» [4, 9]. Осылайша Абай қазақ әйелдерін өзіндік санасы мен өзіндік ойлау формалары орныққан, стандартты мінез-құлықтан ажыраған кейіпте, яғни, олардың әлеуметтік тұрғыдан ғана емес, рухани жағынан да азат болғанын қалады. Сондықтан Абайдың эмансипаторлық көзқарасы қазақ әдебиетіндегі әйел бейнесінің типологиясын түбегейлі өзгертті, қазақ әйелінің тағдырын суреттеу арқылы жаңа драмалық қақтығыстар тудырды, әйелдің бас бостандығын жырлай отырып ұлттық трагедияның бетін ашты. Абайдың осындай қоғамдық трансформацияға жол ашқан шығармашылық кредосы белгілі бір дәуірдің тарихи сипатын бейнелеумен бірге көркемдік контексте мүлде жаңа типтегі кейіпкерлерді дүниеге әкелді.

Нәтижелер. Абай суреттеген жаңа қазақ әйелі бейнесі өзінің табиғатының күрделілігімен, тұлғалық құрылымының әртүрлілігімен дараланады. Сондай-ақ Абай мүсіндеген жаңа қазақ әйелінің таңдаған өмір салты қазақ тұрмысының кейбір дәстүрлі заңдары мен нормаларына қайшы келетіні де рас. Мәселен, ақын поэзиясында қазақ әйелдерінің бойында қалыптасқан ұяңдық пен именшектік, бұйығы мінезді ысырып қойып, өз махаббатын еш қымсынбай, ашық әрі өткір сезіммен жеткізе алатын, бас бостандығы

жолында жартастан құлайтын өжет кейіпкерлер пайда болды. Мұндағы Абай сипаттаған трагедиялық тұлға іштей дағдарысқа ұшырап, рухани жігерсіздігі мен психикалық тұрақсыздығы салдарынан өлімге бармайды, керісінше, оның ішкі жан дүниесіне, өзіндік талғамына қайшы келетін әділетсіздікке қарсы батыл күресі ретінде пайымдалады. Өйткені «Абайдың ілімі бойынша, дүние әділеттілікпен жаратылған. Әділеттілік – махаббаттан, махаббат – жүректен» [5, 152]. Расында, ақын үшін әділет пен махаббат ұғымдары аса қастерлі феномен. Мұны ақын махаббат пен әділеттің керек емес жері, кіріспейтін жер жоқ деп үнемі өлеңдерінде де, өсиетті қара сөздерінде де адамшылықтың, жалпыадамзаттық құндылықтардың негізі ретінде тұжырымдайды. Осындай өмірлік адами құндылықтардың өмірден де маңызды екенін ақын «мезгілі өткен қу сүйекке» жүрегі жұбанбаған сұлу қыздың психоэмоционалды күйі, драмасы арқылы көрсетіп береді. Абай мұндай тантологиялық құбылыс, өлім концептісін азаттық, теңдік жолына ұмтылған қаһарман қыздардың саналы әрі батыл қадамы ретінде жеткізеді. Мұндай объективті суреттеу Абайға дейінгі ешбір сөз шеберлерінің эстетикасында кездескен емес. Абайдың көркемдік әлемі қазақ қоғамындағы сан алуан құбылыстарды бойына сіңірген синтездеуші сипатқа ие десек, әсіресе әйел мәселесіне ақын асқан сезімталдықпен, ерекше көрегендікпен жауап береді. Сонымен қатар Абай феминистік идеологияның эстетикалық пайымдауларына сай өзін тануға, өзін табуға, өзінің өмірлік құндылықтарын қайта бағамдауға тырысатын, мақсаты айқын, ұстанымы нақты, жігерлі, қайратты әйелдер бейнесін жырлайды. Абай суреттеген жаңа қазақ әйелі өз қалаулары мен қажеттіліктерін ашық жеткізіп, әйел мінез-құлқы жайындағы қабылданған стереотиптерден саналы түрде бас тартып, өзіндік «менін» қорғауда мінезділігін көрсетеді. Сондай-ақ, Абай сомдаған әйел кейіпкерлердің бойынан қоғамдық-әлеуметтік өмірге деген белсенділік, рухани дамуға және жеке бақытқа деген ұмтылыс айрықша көрінеді. Бұған дейін отбасы мен қоғамдағы бағынышты, тәуелді, «құрбан болу» сипатында көрінетін қазақ әйелдерінің дәстүрлі моделін Абай стихиялы, өз бетінше, еркін әрекет етуге қабілетті бейнеде суреттейді. Бұл, әсіресе, әйел жанының құпиясын ашатын сентименталды, сезімдік лирикасынан көрінеді:

Қабыл көрсең, көңілім жай,
Тастап кетсең, япырмай,
Ит қор адам болар ма,
Бұл жалғанда сорлыңдай? [3, 144].

Ақын «Қыз сөзі» өлеңіндегі осы бір жолдар арқылы әйел кейіпкерлерінің батылдығын, ғашық болу, жақсы көру һәм сүюдің әйел затына да тән қасиет екенін, оны жеткізудің әбес қылық еместігін білдіреді. Әйел баласының сезімін тұншықтырып, ата-ананың ұйғаруымен әрекет ететін заманның заңдылығына үйренген қоғамда, қыздың бұлайша өткір әрі ашық түрде көңіл білдіруі Абай поэзиясының іргелі жаңалығы екендігі даусыз. Ал осы оймен жалғас төмендегі эпизодта да дәстүрлі патриархалдық көзқарастардың пәлсапалық идеяларынан жоғары тұруға талпынған арудың жалынды арманы, ішкі моральдық-психологиялық келбеті танылады:

Ақылыңа сөзің сай,
Сіз – жалын шоқ, біз – бір май.
Ыстық сөзің кірді ішке,
Май тұра ма шыжымай [сонда, 144].

Абай әйел қаһарманының психологиясына еніп, оның даралық мінезін, жан дүниесін ашатын, ішкі монологқа толы бұл өлеңінде әйелдердің эмоционалды-психикалық күйін сипаттау маңызды орын алады. Мұнда қыздың көңілі құлаған жігітті қарып түсер құмарлық отына балап, иленген тулақтай не қылса көнуге даяр хәлімен бірге, өзіндік жоғары интроспекцияға ие болған рухани тектілігі қоса ашылады. «Жігіт сөзі» мен «Қыз

сөзі» – тәні, жаны сау, жастық қуаты кемеліне келіп, сезім гүлі ашылған екі жастың, тілектері тең асықтардың тең диалогы. Ынтық жігіт, ықыласты қыздың лирикалық дуэті» [6, 158], – деп әдебиет сыншысы Т.Шапай жазғандай, бұл қос өлең қазақ әйелдері санасының практикалық және дискурсивті тұрғыдан трансформациялануына жол ашады. Абайдың, әсіресе, әйелдер хақындағы жырларының өзіне дейінгі авторлардан елеулі айырмашылығы да әйелдің ішкі жан дүниесін, рухани әлемін бейнелеуге бағытталғандығында деп сеніммен айтамыз. Абай тілінің поэтикалық бітімін, ақынның сөз өрнегін зерттеген көрнекті ғалым Р.Сыздықова да: «Абай шығармашылығының негізгі объектісі – адам, оның ішкі жан дүниесі. Сондықтан ол жүрек, көңіл, ой деген сөздерді адамның символы етіп алып, оларға «жан бітіріп», көп өлеңдерін соларға қарата айтады» [7, 191] – деп жазған болатын. Расында, Абай поэзиясы әйел жанының күрделілігін, олардың мінез-құлық мотивтерін, психикасын түсінуге мүмкіндіктер береді. Шығыс ақындарына, Қақтаған ақ күмістей кең маңдайлы сияқты бірлі-жарым өлеңдерін айтпағанда, ақын әйелдер тақырыбындағы туындыларында кейіпкерінің әдеби портретін бермейді. Есесіне автор көркем образдың ерекшеліктері мен тұрақты белгілері атап өтілетін статикалық портреттің орнына адамның ішкі ой-сезімін, жан дүниесін, түйсігін бейнелейтін психологиялық эскиздерді пайдаланады. Сонымен қатар ақын туындыларында махаббат сезімінің әйел өміріндегі құндылығын көрсетіп, ынтызарлық, сүйіспеншілік ұғымдарын жаңа қазақ әйелі бейнесінің тұлғалық-этикалық, моральдық-психологиялық, көркемдік-эстетикалық кешенінің құрамдас бөлігі ретінде қарайды. Абай әйел затының бірде әлсіз, нәзік, эмоционалды табиғатын суреттесе, енді бірде бойындағы үмітсіздік пен сенімсіздікті жеңген қайсар, табанды, өмірге жаңаша, демократиялық көзқараспен қарайтын қаһарман қыздар бейнесін тудырды.

Абайдың осы бағыттағы ақындық шеберлігін даралайтын ауқымды артықшылығының тағы бір қыры әйелдің интимді-жыныстық құштарлығын, эротикалық эмоцияларын ашық сипаттау болып табылады. Мәселен:

Сенсіз маған жат төсек
Болар бейне көрмен тең [3, 145].

Немесе:
Біз – қырғауыл, сіз – түйғын,
Тояттай бер, кел де алып.

Салмағыңнан жаншылып,
Қалсын құмар бір қанып... [сонда] –

дейтін жолдар Абайдың әйелдік құмарлықты ар-ұят шеңберінен шығарып, оған әдепсіздік, азғындық сияқты бағалауларды қолданудан саналы түрде бас тартқанын көрсетеді. Керісінше, ақын әйелдің тәни-физиологиялық қалауын еш қымсынбай, ашықтан-ашық білдіруін адам эмансипациясының кепілі ретінде қарастырады.

Жалпы, Абай жаңа қазақ әйелінің онтологиялық бағдарын әр түрлі аспектілерде қозғай отырып, әйел болмысының аксиологиясын тұлға құрылымымен ұштастыра бейнеледі. Себебі Абайдың көркемдік тәжірибесінде қалыптасқан жаңа қазақ әйелі бейнесі бүгінгі психологиядағы тұлға концепцияларымен сәйкес келеді. Абай құдды З.Фрейд, Э.Фромм, К.Юнг, Э.Эриксон, т.б. психоаналитик ғалымдардың тұлға теориясы туралы тұжырымдарына сүйене отырып, қазақ әйелінің жаңа үлгісін жасағандай әсер қалдырады. Аталған ғалымдардың еңбектеріндегі эго, жоғарғы эго, либидо, индивид, өзіндік «мен», махаббат категориялары Абай сомдаған жаңа қазақ әйелі көркем бейнесін әдеби-эстетикалық тұрғыдан ғана емес, әлеуметтік, тұлғалық-психологиялық, характерологиялық, физикалық-тәндік жағынан толықтырады. Сонымен қатар жеке адамның тұлғалық қырларын айқындайтын бұл пән сөздері шексіз құндылықтар жүйесін құрайды. Ал құндылық сөзіне энциклопедиялық, лингвистикалық, философиялық

сөздіктерде берілген анықтамаларға зер салсақ, негізгі мазмұны қандай да бір заттың, құбылыстың яки объектінің пайдалылығы мен маңыздылығы ретінде сипатталады. Алайда, бұл маңыздылық пен пайдалылық жай ғана ішкі құрылымына байланысты емес, адамның әлеуметтік өмір саласына қатысатын нақты қасиеттердің субъективті бағалары болып табылады. Адам оларға қызығушылық танытады немесе қажеттілікті сезінеді [8, 357]. Сонымен қоса, құндылық сөзі қоғам немесе адам үшін ең үлкен мәні бар, моральдық бағдар ретінде қызмет ететін ұғым ретінде түсіндіріледі [9]. Демек, аксиология ілімінің негізгі мәселесі адамзат танымындағы құндылықтар табиғатының әмбебап мәні болса, Абай адам өміріндегі осы бір маңызды компонентті әйел кейіпкерінің рухани әлеуетін көрсету үшін ғана емес, жалпы шығармашылық концепциясының лейтмотиві етіп алды. Дегенмен Абай Аристотель, Платон, И.Кант, Гегель секілді «құндылық» пән сөзін арнайы қолданбағанымен, шығармаларында ақиқат, ізгілік, имандылық, адамгершілік, ар-ұят, сұлулық, еркіндік т.б. абсолютті қағидалары арқылы ұлттық әдебиеттанудағы аксиологиялық тұжырымдардың негізін қалады. Сондықтан да Абайдың бүкіл әдеби мұрасының негізгі өзегі болған жеке және жалпыадамзаттық құндылықтар жүйесін түсіну, оны авторлық суреттеудегі қазақ әйелінің көркем бейнесі тұрғысынан анықтау ақынның данышпандық, хакімдік эстетикасын тануға, ақындық-дүниетанымдық тереңдігін пайымдауға жол ашады. Осы орайда, неміс ғалымы Э.Фроммның: «Иисустың келуінен шамамен 500 жыл бұрын Үндістанның, Грекияның, Палестинаның, Парсы мен Қытайдың ұлы діни жүйелерінде адамзаттың бірлігі идеясы мен шындыққа негізделген біріктіруші рухани принцип жаңа сипатқа ие бола бастады. Лао-цзы, Будда, Исая, Гераклит және Сократ, содан кейін Палестина жерінде Иса мен оның ізбасарлары, Америкада – Кецалькоатль, кейінірек араб жерінде Мұхаммед (с.ғ.с. – авт. – Ж.А.) адамзат ұмтылуы керек мақсат ретінде адам бірлігі, ақыл, махаббат және әділеттік идеясын уағыздады» [10, 471], – деген пікірі әр түрлі тарихи дәуірлерде де адам ғұмырының нормалары мен құндылықтық бағдарлары бірдей критерийлермен өлшенгендігін нақтылай түседі. Абайдың әйел туралы мәтіндеріндегі тек әйелге тән сүйіспеншілік, әдемілік, әдептілік, нәзіктік, мейірімділік, рақымдылық, тіпті әлсіздік пен қорғансыздық секілді сапалық болмысты айқындайтын ұғымдар әйелдік құндылық ретінде түсініледі. Ал ақынның кейбір өлеңдерінде дәйекті түрде сөз болған әйелге деген құрметсіздік, өзімшілдік, теңсіздік бәрі де тек әйелді ғана емес, тұтас қоғамды ағарту, кемелдендіру идеясына қарама-қайшы антиқұндылықтар ретінде бағаланады.

Қорытынды. Жинақтап айтқанда, Абай поэзиясындағы әйел бейнесі өзіндік динамизммен ерекшеленеді. Әлбетте, Абай сомдаған әйелдер тұлғасы қазақ қоғамында және қазақ әйелінің санасында берік орныққан дәстүрлі өмір салтына мүлдем сәйкес келмеді. Ғасырлар бойы өзіндік көзқарасын білдіру мүмкіндігі шектеулі болған қазақ әйелдеріне өз еркінше шешім қабылдамау, әкесіне, яки күйеуіне толық тәуелді болу, жеке өміріне, жеке басына қатысты мәселелерді шешуден «қорғану» тән еді. Міне, осы айтылған антиқұндылықтарға негізделген шындықты Абай жаңа қазақ әйелінің жарқын бейнесіне алмастырды. «Абай шығармаларына бір сәт назар аударған адам оның ана мен махаббат туралы өлеңдерінің астарында «Әйелді құрметте!» деген сөз барын түсінер еді. Бұл, әрине, Абай заманы үшін үлкен төңкеріс болды» [11, 265]. Өйткені Абай қазақ әйелдерінің тағдырына алаңдап, әйел құндылықтарын зерделей отырып, әйелдік дүниетаным, әйелдік қасиет пен олардың субмәдениетінің ерекшеліктерін, өмірге көзқарасын объективті түрде көрсетуге ұмтылды. Абай қоғамдық қолдау мен сыртқы мақұлдауды қажетсінбейтін, кез келген мәселеде иллюзорлық, компенсаторлық позицияға ермейтін, мәжбүрлі қарым-қатынасқа тойтарыс бере алатын, инфантильді психологиядан ажыраған қазақ әйелінің болмысын суреттеді. Осылайша ақын жаңа қазақ әйелінің әдеби тұлғасын көркемдік атмосферада ғана бейнелеп қоймай, шығармашылық әсер ету арқылы қоғам санасына ықпал етті. Мұны М.Әуезов жазғандай, Абайдың қазақтың ауруын тауып, кемшілігі мен кем-кетігінің емін айтқан ширақтығы деп қабылдаймыз [12, 106].

Сонымен Абай суреттеген жаңа қазақ әйелінің көркем бейнесі төмендегідей ерекшеліктерді қамтыды:

- сыртқы сұлулығымен қоса ішкі тәуелсіздігі үйлескен, белсенді, бастамашыл тұлға;
- отбасылық-тұрмыстық өмір шеңберінен тыс өз мүддесін, өзіндік қалауы мен қажеттілігін білетін, өмірлік мұраты айқын адам;
- әйел мәртебесі туралы қоғамдық-әлеуметтік стереотиптерге, дәстүрлі патриархалдық идеяларға қарсылық таныта алатын, бағынышты объект образынан ажыраған табынды күрескер;
- тән қалауы, жыныстық құмарлық сияқты әйелге тән табиғи инстинкті қаз-қалпында, боямасыз әрі жасқанбай жеткізетін еркін ойлы, санасы азат, жігерлі жан.

Сондай-ақ, Абай суреттеген жаңа арнадағы қазақ әйелінің көркемдік аксиологиясы жалпыадамзатқа ортақ абсолютті құндылықтарға тән атрибуттармен айқындалады. Нақтырақ айтқанда, шынайылық, адалдық, махаббат, жасампаздық, сенімділік, еркіндікті сүю мен субъектілік қасиеттері ақын жырлаған әйелдер әлемінің негізгі аксиологиялық моделін құрады. Демек, Абай жасаған әйелдер бейнесінің аксиологиясы негізінен руханилық және кісілік тұрғысынан адамзаттық масштабта тұжырымдалады.

Негізінен жалпыадамзаттық құндылықтар адамның гуманистік-моральдық санасының шыңы десек, еркіндік феномені осылардың ішіндегі ең басты құндылық болып табылады. Абай да әйелдің құндылықтар иерархиясына үңілгенде, әуелі ерлер мен әйелдердің теңдігіне, бір-бірінің құқықтары мен бостандықтарын құрметтеуге мән береді. Сондықтан да ақын әйелдің дәстүрлі міндеттемелерін суреттеуден гөрі олардың өмірлік құндылықтар жүйесін өзгертуге, адами-тұлғалық стратегияларын жаңғыртуға баса назар аударады. Абайдың ойынша, адам қанша жерден жетістікке жетіп, материалдық тұрғыда табысқа кенелсе де немесе жоғары интеллектіге ие болса да, құндылықтық санасының әлсіздігі ерте ме, кеш пе оның жеке басының құлдырауына, тіпті жоғалуына әкеледі. Мысалы, біз жоғарыда мысал еткен өлеңнің алғашқы шумақтарына назар аударайық:

Бір сұлу қыз тұрыпты хан қолында,
Хан да жанын қияды қыз жолында.
Алтын-күміс кигені, қамқа, торғын,
Күтуші қыз-келіншек жүр соңында.

Деген сөз: «Бұқа – буға, азбан – дуға»,
Хан қарық боп түсіп жүр айғай-шуға.
Етімді шал сыйпаған құрт жесін деп,
Жартастан қыз құлапты терең суға [3, 291].

Осындағы бүтін елді билеп, сұлуды құшқан хан да, ханға жар болған ару да бақытсыз, себебі олардың өзіндік өмірлік құндылықтары мен нақты тағдыр сценарийі арасында орасан қайшылықты қақтығыс бар. Бірі жеке басына теңдік ала алмай, өз теңіне қосыла алмай, азаттық, сүю бостандығы, шынайы махаббат, бақыт сынды шексіз құндылықтарды жоғалту арқылы өмірдің де мәнін жоғалтты. Бұл ситуация кейіпкерді өлімге итермелегенмен, қоғам мен адамды әйелдік құндылықтарды бағалауға жетеледі. Сонымен бірге Абайдың суреткер ретіндегі әйелді бағалау тәсілі (көркемдік параметрлерді айтпағанда, идеялық, философиялық тұрғыда әйел санасының биіктігін көрсетуі) стильдік құбылыс қана емес, ақын дүниетанымының аксиологиялық позициясын пайымдауға жол ашады. Абай әйел жайлы мәтіндеріндегі аксиологиялық постулаттар призмасы арқылы сол дәуірдегі кейбір қоғамдық қағидалардың қайшылығын, біз индивидтік тұрғыда құндылық деп санайтын кейбір факторлардың терістігін көрсетеді. Мәселен, жоғарыда келтірілген мәтіндегі ханның бойындағы антиқұндылықтар мен материалдық құндылықтың ешқайсысы да адамның өмірлік қажеттілігін қанағаттандыруға қауқарсыз уақытша, алдамшы дүние екенін пайымдаймыз. Түйіндеп айтқанда, Абайдың қазақ әйелінің көркем бейнесін аксиологиялауы олардың дербес тұлға ретіндегі имиджінің қалыптасуына ықпал етті.

Әдебиеттер

1. Абайтану. Таңдамалы еңбектер. II том. – Алматы: Қазақ университеті, 2015. – 264 б.
2. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Sultanova B., Abilkhaiyrov N., Abdrakhmanova K. Artistic Transformation of the Female Image in Kazakh Literature // Mankind quarterly 2021. – Vol. 61. – № 3. – pp. 653-668. URL: <https://mankindquarterly.org/archive/issue/61-3/16>
3. Абай. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үш томдық. 1-том. – Алматы: Жазушы, 2020. – 640 б.
4. Дәдебаев Ж. Абай ілімін білу, түсіну және қолдану. Әл-Фараби атындағы ҚазҰУ Хабаршысы, филология сериясы. – №4 (184). – 2021. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
5. Майтанов Б. Тәуелсіздік – күрес мұраты: зерттеулер мен мақалалар. – Алматы: Құс жолы, 2012. – 490 б.
6. Шапай Т. Анық Абай. – Алматы: Асыл кітап, 2021. – 220 б.
7. Сыздықова Р. Абайдың сөз өрнегі. Алматы: Санат, 1995. – 208 б.
8. Философский словарь / Под ред. И.Т. Фролова. – 4-е изд. – М.: Политиздат, 1981. – 445 с.
9. Ценность. [Электронный ресурс]. URL: <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%86%D0%B5%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C> (Қаралған күні: 18.02.2024)
10. Фромм Э. Здоровое общество. – М.: 2006. – С. 471.
11. Doszhan R. Image of the woman and mother in Abay's works // The wisdom of the Great Steppe // Khoja Akhmet Yassawi International Turkish-Kazakh University, Eurasian Research Institute, 1st Edition: Almaty: 2021. – 336 p.
12. Әуезов М. Абай Құнанбаев. Алматы: Ғылым, 1967. – 340 б.

А.Н. ЖУМАТАЕВА

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан

Д. МУХАМЕДИЕВ

Казахский национальный педагогический университет имени Абая, Алматы, Казахстан

ХУДОЖЕСТВЕННАЯ АКСИОЛОГИЯ ОБРАЗА «НОВОЙ КАЗАХСКОЙ ЖЕНЩИНЫ» В ПОЭЗИИ АБАЯ

Аннотация. Основным лейтмотивом данного исследования является художественное бытие «новой казахской женщины» в творческом контексте Абая, их особенности и аксиологический характер, обладающие собственным гендерным сознанием. Кроме того, анализируется содержание и смысловое значение категории «ценность» в раскрытии аксиологических граней казахских женщин, воплощенных поэтом. Автор обращает внимание на духовный мир казахской женщины и онтологический аспект женского сознания, впервые проявляющийся в дискурсе Абая, за пределами стереотипов и культурных клише женщин, которые когда-то существовали в казахской литературе. На протяжении веков прославленная красота, изящество, внешняя портретная описание, как способ передачи индивидуальности, личностных граней казахской женщины и психических явлений в ее душевном мире. Также в национальной литературе рассматривается эмансипационная точка зрения Абая, который первым воспел женское освобождение, женское счастье. В литературно-культурном, историческом контексте рассматриваются асоциальные реалии казахских женщин и их «изменившиеся» поведенческие стратегии, которые нарушают общепринятые стандарты традиционного общества в поэзии Абая и привносят новые взгляды, новые ценности. Также формулируется художественный мир женских персонажей, открыто выражающих любовные страсти и интимные желания в произведениях Абая, и поэтическая позиция, иллюстрирующая феминистские черты в соответствии с женским мировоззрением. «Новая казахская женщина», созданная Абаем, смело бросает вызов устоявшимся условностям патриархального общества, протестуя против навязанных ему (бытовых, семейных, жизненных) стереотипических взглядов.

Осознавая смысл своей жизни, свое «я», она проявляется в образе стремления действовать, жить, как хочет для себя. Цель исследования также состояла в том, чтобы определить женскую проблему в творчестве Абая, которая ранее рассматривалась в различных аспектах, эволюцию их социального, психологического, эстетико-художественного образа и новизну поэта в интерпретации женской темы. Поэтому в статье последовательно дифференцируется новый образ казахской женщины, которая в предшествующем литературном дискурсе превратилась из духовно слабой, пассивной личности в разносторонне зрелую, активную личность.

Ключевые слова: Абай, поэзия, «новая казахская женщина», теория личности, общечеловеческие ценности, аксиология.

A.N. ZHUMATAYEVA

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

D. MUKHAMEDIEV

Kazakh National Pedagogical University named after Abai, Almaty, Kazakhstan

ARTISTIC AXIOLOGY OF THE IMAGE OF THE «NEW KAZAKH WOMAN» IN ABAY'S POETRY

Annotation. The main leitmotif of this study is the artistic existence of the «new kazakh woman” in the creative context of Abai, their features and axiological character, which have their own gender consciousness. In addition, the content and semantic meaning of the category “value” is analyzed in revealing the axiological facets of Kazakh women, embodied by the poet. The author draws attention to the spiritual world of the kazakh woman and the ontological aspect of female consciousness, which first appears in Abai’s discourse, beyond the stereotypes and cultural clichés of women that once existed in kazakh literature. For centuries, beauty, grace, and external portraiture have been glorified as a way of conveying individuality, personal facets of a kazakh woman and mental phenomena in her spiritual world. Also in the national literature, the emancipatory point of view of Abai, who was the first to sing of women’s liberation and women’s happiness, is considered. In the literary, cultural, historical context, the asocial realities of kazakh women and their “changed” behavioral strategies are considered, which violate the generally accepted standards of traditional society in Abai’s poetry and introduce new views, new values. It also formulates the artistic world of female characters who openly express love passions and intimate desires in Abai’s works, and a poetic position illustrating feminist traits in accordance with the female worldview. The “new kazakh woman” created by Abai boldly challenges the established conventions of patriarchal society, protesting against the stereotypical views imposed on him (everyday, family, life). Realizing the meaning of her life, her “I,” she manifests herself in the image of the desire to act, to live as she wants for herself. The purpose of the study was also to determine the women’s problem in Abai’s work, which was previously considered in various aspects, the evolution of their social, psychological, aesthetic and artistic image and the novelty of the poet in interpreting the female theme. Therefore, the article consistently differentiates a new image of the Kazakh woman, who in the previous literary discourse has transformed from a spiritually weak, passive personality into a versatile, mature, active personality.

Keywords: Abai, poetry, «new kazakh woman», personality theory, universal values, axiology.

References

1. Abaitanu. Tandamaly enbekter. II tom. – Almaty: Qazaq universiteti, 2015, – 264 b.
2. Orda G., Sarsenbayeva Zh., Sultanova B., Abilkhayrov N., Abdrakhmanova K. Artistic Transformation of the Female Image in Kazakh Literature // Mankind quarterly 2021, volume 61, № 3. – pp. 653-668. URL: <https://mankindquarterly.org/archive/issue/61-3/16>
3. Abai. Şyғарmalapynyñ akademialyq tolyq jinaғы. Üş tomdyq. 1-tom. – Almaty: Jazuşy, 2020. – 640 b.

4. Maitanov B. Täuelsızdık – küres müraty: zertteuler men maqalalar. – Almaty: Qüs joly, 2012. – 490 b.
5. Dädebaev J. Abai ılımın bilu, tüsinu jäne qoldanu // Äl-Farabi atyndağy QazÜU Habarşysy, filologia seriasy. – №4 (184). – 2021. <https://doi.org/10.26577/EJPh.2021.v184.i4.ph13>
6. Şapai T. Anyq Abai. – Almaty: Asyl kitap, 2021. – 220 b.
7. Syzdyqova R. Abaidyñ söz örnegi. Almaty: Sanat, 1995. – 208 b.
8. Filosofski slovar / Pod red. I.T. Frolova. – 4-e izd. – M.: Politizdat, 1981. – 445 s.
9. Value. [Elektronny resurs]. URL: <https://ru.wiktionary.org/wiki/%D1%86%D0%B5%D0%BD%D0%BD%D0%BE%D1%81%D1%82%D1%8C> (Qaralğan kuni: 18.02.2024)
10. Fromm E. Zdorovoe obshestvo. – M.: 2006. – S. 471.
11. Doszhan R. Image of the woman and mother in Abay's works // The wisdom of the Great Steppe // Khoja Akhmet Yassawi International Turkish-Kazakh University, Eurasian Research Institute, 1st Edition: – Almaty, 2021. – 336 p.
12. Äuezov M. Abai Qunanbaev. – Almaty: Gylym, 1967. – 340 b.

Авторлар туралы мәлімет

Жұматаева Айдана Нышанғалиқызы – гуманитарлық ғылымдар магистрі М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Алматы, Қазақстан.

Жуматаева Айдана Нышанғалиевна – магистр гуманитарных наук, научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Казахстан.

Zhumatayeva Aidana Nyshangalikyzy – Master of Arts in Humanities Researcher Institute of Literature and Art named after M.O. Aueзов, Almaty, Kazakhstan.

Мұхамедиев Дәурен – филология ғылымдарының кандидаты, Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің аға оқытушысы, Алматы, Қазақстан.

Мухамедиев Даурен – кандидат филологических наук, старший преподаватель Казахского национального педагогического университета имени Абая, Алматы, Казахстан.

Mukhamediev Dauren – candidate of Philological sciences, senior teacher at the Kazakh national pedagogical university named after Abai, Almaty, Kazakhstan.

С.А. ҚАСҚАБАСОВ¹*Ж.Т. КАРИПБАЕВ²М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан^{1,2}(e-mail: seit.kaskabassov1940@mail.ru¹, zhanzhargan@mail.ru².)***АЛАШ ӘДЕБИЕТІНДЕГІ ФОЛЬКЛОРЛЫҚ НЕГІЗДЕР**

Аңдатпа. Мақаланың зерттеу нысанына ХХ ғасыр басындағы жаңа қазақ әдебиетінің дамуына қосқан ұлттық фольклордың әсері алынды. Алмайғайып заманда қалыптасқан жаңа ұлттық әдебиет басынан тағдырдың талайын кешкені белгілі. Ұлт зиялыларының тәуелсіздік жолындағы жанкешті еңбектерінің бірқатары ұлттық әдебиетің, әдебиеттану мен фольклортану ғылымдарын дамытумен байланысты болды. Соның ішінде Алаш қозғалысының саяси платформасының негізінде Алаш туралы мифпен жатты. Сонымен бірге алаш қайраткерлерінің ғылыми ізденістерін айтпаған да, әдеби шығармашылықтары фольклорды туындыларының сюжеттерінің өрбуінде, кейіпкерлер бейнесін сомдауында, идеялық шешім мен идеологиялық құрал ретінде пайдаланылуы, сол кезеңдегі советшіл қаламгерлер туындыларымен салыстырыла отырып талданады. Ұлт әдебиетінің тарихында, өшпестей ізін қалдырған алаш қаламгері М. Жұмабаев шығармаларындағы негізгі ерекшеліктің бірі оның фольклорлық материалы зерттеумен қатар молынан шығармашылық мақсаттарда да қолдануында. Оның ұстанған және дәріптеген рухани құндылықтары ұлт фольклорымен тікелей байланысты болуының себептері мен салдарына назар аударылады. Сонымен қатар, әдеби дәстүр сабақтастығы мен ондағы идеологиялық күрес мәселелеріне, тәуелсіздік идеяларын дәріптеудегі фольклорлық материалдың роліне, авторлық позицияны танытудағы орнына мән беріліп, тиісті нәтижелер пайымдалып мен қортындылар жасалады.

Түйін сөздер: Алаш, ұлттық сана, жаңа әдебиет, фольклоризм, М. Жұмабаев, мифологиялық сана, фольклорлық сюжет және образ.

Кіріспе. Әр этностың халық болып қалыптасуы, ұлт болып ұйысу процесі, ең алдымен – оның ұлттық сана сезімнің ояну мен өсу процестеріне тікелей байланысты болған. Бұл процестер тұтастаған дәуірлер, мыңдаған жылдар аралығын қамтып, ұзақ уақыт бой өтеткен әр-алуан тарихи кезеңдермен байланысты болған. Соның ішіндегі ең қарқынды шағы ХХІ соңы мен ХХ ғасырдың басында өмір сүрген қайраткер тұлғалардың өз халқының мүддесі үшін атқарған тарихи миссияларының аясында қалыптастырған мәдени-гуманитарлық бірлікпен байланысты. Қазақ халқының ұлттық сана сезімінің өсуі мен ұлттық бірегейлігінің қалыптасуы ең өнімді шағы да осы кезеңмен байланысты және осы процестердің аса қарқынды жүруінде қазақ әдебиетінің алар орны ерекше болды. Тамыры Көк Түркітер заманынан бастау алатын қазақ әдебиеті, бүгінгі күнгі қалпы, ХІХ ғасырдың екінші жартысы мен ХХ ғасырдың алғашқы жартысын қамтып, бірнеше күрделі кезеңдерді басынан кешірді. Кеңестік кезеңде «қазақ әдебиеті тек 1917 жылғы Қазан төңкерісінен кейінгі аралықта ғана қалыптасты» деген қасаң идеологиялық ұстанымдар берік болып келгенімен, тәуелсіздік жылдары ондай көзқарастар түбегейлі өзгеріп, ұлттық бағыттың жаңғыруымен байланысты, төл әдебиетке деген жаға ұстанымдар қалыптасуда.

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР 14870833 «Алаш қайраткерлері және ұлттық фольклор» ғылыми жоба аясында жазылды.

Қазақ әдебиетінің жаңа дәуірінің Абай Құнанбайұлы мен Ыбырай Алтынсаринның шығармашылықтарынан бастау алғанымен, әлемдік үрдіске айналған еуропа дәстүріне жаппай бет бұруы ХХ ғасырдың басталу шағымен қатар келеді. Жаңа әдебиеттің даму негізінде, бір жағы шығыстық жазба әдеби дәстүрлер жатса, екінші жағынан мол ауыз әдебиеті мен фольклорлық мұра да үлкен үлесін қосқаны белгілі. Сонымен қатар, осы кезең әдебиетіне байланысты қазақ әдебиетінде бірыңғай пікір әлі де қалыптаса қаймады.

Егер кеңестік кезеңде тек алашыл қаламгерлер мұрасы мүлдем назар аударылмай келсе, кейінгі жылдары советшіл жазушылардың туындылары біржнғай сынға алынып, әдеби процестегі орындары есепке аз алынып келуде. Дегенмен, әдеби үрдісті бөле-жарып қарау біртұтас қазақ әдебиетде болған тарихи процестерді объективті негізде түсінуге мүмкіндік бермейді. Сонымен бірге, алашшыл қаламгерлер мұрасы болсын, социализм идеяларын дәріптеген советшілдері болсын әдеби дамудағы өзінің орындары бар. Солардың барлығы да өздерінен ілгергі кезеңде қалыптасқан әдеби-көркемдік тәжірибеге иек арты, ал соның ішінде фольклорлық сюжеттер, мотивтер, жанрлары, кейпкерлер жүйесі, көркем бейнелері молынан жаңа әдебиеттің қалыптасуы мен дамуына қосқан үлесі өлшеусіз. Олар қарапайым оқу хретомагияларды құрастырудан бастап, жекелеген кесек туындылардың дүниеге келуіне себеп болды, әдебиет тарихында өздерінің тиісті бағасы мен орнын алды. **Әдістеме және зерттеу әдістері.** Зерттеуде тарихи-салыстырмалы, типологиялық-салыстырмалы, герменевтикалық әдістер негізге алына отырып тиісті талдаулар мен қорытындылар жасалады.

Тарихинегізде Алашқозғалысының саяси-ағартушылық тұғырнамасын қалыптастыруда Алаш туралы этногенерикалық мифтің алынуы тек саяси қадам ғана емес, ұлт жадындағы тәуелсіздік идеясын жағырту, ұлттық сананы оятудың амалына айналғаны көрсету қадамы жасалады. Зерттеу аясында ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиетіндегі процестерді тұтастай қарау, оның ішіндегі бағыттардың идеологиялық негіздегі айырмашылықтарын айқындай отырып ортақ арна ретінде фольклорлық материалды өз мақсаттарын жүзеге асыру жолында қалай пайдаланғанын айқындау. Алаш қаламгердерінің әдеби мұрасындағы фольклоризмдерге айрықша назар аударып, осы негізде М. Жұмабаев шығармашылығына тиісті талдаулар жасап, тиісті нәтижелерін айқындап, қорытындыларын жасау.

Сонымен бірге, осы тақырып аясында зерттеу жүргізген ғалымдар А. Байтұрсынов, С. Қасқабасов, Р. Нұрғали, Ш. Елеуқенов, Ж. Жарылғапов сынды ғалымдардың еңбектері мен Г. Кеңдірбаева, К. Өзгежан, Д. Жақан, А. Жаманқозова, Г. Обаева сынды ғалымдардың зерттеу мақалалары негізге алынды.

Талқылау мен бақылау. ХХ ғасырдың басында ұлттық сананың өсуі, зиялы қауымның ұлтың саяси-экономикалық, ағартушылық-әлеуметтік мүдделерін қорғауды мұрат еткен саяси-ағартушылық ортаның қалыптастыруы, әдеби даму процестерімен қатар жүрді. Осы кезең тарихына байланысты Г. Кеңдірбаева: «ХХ ғасыр басындағы орыстардың Қазақстанды отарлау саясатының нәтижесінде, экономикалық және әлеуметтік мәселелер өзінің шарықтау шегіне жеткен болатын. Жалпы осы кезең қазақтың ең шұрайлы жерлерінің тартылып алынып, орыс шаруаларын осы аймақтарға жаппай көшіру саясатымен ерекшеленеді. Орыстың бюрократиялық басқару жүйесі қазақтың дістүрлі көшпенді-әлеуметтік жүйесін құртуға және бірте-бірте қазақтарды шоқындыруды көздеді. 1905 жылғы төңкеріс пен Бірінші Дүниежүзілік соғыс Ресейдің өзінде болсын, оның провинциаларында болсын қарсылық көрсету әрекеттерінің күшейуіне үлкен септігін тигізді. Осындай алмағайып замандағы, аласапырандарға душар болған қазақ интеллигенциясы қазақ халқының мәдениетін мен онық ұлттық болмысын сақтау мәселелерін шешуі керек болды» [1], дейді. 1905 жылғы оқиғалардың қатарында, қазақ зиялыларының саяси-әлеуметтік, мәдени-гуманитарлық, аймақтық-экономикалық талаптарын қойған Қарқаралы құзырхатын жолдау негізінде құрылған Алаш ұлт-азаттық қозғалысы ұлттық бірегейлігінің күшейуі, сана-сезімін өсуі, тарихи жадынысының жаңғыруына өлшеусіз еңбектек сіңірді. Алаш полиэтномимы мен қозғалы туралы қызық зерттеу жүргізген ғалым О. Кесичи: «Қазақ элиталары ұлт мәдениетін

өздерінің қиялынан туғызған жоқ, олар өздерінің бүгінгісінің тағылымын халықтың өткен тарихтарына зерделі ойларын жүгірту алды. Сонымен бірге, өткенің тағылымы олардың жаңа саяси ұстанымдарын да қалың бұқара тарапына мойындалуының да кепілі болды. Алашордашылар Алаш туралы мифты өздерінің ішкі және сыртқы саясаттағы стратегияларын жүзеге асырудың құралына айналдырды» [2], дейді. Саяси күрес жолының негізінде қазақ зиялыларының ғылыми және әдеби ізденістерінің көпшілігі өз халқының өткен жүріп жолын, фольклорын зерттеге, оны жаңаша түсініп пайымдауға арналды. Тіпті ұлттық фольклортану ғылымының қалыптасуы алаш қозғалысының төңірегінде топтасқан қайраткерлердің еңбектерімен байланысты болып келеді. «Алаш зиялыларының фольклорды жинау мен бастыру немесе зерттеу ісінде бірізділік болмай, бірде баяу, бірде қарқынды жүруінің өзі Алаш қозғалысының даму дәрежесіне, оларға жасалған қысым дәрежесіне байланысты болды. Алайда қандай сергелдеңге түссе де олар алған бағытынан айнымай табандылық танытты. Ойларын кең көлемде жүзеге асыра алмаған кезеңдерде газет-журналдарда мақала, жекелеген пікірлер, хаттар арқылы елмен байланысын үзбей, идеяларын таратты. Төлтума мұралар арқылы өткен тарихын түгендеп, ұлттың санасын көтерудің жолын ұсынған қайраткерлер көшпелі мәдениеттің өзіндік ерекшеліктерінің негізін сақтай отырып, заман үдерісінен де құр қалмай дамудың жолдарын ұсынды» [3, 117] – дейді зерттеуші Д.Жақан.

Бір өкініштісі, қазақ халқы өзінің тарихи жады бар, ұлттық болмысы қалыптасқан, дара мәдениеті мен дәстүрлі қоғамдық институттары бар халық бола тұра ХХ ғасырдың есігін отарланған елдер қатарында ашты. Сол тұстағы орыс халқының өзі де патшалық самодержавие режимінің қатаң саяси бұғауда ұсталды. Мұндай елде ешқандай демократиялық үрдістерге жол берілмей, қоғамдық институттардың ілгері дамытуы туралы ешқандай сөз айтуға келмейтін. Дегенде орыстың және өзге отарланған халықтардың зиялы қауымы өкілдері ашық түрде де, жабық түрде де патшалық самодержавиеге қарсы әртүрлі саяси қарсылықтар көрсетіп жатты. Қазақ ортасынан шыққан зиялы қауым өкілдері колониалдық режиммен араласуының нәтижесінде жастары Санкт-Петербург, Москва, Қазан, Киев, Варшава, Рига, Омбы, Томск, Уфа, Орынбор және т.б. Ресейдің сол кездегі белді қалаларында еуропалық үлгіде жоғарғы білім алуға мүмкіндік алды. Осы жоғары орындар тек білім қазақ жастары білім алумен қатар, саяси көзқарастарын да кеңейтуіне үлкен мүмкіндік алды. Сонымен бірге, сол кезеңдегі қазақ жастарының жадысында әлі де 1847 жылы Кенесары ханың өлімімен бірге шаңырағы ортасына түскен тәуелсіз мемлекеттігі туралы жадылары әлі шайыла қоймаған шағы да болатын. Сондықтан ғасыр басындағы қазақтың жаңа буын зиялылары шын мәнінде білімді, ұлт мүддесіне үшін тағдырыларын байланған, толғамды ойы мен орнықты пікірі азаматтар болып қалыптасты.

Патшалық Ресей толыққанды тоталитарлық ел болып қалыптасқандықтың салдарынан, ойшылы А. Герцен: «Қоғамдық еркіндігінен айырылған халықтың, өзінің наразылық дауысы мен өзінің арымен санасатын жалғыз ғана мінбері тек әдебиет болып қалады» [1, 198] деген пікіріде аңғарғартылғандай, әдебиет тек орыс халқының ғана емес, Патшалық Ресейді жайлаған балық халықтарының жан айғайының алаңына айналды.

Қазақ ежелден сөз өнерін өзге өнер түрлерінен жоғары қойған халық болған соң, ұлт болмысына байланысты құндылықтармен қастерлі ұғымдар көркем сөз жүйесінде сақталып, ұлттық сананы оятудың, өресін өсірудің ықпалды құралына айналды. Басқа халықтарда сөз өнері тек өнердің бір саласы ретінде ұаралған болса, қазақ дәстүрінде көркем сөз саяси өмірдің де бөлінбес бір бөлшегі болатын. Сондықтан әдебиет ұлттық мүддені көркем сөз арқылы жеткізудің, сонымен бірге арқылы халықты ағартудың, тәуелсіздік идеясын дәріптеудің алаңы болды. ХХ ғасырдың басындағы қазақ үшін жаңа әдебиет тек еуропалық үлгідегі жаңа әдеби дәстүрді дәріптеумен ғана шектелмей, сонымен бірге ежелден белгілі көркем бейнелер мен осыған дейін қалыптасқан дәстүрлі әдістерді пайдалана отырып дамыды. Жаңа әдеби ой мен шығармашылықтың қарқынды дамуымен қатар, ұлттық сана көкжиегі де кеңейіп жатты. 1917 жылы А. Бөкейханов, А. Байтұрсынов, М. Дулатов бастаған

ұлт зиялылары Алаш автономиялы республикасын жариялады. Саяси-ағартушылық негізде құрылған Алаш қозғалысы тек саяси қозғалыс ретінде ғана дамуын тауып қоймай, сол тұста ең ықпалды мәдени күш ретінде де қалыптасты. Сонымен қатар, сол жылғы Қазан төңкерісінің негізінде Ресейде билікке келген большевиктер, алып ел аймақтарында өз билігін азамат соғысынның негізінде орнатып, қоғамды социалистік негізде дамытуды көздеген тоталитарлық режимды арқау еткен саяси-репрессивті жүйені қалыптастырды. Осы тұстан бастап, қазақ қаламгерлері екі идеологиялық бағытқа шығармашылығымен айналыса бастады. Алғашқылары елдік мұратын көздеген алаш идеяларының төңірегінде топтасқан болса, бірқатар қазақ азаматтары социалистік идеяларды қолдау танытты. Сонымен бірге, қазақ қаламгерлерінің арасында идеологиялық қайшылықтар болғанымен, екі ұстаным өкілдері көркемдік көркем-эстетикалық ұстанымдарында, ұлттық құндылықтарды дәріптеуде, қазақ әйелінің тақырыбын арқау етуде, тарихи тақырыптарды қаузауда болсын, қазақ қаламгерлерінің арасында ұқсастықтар аңғарылады. XX ғасырдың 20-шы жылдарынан бастап дамуын тапқан социалистік реализм қойған тапшылық талаптарға жауап беретін шығармалмашылыққа алашшыл қаламгерлердің туындылары белгілі дәрежеде жауап беріп жатты. Әлбетте, алашшыл әдебиет замана талаптарымен санасуымен бірге, советшіл қаламгерлер де ұлттық мүддені көздеген ортақ тақырыптарға қалам түртіп жатты.

Бүгінгі күндегі қоғамда екі ағым өкілдерінің арасына жік салу, сонымен бірге тапшылық принциптерді арқау еткен жазушыларды кейде солақай сынға алу үрдісі белең алуда. Алайда, тұтастай қарайтын болсақ екі ағым өкілдерінің идеологиялық тұрғыда көзқарастары алшақ болғанымен оларды біріктіретін ортақ дүние ұлт тағдыры, оның мүддесі болды. Олардың айырмашылығы тек ұлттың дамуында жолын таңдауында ғана деуге болады. Айталық екі көзқарастағы қаламгерлер арасында, алашшыл жазушыларды М. Жұмабаев «Алқа» ұйымы құрған болса, екінші жағынан С. Сейфуллин бастаған Қазақстанның пролетарият жазушыларының ассоциациясының құрылды (ҚазПЖА). Осы одақтардың мүшелерінің арасында идеологиялық алшақтықтар болғанымен, тұтастай алғанда жаңа қазақ әдебиеттің іргесі бірге қаланды. Әсіресе алаш рухты қаламгерлер қолданған фольклоризмдер, сырт көзге жағымды, сол заман идеологиясына жағымды көрінгенімен, астарында оқырмандарға терең ой салатын үлкен туындылардың жазылуына себеп болды.

Егер Қазан төңкерісіне дейінгі аралықта фольклорлық және шығыстық дәстүрді арқау ете отырып дамуын тапқан ескішіл әдебиеттің халық арасындағы ықпалы зор болғанына қарамас болса да, соған қарамастан жаңа буын қаламгерлері халық арасындағы жаңаша әдеби дәстүрдің ықпалын күшейте алды. XIX ғасырдың екінші жартысында А. Құнанбайұлы мен Ы. Алтынсарин сынды ақын-жазушылар ұстанған реализм мен романтизм әдістерін жаңа буын жазушылары одан әрі дамыта алды деуге болады. 1911 жылы «Айқап» журналы, ал 1913 «Қазақ» газетінен бастап «Бірлік туы», «Сарыарқа» мен т.б. мерзімді басылымдар қоғамдық ойды өсіріп, көкжиегін кеңітті. Егер ескішіл дәстүріндегі әдебиетте көркем әлем аясы мен көркем дәстүрлер канонға айналған шығыстық-мұсылмандық шеңберімен ғана шектелсе, жаңа ұламгерлер ұлттық әдебиетте жалпы адамзаттық тақырыптарды кіргізіп, жаңашыл үрдістерді талаптарды ұлт әдебиетінің алдына қоя алды. XX ғасыр басындағы ұлттық әдебиет қарқынды дауының негізінде Ж. Жарылғаповтың пікірінше: «Әдебиет ілгерілеуінің тағы бір айқындаушы – интеллектуалдықтың артуы. Әдеби шығармашылықтың санадан тыс стихиялық элементтері мен саналы түрде жүзеге асатын элементтерінің қарым-қатынасы өзгере бастады. Шығармашылықтың стихиялығына мифтік сана мен фольклордан келе жатқан дәстүрлі элементтерді жатқыза аламыз» [2, 20] дейді. Осы кезеңдегі халықтың эстетикалық талғамы мен талаптарына келер болсақ, жалпы қазақ әлі мифологиялық санадан арыла қоймаған және дүниені діни-мифологиялық сана аясында таныған шағы болатын. Академик С. Қасқабасов: «Біздің бұрынғы бабаларымыз, тіпті революцияға дейінгі, ол аз болса одан бертінгі кезде өмір сүрген қариялар қазақ арасында айтылған аңыздар мен мифтерге иланған, ондағы оқиғаларды баяғыда болды

деп ойлаған» [3, 72] деген пікір айтады. Жаңа дәуір әдебиетінің өкілдері «әлем әдебиетінен келген әдеби бағыттар мен ағымдардың элементтері ұлтымыздың бай фольклоры мен поэзиялық құндылықтарымен бірге өрілуінің нәтижесінде кәсіби ұлттық прозамыздың дүниеге келуіне септігін тигізді» [2, 18], дейді Ж. Жарылғапов. Алғашқы ұлттық прозалық туындыларда фольклорлық стильдің, ойлау ерекшеліктерінің ықпалы күшті болғаны рас. Алайда, тұтастай әдебиетіміздің қалыптасуында фольклоризмның ықпалы барлық әдебиет тектерінен толықтай байқауға болады. Айталық, А. Жаманкөзова жаңа дәуір ұлттық прозасындағы алғашқы туындыларына жататын «М. Дулатовтың «Бақытсыз Жамал» М. Дулатова, Т. Жомартбаевтың «Қыз көрелік», С. Торайғыровтың «Қамар-Сұлу» Ш. Құдайбердіұлының «Әділ-Мария», С. Көбеевтың «Қалың мал» романдары мен Б. Майлиның «Шұғаның белгісі» повесінде өмірлік материалды таңдау, кейіпкерлердің мінездерін ашудағы эстетикалық бастаулар авторлардың фольклорлық сана ықпалынан шыға амағандығын аңғартады» [4] дейді.

Алғашқы драмалық туындыларға келетін болсақ, Қ. Кемеңгерұлының «Алтын сақина» драмасы сондай фольклор әсері айқын байқалса, Ж. Шаниның «Арқалық батыр» трагедиясы таза халық жырының, эпос нұсқасының негізінде жазылғанын автордың өзі де айтып кеткені белгілі [5, 156]. Осы қатарда, М. Әуезовтың «Еңлік-Кебек», «Айман-Шолпан», «Қара Қыпшақ Қобыланды», «Қалқаман-Мамыр», «Хан Кене», Ғ. Мүсіреповтың «Қыз Жібек» сынды бірқатар пьесаларды атап өтуге болады [6]. Әр пьесада батырлық, тарихи, новеллалық эпостардың сюжеттер негізінде құрылғандығын анық көруге болады.

Әсіресе осы кезең поэзиясындағы кесек поэмаларының дені фольклорлық туындыларының сюжеттері мен мотивтерін, кейіпкерлер бейнесі мен баяндау ерекшеліктерін арқау еткені, бір жағы қазақ әдебиетіне шығыстық дәстүр арқылы сіңген назиралық үрдістің сақталғанын байқатса, екінші жағынан астарында терең мағынасы бар, мазмұнындағы көркем-идеялық шешімдерінің даралығын аңғартады. М. Жұмабаевтың «Қорқыт», «Батыр баян», «Жүсіп хан», «Өтірік өлең» поэмалары мен «Қойлыбайдың қобызы», «Ескендірдің екі мүйізі» балладаларында, І. Жансүгіровтың «Құлагер», «Күйші», «Күй» «Дала» поэмалары, С. Сейфуллинның «Көкшетау», «Аққудың айырылуы» сынды поэмалары фольклордағы аңыздық, мифтік, ертегілік сюжеттерді арқау еткен туындылар ретінде белгілі. Прозаға қарағанда поэзиялық туындылар көркемдік тұрғыдан болсын, эстетикалық жағынан болсын сол замандағы басқа тектегі туындылардан әдекайда жоғары тұрған туындылар болғаны сөзсіз. Айталық, М. Жұмабаевтың «Батыр баян», С. Сейфуллинның «Көкшетау», І. Жансүгіровтың «Күйші» поэмалары» Абылай хан мен оның ұрпағы Кенесары хан кейіпкерлерінің бірі болып табылып, тарихи сарын арқау болғанымен, хандар тұлғасына байланысты идеялогиялық көзқарастар тұрғыда алашыл Мағжаннан, советшіл Сәкен мен Ілияс көзқарастары жанаса бермейді.

Бастапқыда батыста фольклор ғылымын қара халықтың ауызекі тілінің аясында қалыптасқан сөз өнері, өз арасында қалыптасқан әдет-ғұрпы және осы аяда дамуын тапқан мәдениеті ретінде қарлып, ақсүектіктер ортасында қалыптасқан классикалық мәдениеттен дәрежесі төмен саналып, қарабайыр анайы мәдениет түрі ретінде қарастыру үрдісі қалыптасқан. Бүгінгі Британияда қарапайым халық арасындағы ауызекі тілі мен жалпы ағылшын тілінің арасында бірін-бірі түсіне алмастай дәрежедегі акцент пен диалектілер бар. Бүгінгі күнге дейін көпшілік ортада төменгі кластың акцентінде сөйлеу әдепсіздік ретінде қабылданады. Ал біздің тіл мәдениетіміздің ерекшелігі, тіліміз бен мәдениетіміздің барша халық үшін ортақтығында, еш уақытта кластық негізде тіл мен мәдениет бөле-жпрп қарамауында. Барлық ел іші болсын, шетелдегі қазақтар болсын тіл мен мәдениет ортақ және болмашын ғана өңірлілік ерекшелігі болуы ғана мүмкін. Осындай тұтастық ХХ ғасырдың басында да болған, ал 30-шы жылдарына дейінгі аралықтағы әдебиетті теориялық негізде пайымдаған А. Байтұрсынов сөз өнерін ауз әдебиетін жазба әдебиеттен бола жарып қарамайды, тұтастай сөз өнері ретінде алып қарауы да сондықтан болса керек. Тап солай өл келең әдебиеті дара сөз ретінде қалыптасса да фольклормен генетикалық негізде тұтасып жатыр.

С. Қасқабасов әдебиет пен фольклордық байланысының төрт типін айтады, олар: генетикалық, оппозициялық, үндестік және кері байланыстыр. Сонымен бірге, «әдебиет пен фольклордың арасындағы генетикалық байланыс жазба әдебиеттің жаңадан қалыптасу шағына тән, оның түп-тура фольклордың ішінен өсіп шыққан шағында оның жанрларын, сюжеттерін, бейнелерін, тілін молынан пайдаланады» [7, 344-346], дейді академик. XX ғасыр басындағы қазақ әдебиетін сөз еткен кезде, оның тап солай фольклордың ішінен өсіп шыққаны анық көрінеді. Авторлар кейде бейсаналық, кейде саналы негізде шығармашылықтарында үнемі фольклорға жүгініп отырады. Айталық, алғашқы прозалық және драмалық туындылардың тілі, стилі, оның ішіндегі бейнелеріді сомдау әдістері, жалпы фоны ретінде фольклормен үздіксіз реминисценциялық байланыс негізінде құрып отырады. Тіпті жекелеген драмалық туындылар толығымен эпос жырлардың сюжеттік желілерін арқау ете отырып жазылғаны анық. Егер кейінгі есейген қазақ әдебиетінде фольклорға саналы түрде баратын болса, жаңа әдебиеттің қалыптасу шағында жазушының дамыған фольклорлық кеңістікте өмір сүруі, оны өзге сөз өнерінің салаларынан көрі жақсы білуі, туындыны фольклордың тілінде сөйлетуі шартсыз дүние. Тіпті қаламгердің еркіне бағынбайтын шарттардың біріне айналып, толықтай интермәтінділік астарлар негізінде туындыларда үйлесімді негізде кестеленіп отырады. Олардағы генетикалық байланыс аса қуатты, себебі қаламгердің көркем әлемі туралы түйсігі фольклорлық әлем аясында қалыптасқан болғандықтан

Қазақ әдебиетіндегі шығыс әдебиетінің ішіндегі жекелеген ұлттық бөлігі болғандықтан, нағыз әдебиет ретінде тек поэзиялық формада жазылған туындылар ғана есептелді. Сондықтан әдебиеттің өзге тектерінен көрі жаға дәуір поэзиясы да едәуір ілгері дамыған болатын. Осы кезең поэзиясы да А. Байтұрсынұвтың жіктеуі бойында діндарлықтан, ділмарлыққа өткен әдебиет діндарлық кезеңінде ақын-молдалар қалыптастырған әдеби дәстүр жаңа формаға ие болды. Оның айтуынша: «Бастапқы жазба әдебиеттің мақсаты – дінді жаю, дінді күшейту болса, соңғы әдебиеттің мақсаты – тілді ұстарту, әдебиетті күшейту, көркейту болды», дейді [8, 144]. Деген де жаңа әдебиетте де шығыс әдебиетіне тән нәзіралық сипат басым болып, енді классикалық шығыстық сюжетермен қатар ұлттық фольклордағы эпостық, ертегілік, аңыздық, әпсаналық, мифтік сюжеттер генетикалық негізде жалғасын тапты. Шығыста қалыптасқан нәзирагөйліктің өзі фольклорлық сюжеттерді жазба негізде дамыған түрі бола келе, фольклорды молынан пайдаланған болса, ұлттық әдебиетте ұлттық негіздердің басымдылығымен қатар саяси ұстанымдар мен идеологиялық көзқарастарға басымдылық беріле бастады. Айталық, алашшы М. Жұмабаевтың поэмаларына байланысты Ш. Елеуқенов: «Әдебиет өткенді жырлай бастады, бірақ өйткенде ол бқрынғыны қайта орнатуды көздеген жоқ, тағылық өмірін дәріптеген жоқ. Ол өткенді жырлағанда жас халқын демейтін, оның оның жүрегіне сенім отын жағатын айла әзеді» [9, 354] дейді. Сонымен бірге, Мағжаның өзі де «Батыр Баян» поэмасының басында:

Жүрегім, мен зарлымын жаралыға,
Сұм өмір абақты ғой саналыға.
Қызыл тіл, қолым емес, кісендеулі,
Сондықтан жаным күйіп жанады да.
Қу өмір қызығы жоқ қажытқан соң,
Толғанып қарауым сол баяғыға.
Түйіннің тоқсан түрлі шешуі бар
Әдемі ертегідей баяғыда.
Әдемі еткенді ойлап айнымасам,

Сұм өмір күшті уын аяды ма? [10, 232], – деп өзінің поэманы жазған кезіндегі автор ретіндегі психологиялық күйін, шығармашылық мақсатын айқын көрсеткен. Соныдықтан, осы поэманы оның фольклорлық сюжет негізінде, фольклорға жақын эпикалық дәстүрде бекіген батырлық эпос сарынымен беруі мақсатты негізде жасалған қадам екені айқын көрінеді. Мұнда тек халықтың алдында елінің тәуелсіздігінің жолында жанкешті ерлік

көрсетіп, құрбан болуды ғана емес, тек сол жол үшін өмір сүріп, сол жолда ғана жан беруді, тіпті өз туған бауырында сол жолда құрбан етудің ең игі іс ретінде көрсетеді. Поэзияда кейде тылсыммен байланыс күшті және сәуегейлік сипатта жоқ емес. Сол тұста саяси жеңіліске ұшыраған Алаш қозғалысы дағдарысқа түсіп, көседерінің қатарындағы бой көрсеткен азаматтарға қарсы идеологиялық негізде қудалау, әр қадамдарын аңду басталған болатын. Оның «Қорқыт» поэмасы аңыздық, мифтік Қорқыт бейнесін арқылы қызыл билік тарапынан төніп келе жатқан ажалға қарсы шығудағы, өнердің, поэзияның ажалсыздығы арқылы мәңгілікке өмір кешуін, осының арқасында түбінде мұратқа жетуін үміті етеді. Мағжан тіпті классикалық назирашылық дәстүр аясындағы «Ескендір» тақырыбына да қадам басып, осы тақырып та да өзінің ізін қалдырды. Мұнда ескі әдебиеттегідей дастан емес, Абайдағыдай поэма емес, қысқа поэзиялық жанр – баллада негізінде берген. Оның «Қос мүйізді Ескендір» балладасының негізіне халық арасында кеңінен тараған әпсана алынған. Ақын нұсқасының сюжеттік желісі Ақыт Үлмжіұлының нұсқасына жақын келеді. Алайда идеялық мазмұны жағынан Абай поэмасымен үндесіп жатыр. Онда:

Ертегі ерте күндерде,
Ескендір атты хан болған.
Бесіктен көрге кіргенше,

Көргені қызыл қан болған [10, 83] – деп, ертегі астарында Ескендірдің жауыз бейнесіне баса назар аудартады. Ол балладада екі-ақ кейіпкер бар, біріншісі – патша да, екіншісі – шаштараз. Туынды шаштараздың дарға асылуымен аяқталады. Ақын пафосы өзінің өмір сүрген заманының келбетін сомдауға бағытталғаны байқалады. Шағын болса да, осы туынды сюжеті ертегілік сюжетке меңзегенімен, бүгінгі күн көкжиегінен қарасаңыз, ақын өмір сүрген тоталитарлық кезеңнің тарихи шындығын әшкерелуі екенін түсінесіз. Ескендір кейіпкерінің астарына – сталиндік жүйенің жандайшаптары кейіптелген болса, шаштараз бейнесінде – режим болмысын танып қойған жазықсыз құрбандар сөз етіледі. Осы жайт Ескендір тақырыбының бір сюжеттік желі аясында идеялық мазмұнының өзгеруі, нақты тарихи кезең ақын-жазушыларының алдына қойылған тараптардан туындап отырғаны байқалады. Ескендір бейнесін әр ақын өзінің көркем-идеялық мақсаттарына қарай сомдағанымен, қазақ әдебиеті мен фольклорында Ескендір бейнесі жағымды контексте бейнелене қоймайған. Қазақ әдебиетіндегі осы үрдіс бойынша Ескендір бейнесін дүниеқұмар, жауыз әрі ашкөз патша ретінде сомдау тенденциясы орын алған.

Тарихи кейіпкерлерге келетін болсақ Мағжанның Абылайы:

Күндерде сонау қара, тапсырған ел
Тағдырын Абылайдай данасына.
Сол күнде ел қорғаған Абылайдың
Қылсаң да аз қанша тәуеп моласына.
Алыстан орыс, қытай — ауыр салмақ,
Жақыннан тыншытпайды қалың қалмақ.
Артында — ор, алдында – көр, жан-жағы жау,
Дағдарған алаш енді қайда бармақ?
Сол кезде елге қорған болған Абылай,
Көп жаудың бірін шауып, бірін арбап.
Күндердің бір күнінде хан Абылай

Қалмаққа (ойына алды) ойран салмақ [10, 233], – деп елі үшін жан алып, жан берген дара саяси лидерді көреміз. Сондай сарында оның ұрпағы Сыздық төреге де «Ертегі» поэмасын арнайды, мұнда оның бейнесін ертегілік кейіпкер ретінде түспалдап береді. Бұл поэмада оның қарсыласы ретінде мифологиялық Жезтырнақ бейнесімен күресі кейіптелген. Алашшыл әдебиеттегі Абылай мен оның ұрпақтарының жағымды бейнесі С. Сейфуллин мен І. Жансүгіров поэмаларында жағымсыз кейіпте беріліп, тапшылдық тұрғыда феодалдық қатыгез қаһармандар ретінде көрсетілуі, олардың идеологиялық көзқарастары мен билігін орнатқан советтік билік талаптарына толықтай жауап беру қажеттілігінен болса керек. Ал Мағжанға шығармашылығына келетін болсақ ол өзінің Алаш

алдындағы сертіне беріктігін сақтап қалған, туындыларындағы түспал, мен аллегориялар астарында тәуелсіздік идеяларына деген адалдық, тек сол үшін ғана жан беру идеялын дәріптеу мен орнаған советшіл билікті әшкерелеу сынды мұраттарды көздейді.

Нәтижелер. Осы зерттеу барысында жаңа қазақ әдебиетіндегі қалыптасу шағындағы шығармашылық қаламгерлердің шығармашылығында фольклордың ықпалы:

Біріншіден, ХХ ғасыр басындағы қаламгерлердің фольклорлық кеңістік поэтикасының ішінде өмір сүруімен және фольклорды сөз өнерінің бір саласы ретінде бөле-жарып қарамай әдебиеттің бір саласы ретінде қарауында. Осы кезеңде фольклор әдебиеттің қай тегінде, қай жанрында болсын көркедеуші құрал, сюжеттік-мотивтік қоры ғана емес, әдебиеттің даралану шағындағы айқындалуындағы эстетикалық тірегі де бола алды. Фольклорлық материал бейнелерді сомдауда, туынды идеясын ашуда, автордың ұстанымын айқындауда, сюжеттік желіні айқындауда шығармашылық процестің негізгі құралына айналды. Сондықтан, фольклор әдебиетке көбіне таза кейде таза күйінде, ал дамыған едәуір дамуын тапқан поэзия жанрында, сюжеттік материал мен көркемдеуші материал ретінде пайдаланылды.

Екіншіден, ХХ ғасырдың басындағы әдебиет тек сөз өнерін дамытуды, көркем-шығармашылық негізде сайысқа түсуді ғана көздеп қоймады. Қазақ қаламгерлерінің негізгі идеологиялық құралына айналды. Қазақ баласы алашшыл және советшіл қаламгерлерге бөлініп, біріншілері әдебиетті өнер ретінде, фольклорды аллегория мен метафоралық негізде пайдаланса, советшіл қаламгерлер, жаңа биліктің халық арасындағы беделін нығайту, халыққа жақын тіл арқылы советтік идеяларды жеткізу құралы ретінде пайдаланды. Әр тараптың фольклорға интерпретация жасауы замана үрдісіне айналды.

Үшіншіден, сонымен бірге фольклорлық туындылар арқылы қоғамда болып жатқан өзгерістерге жазушылардың көзқарасын көрсетудің де құралына айналды. Кей туындыларды бөле идеологиялық тұрғыда бөле-жара қарауға келмейді. Фольклорлық сюжет пен бейнеге өзінің, жалпы қоғамның психологиялық ахуалын, жан күйзелісін, сыртқы жағдайға байланысты ішкі сезімін көрсетуді де көздегені байұалады. Айталық, С. Сейфуллинның «Аққудың айырылуы» поэмасы мен І. Жансүгіровтың «Күйші» поэмаларындағы пессимистік ауаң, белгілі дәрежеде өмірден түңілуді, мұраттарының алдындағы үмітсіздік күйді жетікзетіндей. Кейде тасқын ағынымен қоса ағып бара жатқан, бірақ тасқынға қарсы шығатын шарасы жоқ автор бейнесін де көруге болады. Керісінше, М. Жұмабаевтың сырт көз шарасыздығының астарында үлкен үміт, іспен болмаса да, сөз өнері арқылы кеткен есесін қайтару ниеті анық көрінеді. Оның үміті тек артында қалатын сөзінде екенін анық түсінгендіктен болар.

Қорытынды. ХХ ғасыр басындағы қазақ халқының денінің эстетикалық талғамы фольклорлық негіздерді арқау етуі, дүниетанымы мифологиялық санаға жақын болуы қаламгердің де оқырманың да жақын болуы, жаңа әдебиеттің дамуында фольклордың үлкен ықпалын тигізді. Фольклор әдеби шығармашылықтың денінде прозалық және драмалық туындыларды поэтикалық көркемдеуші құрал ретінде бүкпесіз пайдаланылса, бірқатар алашшыл рухтағы қаламгерлер өздерінің авторлық позициясын, саяси, әлеуметтік, басқа да қоғам мен адам өміріндегі түйткіл мәселелерді жеткізудің құралы ретінде пайдаланды. Сол кезең, әдеби даралығын айқындауы фольклорды негізге алмай дамуы тіпті мүмкін де емес еді. Әдебиет идеологиялық күрестің ең десті құралына ғана айналып қоймай, фольклордағы материал арұылы қоғам мен адам арасындағы қайшылықтарды көрсетудің де әдісіне айналды. Генетикалық негізде фольклордың әдебиеті дамытудағы ролі бастапқылыққа ие болды. Егер алашшыл қаламгерлер фольклорлық материал арқылы қоғамдағы адам еркіндігі, ұлт тәуелсіздігі идеяларын дәріптеп, көнеден тамырын тартқан фольклорлық жанрлар мен сюжеттер арқылы тарихи тұлғалар бейнесін елдік мұратқа жетудегі идеал ретінде көрсетіп жаңа заманың кемшіліктерін көрсетуге тырысты. Керісінше советшіл жазушылар өткенді сынау оның бойындағы өткен формациялық кемшіліктерді көрсету арқылы жаңа заманды асқақтатуға, заманауи үрдіс ретінде үстемдікке жеткен тапшылдық принциптерге сай келтіре жазуды көздеді. Дей тұрғанмен

осындай қайшылықтар түпкілікті әдебиеттегі фольклоризмдерді арқау ете отырып әдеби дамудың, жаңа ағымдар мен бағыттардың орнығуына, туындылардың көркемдік деңгейінің көтерілуіне, белгілі дәрежеде септігін тигізгені сөзсіз.

Әдебиеттер

1. Kendirbaeva G. 'We are children of Alash' The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // *Central Asian Survey* (1999). – 18(1). – pp. 5-36. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02634939995722>
2. Ozgecan Kesici. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity // *Nationalities Papers*. 2017. – Vol. 45. No. 6. – Б. 1135-1149. <https://www.cambridge.org/core/journals/nationalities-papers/article/abs/alash-movement-and-the-question-of-kazakh-ethnicity/64407681196535137C1A28D045192281>
3. Жақан Д. Алаш қайраткерлерінің ұлттық фольклор жайындағы ғылыми ой-пікірлері // *Керуен*. Том 81. – №4 (2023). – Б. 105-118. <https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23/50>
4. Герцен А.И. Собрание сочинении в тридцати томах. Т. 7. О развитии революционных идей в России. Произведения 1851-1852 годов. – М.: Академии наук СССР, 1955. – 469 с.
5. Жарылғапов Ж.Ж. Қазақ прозасы: ағымдар мен әдістер: Монография. – Қарағанды: ЖПС «Гласир», 2009. – 400 б.
6. Қасқабасов С. Жаназық. Әр жылғы зерттеулер. – Астана: Аударма, 2002. – 584 б.
7. Жаманқозова А.Т. Фольклорные традиции в первых образцах казахской литературы // *Филологический аспект: международный научно-практический журнал*. – 2022. – № 03 (83).
8. Нұрғали Р. Қазақ әдебиетінің алтын ғасыры. Зерттеу. – Астана: Күлтегін, 2002. – 528 б.
9. Обаева Г.С. Формы проникновения фольклора в казахскую литературу // *International Journal of Humanities and Natural Sciences* Международный журнал гуманитарных и естественных наук. – 2019. – № 4-2. – С. 113-118.
10. Қасқабасов С.А. О типах и формах взаимодействия казахской литературы и фольклора // *Кітапта: Елзерде*. – Алматы: «Жібек жолы», 2008. – 504 б.
11. Байтүрсынов А. Әдебиет танытқыш. Зерттеу мен өлеңдер. – Алматы: Атамұра, 2003. – 208 б.
12. Елеуқенов Ш. Мағжан (өмірі мен шығармагерлігі). Оқу құралы. – Алматы: Санат, 1995. – 384 б.
13. Жұмабаев М. Шығармалары: Өлеңдер, поэмалар, қара сөздер. – Алматы, Жазушы, 1989. – 448 б.

С.А. КАСКАБАСОВ, Ж.Т. КАРИПБАЕВ

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауезова, Алматы, Казахстан

ФОЛЬКЛОРНЫЕ ОСНОВЫ ЛИТЕРАТУРЫ АЛАШ

Аннотация. Объектом исследования стало рассмотрение влияния фольклора на развитие новой казахской литературы начала XX века. Формирование новой казахской литературы происходило в тяжелый период перемен и потрясений. Значительная часть трудов национальной интеллигенции была связана с развитием национальной литературы, литературоведения и фольклористики. В частности, в политическую платформу движения Алаш был заложен миф об Алаш-хане. Вместе с этим исследуются использование алашордынцами в литературе фольклора в качестве исходного материала в развитии сюжета произведений, созданий образов персонажей. Фольклор также использовался в принятии решений и в качестве идеологического средства воздействия на широкие массы, которые сопоставляются с творчеством писателей советского направления. В качестве аналитического материала использовались произведения выдающегося представителя национальной литературы,

писателя-алашордынца М. Жумабаева. Акцентируется внимание на использование казахским классиком фольклорного материала. Магжан Жумабаев придерживался особых духовных ценностей и популяризировал их, используя фольклорное наследие в художественных целях. В ходе исследования выявляются тенденции использования фольклора в других сферах литературы. Основное внимание уделяется вопросам места фольклорного материала в преемственности традиций и популяризации идеи независимости, его использования в выражении авторской позиции, на основе которых определяются результаты и делаются соответствующие выводы по исследованию.

Ключевые слова: национальное самосознание, новая литература, фольклоризм, М. Жумабаев, мифологическое сознание, фольклорное пространство.

S.A. KASKABASOV, ZH.T. KARIPBAEV,

M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan

FOLKLORE BASES OF ALASH LITERATURE

Annotation. The object of the study in this article was to consider the influence of folklore on the development of new Kazakh literature of the early twentieth century. The formation of new Kazakh literature fell on a difficult period of change and upheaval. A significant part of the works of the national intelligentsia was associated with the development of national literature, literary criticism and folklore studies. In particular, the myth of Alash was laid in the political platform of the Alash movement. At the same time, not to mention their initial research of Alash figures in folklore, their use in folklore literature as a source material in the development of the plot of the work, the creation of character images is studied, it was used in making ideological decisions and also as an ideological means of influencing the masses, which are compared with the work of writers of the Soviet direction. The works of an outstanding representative of national literature, the writer of Alash - M. Zhumabayev were used as analytical material. Attention is drawn to his use of folklore material in his work. What spiritual values did he adhere to and popularize them using folklore heritage for artistic purposes. During the study, attention is drawn to the trends in the use of folklore in other areas of literature. The main attention is paid to the issues of the place of folklore material in the continuity of traditions and the popularization of the idea of independence, its use in expressing the author's position, on the basis of which the results are revealed and the corresponding conclusions are made on the study.

Keywords: Alash, national consciousness, new literature, folklorism, M. Zhumabaev, mythological consciousness, folklore plot and image.

References

1. Kendirbaeva G. 'We are children of Alash' The Kazakh intelligentsia at the beginning of the 20th century in search of national identity and prospects of the cultural survival of the Kazakh people // Central Asian Survey (1999). – 18(1). – pp 5-36. <https://www.tandfonline.com/doi/abs/10.1080/02634939995722>
2. Ozgecan K. The Alash movement and the question of Kazakh ethnicity // Nationalities Papers. – 2017. – Vol. 45. – No. 6. – pp 1135-1149. <https://www.cambridge.org/core/journals/nationalities-papers/article/abs/alash-movement-and-the-question-of-kazakh-ethnicity/64407681196535137C1A28D045192281>
3. Jaqan D. Alaş qairatkerleriniñ ultiyq fölklor jaiyndaǵy ğylymi oi-pıqırları // Keruen. Tom 81. – №4 (2023). – Б. 105-118. <https://keruenjournal.kz/main/issue/view/23/50>
4. Gersen A.İ. Sobranie sochinenii v tridsati tomah. T.-7. O razvitii revolsionnyh idei v Rosii. Proizvedenia 1851-1852 godov. – Moskva, İzd-vo Akadenmii nauk SSSR, 1955. – 469 b.
5. Jarylǵapov J.J. Qazaq prozasy: aǵymdar men edister: Monografıa. – Qaraǵandy: JIIS «Glasiir», 2009. – 400 b.

6. Qasqabasov S. Janazyq. Är jylğy zertteuler. – Astana: Audarma, 2002. – 584 b.
7. Jamankozova A.T. Fölklornye traditsii v pervykh obrazсах kazahskoi literatury // Filologicheski aspekt: mejdunarodnyi nauchno-prakticheski jurnal. – 2022. – № 03 (83). <https://scipress.ru/philology/articles/folklornye-traditsii-v-pervykh-obraztsakh-kazahskoj-literatury.html>
8. Nürğali R. Qazaq ädebietiniñ altyn ğasyry. Zertteu. – Astana: Kültegin, 2002. – 528 b.
9. Obaeva G.S. Formy proniknovenia föklora v kazahskuiu literature // International Journal of Humanities and Natural Sciences Mejdunarodnyi jurnal gumanitarnyh i estestvennyh nauk. – 2019. – № 4-2. – S. 113-118.
10. Qasqabasov S.A. O tipah i formah vzaimodeistvia kazahskoi literatury i föklora // Kıtapta: Elzerde. – Almaty: «Jibek joly», 2008. – 504 b.
11. Baitürsynov A. Ädebiet tanytqys. Zertteu men öleñder. – Almaty: Atamūra, 2003. – 208 b.
12. Eleukenov Ş. Mağjan (ömiri men şyğarmagerligi). Oqu qūraly. – Almaty: Sanat, 1995. – 384 b.
13. Jūmabaev M. Şyğarmalary: Öleñder, poemalar, qara sözder. – Almaty: Jazuşy, 1989. – 448 b.

Автор туралы мәлімет:

Қасқабасов Сейт Асқарұлы – ҚР ҰҒА академигі, филология ғылымдарының докторы, профессор, М.О.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

Қасқабасов Сейт Асқарович – академик НАН РК, доктор филологических наук, профессор Института литературы и искусства имени М.О. Ауезова, Алматы, Казахстан.

Kaskabasov Seyt – Academician of the National Academy of Sciences of the Republic of Kazakhstan, doctor of philological sciences, professor, M.O. Aueзов Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Қарипбаев Жанбота Тасболатович – философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан.

Қарипбаев Жанбота Тасболатович – доктор философии (PhD) Института литературы и искусства имени М.О.Ауезова, Алматы, Казахстан.

Karipbaev Zhanbota – Doctor of Philosophy (PhD), M.O. Aueзов Institute of Literature and Art, Almaty, Kazakhstan.

Т.Е. ҚЫДЫР¹*Х.Х. ТАДЖИЕВ²

М.Әуезов атындағы әдебиет және өнер институты, Алматы, Қазақстан¹
М.Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан²
(e-mail: qydyr.torali@gmail.com¹, xamidulla_86@mail.ru²)

*«НӘҢЖ ӘЛ-ФӘРАДИС» ЖӘНЕ ХХ ҒАСЫР БАСЫНДАҒЫ ҚАЗАҚ ЖАЗБА ӘДЕБИЕТІ: РУХАНИ ҮНДЕСТІК ЖӘНЕ ДӘСТҮР ЖАЛҒАСТЫҒЫ

Аңдатпа. Кез келген мемлекеттің қалыптасу тарихында белгілі бір тарихи үдерістердің әсері болуы заңды құбылыс. Егемен Қазақстанның қалыптасу үдерісіндегі маңызды тарихи кезеңнің бірі Алтын Орда кезеңі деуге болады. Бүгінгі таңда аталған дәуірді насихаттауға мемлекеттік деңгейде назар аударылуының өзі бұл кезеңнің шын мәнінде маңызды құбылыс екендігін көрсетіп отыр. Үш жүз жылға жуық салтанат құрып, тарих толқынында ұланғасыр территорияны Қазақ еліне мұра етіп қалдырған бұл мемлекеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани-әдеби мұраларын зерттеудің ерекше маңызы зор. Әсіресе, бұл кезеңде жазып қалдырылған әдеби мұралардың кейінгі дәуірлерде қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсерін зерттеп, бүгінгі жұртшылыққа насихаттау әдебиетші ғалымдардың негізгі міндеті дер едік. Міне, сондай әдеби жәдігерлердің бірі Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты еңбегі.

Мақалада орта ғасырлық әдеби жәдігердің түркі мұсылман халықтары әдебиетіндегі алатын орны мен ХХ ғасыр басындағы қазақ жазба әдебиетіне тигізген әсері, ақындар шығармалары арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығы салыстырмалы түрде зерттелді.

Түйін сөздер: Алтын Орда, Нәһж әл-фәрадис, Махмұт Кердери, қазақ жазба әдебиеті, рухани үндестік, дәстүр жалғастығы.

Кіріспе. Қазақ елінің ұлт болып ұйысып, тұтастай дербес мемлекет болып қалыптасуында түрлі тарихи кезеңдер мен тарихи тұлғалардың, саяси оқиғалар мен мәдени-әдеби жәдігерлердің өзіндік орны бар. Тәуелсіз Қазақстанның қалыптасу тарихындағы маңызды факторлардың бірі, сегіз ғасырға жуық уақыт бұрын Жошы ұлысының орнына құрылған Алтын Орда мемлекеті (XIII-XVI ғ.ғ.) кезеңі болды. Аталған дәуірді насихаттауға бүгінгі таңда мемлекеттік деңгейде назар аударылуының өзі бұл дәуірдің өзіндік ерекшелігі мен қазақ мемлекеттілігінің қалыптасу жолындағы әсерін арттыра түседі.

Үш жүз жылға жуық салтанат құрып, тарих толқынында ұланғасыр территорияны Қазақ еліне мұра етіп қалдырған бұл мемлекеттің әлемдік өркениетке қосқан үлесі мен саяси-әлеуметтік, тарихи-мәдени, рухани-әдеби мұраларын зерттеп, әлемдік ғылыми кеңістікке алып шығудың ерекше маңызы зор. Әсіресе, бұл кезеңде жазып қалдырылған әдеби мұралардың кейінгі дәуірлерде қазақтың ұлттық дүниетанымының қалыптасуына жасаған әсерін зерттеп, бүгінгі жұртшылыққа насихаттау – ұлттық бірегейлік пен әдеби дәстүрдің өзара байланысын ашып көрсетуге мүмкіндік береді. Ғасырлар тоғысындағы бұл байланыстарға негіз болған фактордың бірі – Ислам діні екені жасырын емес.

* Мақала ҚР ҒЖБМ ғылым комитеті қаржыландыратын АР14972895 «Алтын Орда және ХХ ғасыр басындағы қазақ әдебиеті: рухани үндестік және дәстүр жалғастығы» ғылыми жобасы аясында жазылды.

Алтын Ордада мемлекеттік дін Ислам діні деп жариялануы бұл өлкелерде өмір сүрген халықтардың дүниетанымымен тікелей байланысты болса, екінші жағынан билік басындағы сұлтандардың Ислам дініне деген ерекше ықыласы деп те айтуға болады. Ал, бұл өлкелерде Ислам дінінің маңызының артуы көбірек Орталық Азиядағы Бұхара, Хорезм қалаларымен байланысты болды. Бұл пікірді татар ғалымдары Ф.Ш. Нуриева мен Э.Г. Сайфетдиновалар да қолдай отырып: «Влияние на народы, населявшие Золотую Орду, оказывали мусульманские ученые из Средней Азии, в частности, Бухары, Хорезма. Фактически, исламские правители Золотой Орды приняли от исламских проповедников, прибывших из этих мест» [1, 87], – деп пікір білдіріпті. Алтын Ордада мұсылмандық өмірдің күшеюіне ықпал еткен ханның бірі Өзбек хан болатын. «Ел басқару ісіндегі Өзбектің негізгі жетістігі – қол астындағы халықтың оннан сегіз бөлігі мұсылман болғандықтан өзі де сол дінді қабылдауы. Ел басқару үшін, оның дінін білу де, басқару да керек. Сондықтан имам, мүфти, қари, мүриттер, мұсылман саудагерлері Өзбек ханды дәріптеп, дәрежесі жоғарылай беруін тілеп отырған [2, 111]. Мұсылмандық өмірдің өркендеп дамуы, бұл дәуірде ислами әдебиеттің қарыштап дамуына себеп болды. Міне сондай, Алтын Орда тұсында жазылған шығармалардың бірі – Махмұт бин Ғали әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердеридің (?-1360 ж.) діни-дидактикалық сарында жазылған «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) атты туындысы.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Алтын Орда кезеңінің өзінен кейінгі дәуірдегі әдебиетке ықпал еткен әдеби жәдігері — «Нәһж әл-фәрадис» (Жұмақтықтардың ашық жолы) еңбегі және XX ғасыр басында қазақ халқының ұлттық тәрбиесі мен діни сауатының оянуына әсер еткен қиссашыл ақындар шығармашылығы арасындағы рухани үндестік пен дәстүр жалғастығын зерттеу. «Нәһж әл-фәрадис» еңбегінде қозғалған мәселелердің тақырыптық-идеялық жағынан көлемді болуына байланысты біз «Пайғамбардың қасиеттеріне» арналған мәселелерге және олардың кейінгі қазақ жазба әдебиетіндегі орны мен маңызды тұстарына назар аудардық. Сондай-ақ тиісті деректерді қарастыруда зерттеу нысанына алынып отырған тақырыптың көкейкестілігіне және фактілердің алуандығына назар аударылды. Қарастырылып отырған тақырыптың негізгі қозғаушы факторы және тақырыпқа қатысты деректі материалдардың ең негізгілері Алтын Орда кезеңіндегі әдебиет пен XX ғасыр басында өмір сүрген, қазақ әдебиетінде қисса жанрының дамуына үлес қосқан өлеңдері мен дастандары арқылы Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) өнегелі өмірімен адамзатқа үлгі боларлық қасиеттерін насихаттаған ақындар, соның ішінде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы сынды діни-ағартушы ақындар шығармаларын салғастырмалы, салыстырмалы-тарихи зерттеу әдістері негізге алынды.

Талқылау мен бақылау. XIV ғасырда оғыз-қыпшақ-қарлұқ тілдерінің негізінде дүниеге келген бұл жәдігерді алғаш рет ғылыми айналымға түсірген татар ағартушысы Шихабуддин Мәржани еді. 1897 жылы ол «Мустәфәд әл-әхбәр фи әхуали Қазан уә Булгар» атты еңбегінде Махмұт Кердери және оның еңбегі жайлы тың деректер ұсынған. Араға жиырма тоғыз жыл салып ғалым Ахмет Зәки Уәлиди Тоған «Narezmdе yazılmış eski türkçe eserler» атты зерттеу еңбегін жазып «Нәһж әл-фәраdistі» Харезм өңірінде жазылған жазба ескерткіш ретінде ұсынады. Ал 1930 жылы Ялта шығыс музейінің ғылыми қызметкері Якуб Кемал бұл шығарманың Қырымдық нұсқасын «Тюрко-татарская рукопись XIV века «Нехджль-Фарадис» атты еңбегінде жариялайды. Осылайша ғылыми айналымға ене бастаған бұл жәдігерді А. Самойлович, Ш. Абилов, Э. Наджип, Б. Яфаров, Э. Фазылов, С. Вахиди Я. Экман, Е. Блоше, Ф. Көпрүлү, У. Киуаметдин сияқты түркітанушы ғалымдар зерттеген. Соңғы жылдары бұл шығармаға деген қызығушылық бауырлас түркі халықтарында да артып келеді. Солардың қатарында түрік ғалымы Билал Актан тарапынан 2017 жылы жарияланған *Nehcü'l-Ferâdis (Cennetlerin açık yolu)*, тілші ғалым Ф. Нуриеваның «Нахдж ал-Фарадис» Махмуда ал-Булғари» (1999 ж.), «Мәхмүд әл-Болғари. Нәһжел-Фәрадис» (2002 ж.), Болгар елінде М.А. Усманов атындағы Алтын Орда және татар хандығын зерттеу орталығы мен Ш. Маржани атындағы тарих институты ғалымдары тарапынан жарық көрген «Путь в Рай» (2019 ж.) атты еңбектерін атауға болады.

Шығарма авторының аты-жөні – Ғали ұлы Махмұт. Автордың әл-Бұлғари әс-Сараи әл-Кердери деген тахаллусын ғалымдар Махмұттың Бұлғарда туылып, Алтын Орданың орталығы болған Сараи қаласында өмір сүргендігімен байланыстырады. Ал, осындағы Кердер (Кардар) деген атауға келгенде ғалымдар пікірі үшке бөлінген. З.У. Тоған, Ф. Көпрүлү, Я. Кемал секілді ғалымдар әл-Кердери деген атауды автордың көне Харезм төңірегіндегі Кердер шаһарынан білім алғандығымен байланыстырады [3, 24], [4, 5], [5, 28]. Ал, 1930 жылы Қырым нұсқасын жариялаған Я. Кемал: «Курдер находится в Харезме на востоке от Куне-Ургенч между современными Ене-Калем и Чимбаем; в прежнее время он считался известным городом» [1, 246], – деп Махмұт бин Ғалиды Харезм аймағында дүниеге келген десе, Б. Яфаров: «Кәрд сүзе күп жирдә Болгар сүзе белән бәйләнеп йори. Ш. Мәржәнинең «Мостафад әл-Әхбар» кітабында Кәрд Болгар... искә алына, шулай ук Ленинградта Көнчыгышны өйренү институтында В 344 шифрындагы кульязма эчендә Кәрд Болгарны мактаган фарсыча шигырь бар. Менә б мәгълүматлар Болгар илендә берәр авыл я шәһәр яки Болгар шәһәре тирәсендәге район түтелме икән дигән фикергә китерә» [5, 30], – деп Кердердің Болгар төңірегінде болуы мүмкін бір жер екендігі туралы өзінің ойын ортаға салған. Десек те, белгілі түркітанушы ғалым Ә. Нәжіптің «Нәһж әл-фәрадистің» Санкт-Петербург нұсқасын зерделей келе: «Как известно, многие из казахских родов и племен входили тогда в состав Золотой Орды. Племена, входившие в состав «киши жуз» кочевали в непосредственной близости от культурных центров государства в низовьях Волги. «Киши жуз» в свою очередь распадался на 1) «Алим улы»; 2) «Бай улы»; 3) «Жети уру». «Жети уру» распадался на семь крупных родов, одним из которых и был род «Курдер». Следовательно, мы нашего автора можем по происхождения связать с родом Курдер. Тогда мы уточнили бы его биографию так: Махмұт бин Али родился в Булгаре, жил и творил в Сарае и происходил из рода Курдер», – деген ойы көңілге қонымды екенін ерекше атап өткен жөн [1, 248].

«Нәһж әл-фәрадис» біздің заманымызға дейін бірнеше нұсқада жетіп келген. Татарстан орталығы Қазанда жеті (Н.И. Лобачевский атындағы Ғылыми кітапхананың сирек кітаптар мен қолжазбалар бөлімінде – 4; Г. Ибрагимов атындағы Тіл, әдебиет және сәнгать институты кітапханасында – 2; Қазан мемлекеттік педагогика университетінде – 1), ал, Уфа, Ульянов және Астраханда бір-бір нұсқасы сақталған. Сонымен бірге Санкт-Петербургтағы Шығыстану институты архивында «Нәһж әл-фәрадистің» екі нұсқасы бар [6, 5].

Десек те ғылымға белгілі ең көне нұсқа – Стамбұлдағы Сүлеймания кітапханасының Йени Жәми бөлімінің 879 нөмірде сақталған қолжазба болып есептеледі. Бұл қолжазбаның басқа нұсқалардан басты айырмашылығы – біріншіден, көшірілу тарихы жағынан автор заманына жақындығы болса, екіншіден, толық нұсқада сақталуы дер едік (Бұл нұсқа 34×25 см. пішімде, әр бетте 17 жолдан тұратын 222 парақ, яғни 444 беттен тұрады). Қою қара сиямен жазылып, кейбір жерлер ерекшеленіп қызылмен берілген бұл нұсқа тікелей автор тарапынан жазылмағанымен де, соның көзі тірісінде көшірілген. Насх көркем жазуымен көшірілген қолжазбаның соңында кәтіп (көшіруші): «Бұл кітап тарих жеті жүз алпыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәдул-улә айының алтыншы күні сәске (біздің жыл санақ бойынша 1360 жылы наурыздың 22-сі – Т.Қ.) уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткінші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды» [7, 341], – деп шығарма авторының, яғни Махмұт әл-Кердерінің екі-үш күн ғана бұрын дүниеден өткеніне тоқталған.

Бүгінгі ғылымға белгілі бұл қолжазбаны ғылым әлеміне танытқан Зәки Уәлиди Тоған болғанымен де, көне нұсқаға жарық өмір сыйлаған түркітанушы Я. Экман болатын. Ол Стамбул нұсқасын 1956 жылы Түркияда жариялады. Содан бері де бірнеше рет жарық көрді.

Сонымен бірге 1928 жылы Қырымнан табылған қолжазба да, көшірілу тарихы жағынан көне нұсқа болып есептеледі (1390 жылы Мұхаммед ұлы Қасым тарапынан көшірілген). Бұл нұсқа туралы алғаш мәлімет берген Ялта шығыс музейінің қызметкері Я. Кемал болатын. Өкінішке қарай, 549 беттен тұратын қолжазба жоғалған.

Көнеден жеткен шығарманың кейбір нұсқалары біздің заманымызға дейін жетіп келмегенімен де, негізгі деген сенімді қолжазбаның сол қалпы сақталғанын ерекше атап өткен жөн. Әрі жазылу тарихы жағынан автор өмір сүрген заманға жақындығы да Стамбул нұсқасының толықтығына әрі заман тезінен өтіп, әртүрлі «өңдеу, түзетулерден» аман сақталғандығына толық кепілдік берсе керек.

«Нәһж әл-фәрадистің» композициялық құрылымы негізінен үлкен төрт баптан тұрады. Әр бапта он бөлім бар. Әр бап белгілі бір тақырыпты көтерген. Ішкі бөлімдерде сол тақырыптың мазмұны ашылған. Бұл туралы Махмұт әл-Кердері: «Осы хадиске сүйеніп, пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен сенімді кітаптардан қырық хадисті топтастырды. Және осы хадистерге лайықты хикаяларды пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) ахуалынан, тағы Хуләфәи рашидин жағдайынан, ғұлама және машайық ахуалынан құрастырып, бұл кітапты төрт бапқа бөлді. Және әр бапты он бөлімге бөлді және әр бөлімнің басына бір хадисті келтірді. (Осылайша) пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) хадистерінен жиынтығы қырық хадис болады», – деп түйіндеген.

Әр бөлім Мұхаммед пайғамбардың бір хадисімен басталып отырған. Автор сол бөлімде пайғамбар өсиетінің хақтығын сахаба-табиғиндер мен әулие-әнбиелердің даналық сөздерімен, сондай-ақ олардың өмірлеріне қатысты қызықты хикаяларымен жеткізуге тырысқан. Бір бөлім бір тақырыпқа ғана арналғандықтан автордың айтар ойы тиянақты, жинақы берілген. Ахлақ, тәлім-тәрбие секілді адами асыл қасиеттерден тұратын бұл еңбегін жазарда Махмұт әл-Кердері Ислам әлеміне танымал болған Имам Мұхаммед Бұхари, Имам Әбу Иса Термизи, Әбу Жүсіп әл-Қази, Имам Мұхаммед Башрауи, Имам Ғазали, Имам Шағбан ибн Мәһди, Имам Әбу Ләйс Самарқанди, Имам Бағауи, Имам Сағани секілді т.б. мұхаддис, фақиһ ғалымдардың еңбектерінен пайдаланған.

Сонымен қатар шығарманы көшіруші: «Бұл кітап тарихы жеті жүз алпыс бірде, Алланың қасиетті айы – Жумәд әл-улә айының алтыншы күні күшлық уақытында аяқталды. Және бұл кітаптың авторы осы жексенбі күні өткінші дүниеден мәңгілік дүниеге аттанды» [7, 341], – деген сөзінен шығарма авторымен жақсы таныс болған деуге негіз бар.

Кердері жиырма үш жылдық пайғамбарлық кезеңнің негізгі тұстарын ғана алған. Әрі әрбір бөлімді пайғамбар өміріндегі мұғжизалы оқиғалар және өсиеттерімен бастап отырған. Мысалы: «Имам Бағауи (Алланың оған мейірім болсын) «Мәсабиһ» деген кітабында мына хадисті келтіріпті Хадистің мағынасы мынау: Анас ибн Мәлік риуаят етеді: «Пайғамбарға (Алланың оған сәлемі болсын) миғраж түні Жебірейіл Пырақ алып келді. Жүген салынды, ер салынды. Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) Пыраққа мінбекші болып еді, пырақ асаулық танытты. Жебірейіл: «Ей, Пырақ, Мұхаммедке асаулық танытып тұрсың ба? Хақ Тағаланың қасында саған Мұхаммедтен құрметті, Мұхаммедтен ардақты ешкім де мінбеген», – деп еді, Пырақ жуасып, тері аға бастады» [7, 52], – деп миғраж оқиғасын баяндайды.

Кердері хадисті Имам Бағауидің «Мәсабиһ» атты еңбегінен алып, талдауға кіріскен. Ал хадис Анас ибн Мәліктен, ол Әлидің (Алла одан разы болсын) қарындасы Умми Ханиден өрбітеді. Умми Хани пайғамбардың өз аузынан естігенін баяндайды: «Пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын) бір түні бізге қонақ болды. Жолдасым Хубайра да бар еді. Таң атқанда пайғамбар (Алланың оған сәлемі болсын): «Ей, Умми Хани, мен саған бір ғажап хикая айтып берейін бе?», – деді. Мен: «Ей, Алланың елшісі, айтып беріңіз!», – дедім. Пайғамбар (ғ.с): «Осы түні Жебірейіл мен Микәйіл келді, (өздерімен) бір жануар алып келді. Ол жануардың аты Пырақ еді. Қашырдан кішірек, есектен үлкеңдеу, жүзі адамның жүзі секілді, құйрығы мен тұяғы інгеннің құйрығы мен тұяғына ұқсайды. Егер жерде (мініп) жүрмекші болсам, бір адымын мұнда басса, екінші адымы көз ұшы жететін жерді басады. Егер жоғары жаққа баруды қаласам, аспанда құстай ұшады. Реңі ақ түсті» [7, 341]. Мұнда басты назар аударатын мәселенің бірі, жоғарыда айтқанымыздай, Кердері хадистерді ең сенімді дереккөздерден алуға тырысқан және Пайғамбарымыз өміріндегі ең маңызды оқиғалар жайлы сөз қозғаған. Олай дейтін себебіміз, Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у.) өміріндегі елеулі мұғжизалардың бірі – Миғраж оқиғасы болатын. Бұл оқиғаның

ислами әдебиет тарихында алатын ерекше орны мен кейінгі дәуірлерде түркі мұсылман халықтарының мәдениеті мен әдебиетіне, әсіресе қазақ жазба әдебиетіне тигізген әсері мол. Сонымен, Миғраж – арабша «саты», «баспалдақ» дегенді білдіретін қасиетті ұғым. Миғраж сөзінің түбірі араб тіліндегі «уруж» яғни «көтерілу» сөзі. Осы түбірден миғраж – «көкке көтерілу сатысы» мағыналары келіп шығады. Миғраж оқиғасы туралы Құран кәрімнің бес жерінде (15/14; 32/5; 34/2; 57/4; 70/4) сөз болса, екі орында «Меариж» яғни «сатылар» (70/3; 43/3) мағынасында зікір етілген [8, 230].

Шарғи мағынасында Хазірет Мұхаммедтің (с.а.у.) Жәбірейілмен (ғ.с.) бірге пыраққа мініп, белгілі бір сәт ішінде Мекке қаласынан Құддысқа баруы «Исра», – деп аталады да, ол жерден жеті қабат аспанға сапар шегуі, аспанның әрбір қабатында өзінен бұрын өткен пайғамбарлармен кездесуі, жәннат пен тозақты көруі, Сидрәтул-мунтаһаға көтеріліп, Жаратушының бүкіл мұсылман үмбетіне парыз етіп бұйырған «Намаз» құлшылығын аманат ретінде қабылдауы, үмбетіне шапағат ету құқығының берілуі сынды көптеген мұғжизалы оқиғаларын қамтыған термин ретінде «Миғраж» мұғжизасы қолданылады.

Пайғамбарымыздың (с.а.у.) қасиетті сапарында орын алған міне, осы керемет мұғжизалары бұл тақырыпқа көптеген шайырлардың ат басын бұрып, пайғамбардың өнегелі өмір жолын адамзатқа үлгі етуіне негіз болды. Әдебиетте мұндай шығармалар «Миғражнамалар», – деп аталды. Осылайша, түркі халықтары ислами әдебиетінде «Миғражнамалар» жеке жанр деңгейіне көтерілген. Сондықтан да, Мұхаммедтің (Алланың оған сәлемі болсын) өнегелі жолын көркем сөзбен үгіттегісі келген ақын-шайырлардың бәрі де осы оқиғаны суреттеуге ерекше күш салған. Әрі Миғраж оқиғасы ғайып ғажайып, тылсым оқиғаларға тола болғандықтан да, ондағы образдар мен сюжеттерді беруде қаламгерлер бар өнерлерін салған.

Миғраж оқиғасы жайлы сөз қозғаған қаламгерлер, негізінен, үш сатыға басты назар аударады. Мұны Миғраж оқиғасының үш композициясы деуге болады:

Бірінші саты, Исра деп аталып, Мұхаммедтің Жәбірейіл және пырақтың (желдей тез ұшатын ат сияқты бір махлұқ) көмегімен Мекке шаһарынан Құддыстағы Сүлеймен (ғ.с.) салдыртқан Мешіт Ақсаға баруы, онда екі ракағат намаз оқуы, әрі жол-жөнекей бірнеше қызықты жағдайларға кезігуі, бұрынғы өткен пайғамбарлармен сұхбаттас болып, одан ары көкке қарай жол тартуы;

Екінші саты, Миғраж. Онда Мұхаммедтің Ақса мешітінен ғарышқа ұшуы. Яғни, алами сағирдан (кіші әлемнен) алами кәбирге (үлкен әлемге) баруы. Жолда бірнеше таңғажайып оқиғаларға тап болып, Мұса, Ибрахим, Сүлеймен, Иса секілді Алла елшілері мен періштелерді кездестіріп, олармен сұхбаттас болуы. Жетінші көкте Сидрат әл-Мунтаһаға жеткенде өзімен бірге бара жатқан Жәбірейіл мен пырақтың сыртта қалуы, кейбір қабаттарда ғажайып періштелердің мойнында серуендеуі. Одан соң Аршы-Күрсі, Лаухы Қалам және Ләмәкән әлемі, «қаба қаусәйн», «ау адна» мақамдарына жетуі, Алла дидарын көріп, онымен сұхбаттас болуы, қайтып келе жатып жәннат пен дозақтың мән-жағдайын аңғаруы. Ондағы рахат пен азабтың айырмашылығын сезінуі, үмметінің күнәсін Алладан сұрауы, бірнеше ғажайып махлұқтар мен сырлы дүниелерге қанық болуы;

Үшінші саты, Нузул деп аталып, Мұхаммедтің жолда келе жатып және бірнеше оқиғаларды көруі, содан өз үйіне қайта келуі. Кейбір деректерде пайғамбардың көктен келгенінде жатқан орны әлі суымағаны, ашып кеткен есігі әлі қозғалып, дәрет алған суы әлі шайқалып тұрғаны сөз болады [9, 58].

Ғалым Метин Акар (Metin Akar) түркі халықтары әдебиетінде бұл тақырыпта алғаш рет қалам тербеген шайыр Сүлеймен Бақырғани (Хакім Ата) екенін айтса, зерттеулеріміз қорытындысында бұл тақырыпта алғаш рет сөз қозғаған ақын – сопылық поэзияның негізін салушы, данышпан, ойшыл, Бақырғанидің ұстазы Қожа Ахмет Ясауи екені белгілі болды. Бұл пікір ғалым Мехмет Темизкан (Mehmet Temizkan) тарапынан да қолдау тапқанын көруге болады [10, 165].

Ясауи өзінің «Хикаяти меъраж» деп аталатын хикметтерінің тізбегінде былай жырлаған:

Әйа достлар, баян әйләй Хақ расулдын,
Үммәт болсаң ештiб дуруд әйтиң достлар.
Ул «Раһмәтән лил әләмин» жузу куллдiн,
Үммәт болсаң ештiб дуруд әйтиң достлар...

Хикмәт қылды «Меъраж» сөзiн Құл Хожа Әхмәд,
Шүкрилиллаһ Мустафаға қылды фәрзәнд.
Арслан бабам хурма берiб қылды хурсанд,
Чiн үммәтсен ештiб дуруд әйтиң достлар [11, 71].

Мағынасы: «Ей, достарым, Хақ Расулы (Алла елшiсi) жайлы сөз қозғайын, егер оған үмбет болсаң, мұны естигенде мақтау айт. Ол әлемдердiң рахметi, шапағатшысына үмбет болсаң, мұны естигенде мақтау айт. Құл Қожа Ахмет Миғраж оқиғасын хикметпен баян еттi, Аллаға шүкiр Мұстафаның ұрпағынан болуды жазды. Арслан бабам құрма берiп қуантты, шын үмбет болсаң, мұны естигенде мақтау айт».

Ясауидiң атақты шәкiрттерiнiң бiрi, Сүлеймен Бақырғани де Алла елшiсiнiң (с.а.у.) өмiрiндегi осы бiр елеулi оқиғаға арнап «Миғражнама» атты шағын поэзиялық туынды жаратты. Онда пайғамбардың пырағын ақын былай суреттеген:

... Расул шығып келдi,
Қарады, пырақты көрдi,
Хақ шеберлiгiн көрiп ап,
Аң-таң болып қалды-йә.

Жүзiн нұрдан жаратқан,
Көзi гауһардан жаратқан,
Ерiндерi лағылдан,
Тiсi дүрден едi-йә.

Басы оның iнжуден,
Құлақтары ақықтан,
Тұмсығы оның зәбәржад,
Тiсi маржан едi-йә [12, 409-410].

Бақырғани пырақты бастан-яқ көркем суреттеп шыққан. Оның жүзi нұрдан, көзi гауһардан, ернi лағылдан, басы iнжуден, құлақтары ақықтан, тiсi маржаннан, қанаттары жақұттан, сүйектерi изумрудтан, етi мен iшi жұпар иiстен жаралған. Пайғамбар пырағының бейнесiн беруде ақын өзiне белгiлi бар асыл тастарды санамалап шыққан деуге болады. Бақырғани одан әрi оның түгiн жұпардан, жал-құйрығын райханнан, аяқтарын гауһардан, тағасын алтыннын жаратады. Пырақтың бойы аттан үлкендеу, түйеден кiшiлеу екенiн айтады. Тiптi оның үстiндегi ерiн қызыл жақұттан жаратқан. Осыдан-ақ, Бақырғанидың пырақты суреттеуге ерекше ден қойғанын аңғаруға болады.

XV ғасырда атақты Әмiр Темiрдiң ұлы Шаһруһтың арнайы тапсырмасымен 1436 жылы Мир Хайдар есiмдi сарай ақыны «Миғражнама» атты көлемдi шығарма жазып, ол Герат қаласында Малик Баһши есiмдi хаттат (каллиграф) тарапынан хатқа түсiрiледi. Шығарма 1673 жылы Антони Галланд тарапынан сатып алынып, Францияның Колберт кiтапханасына тапсырылыпты. Бүгiнгi таңда Париж қаласындағы Ұлттық кiтапханада сақтаулы бұл еңбек сол Шаһруһ тарапынан жаздырылған нұсқа, – дейдi Ғалым Чағлар Дениз (Çağlar Deniz) [8, 262]. Бұл тарихи деректi басқа да түркiтанушы ғалымдар толықтыра түскен. Мысалы, «Миғражнама» шығармасының ғылымға белгiлi екi нұсқасы жайлы тiлшi ғалым Саадет Чағатай (Saadet Çağatay): «Алғашқысы ұйғыр әрпiмен жазылған Франция нұсқасы, екiншiсi араб әрпiмен жазылған Истанбул нұсқасы. Ұйғыр әрпiмен көшiрiлген мәтiн 1436 жылы Гератта Малик Баһши тарапынан хатқа түсiрiлген» [13, 175] десе, ғалым Жиһан Доған (Sihan Doğan) шығарманың араб әрпiмен жазылған нұсқасын Павел де Куртилле

(Pavet de Courtille) есімді аудармашы француз тіліне аударғанын жазады [14, 55]. Ал, ғалым Грубер (Gruber) Миғражнама еңбегінің бұл нұсқасы жайлы былай дейді: «Шығарманың ұйғыр тіліндегі нұсқасы Тимуридтердің саяси-экономикалық, мәдени-рухани тұрғыдан кемелденген тұсында Сұлтан Шаһруһ заманында жазылған. Бұл шығарманың Сұлтан Шаһруһ заманында жазылуы оның Миғраж оқиғасына қызығушылық танытқанынан ғана емес, керісінше ата-бабаларынан келе жатқан ескі моғол дәстүрлерінен түгелдей бас тартып, мемлекетін хақ дін Ислам шариғатымен басқаруды мақсат еткендігінен және Құран мен хадиске негізделген «Миғражнама» шығармасын насихаттаудан туған» [15, 266].

Нәтижелер. Алтын Орда тұсында жазылған бұл құнды еңбек өзінен кейінгі дәуірлерде жазылған әдеби мұраларда көрініс тауып, рухани үндестік пен дәстүр жалғастығына ұйытқы болды. Әсіресе XX ғасыр басында қазақ жазба әдебиетіндегі Пайғамбардың өнегелі өмірін жырлау дәстүрі сөзіміздің айқын дәлелі бола алады. Бұл кезеңде Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді төре Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрами сынды ақындар шығармалары арқылы пайғамбар өмірін поэзия тілімен жырлады.

Діни-ағартушы ақын ретінде қазақ жазба әдебиетінде өзіндік жол салған тұлға, өмірін ұрпағына рухани мұра қалдыруға арнаған ойшыл – Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы дүниетанымында иманның орны ерекше. Ал, иманның негізгі шарттарының бірі болып табылатын «Пайғамбарларға сенім» мәселесі де қоғамның рухани тәрбиесімен айналысқан ұстаз үшін маңызды болғанын ақын шығармашылығын зерттеу барысында көз жеткізіп отырмыз. «Бес жастан «бисмиллә», – деп жаздым хатты, бұл тағдыр жастай тиді маған қатты», – деп ақын жазғандай, бес жасынан молдадан хат таныған Адам Жүсіп алғаш Баяндағы Нәжмеддин хазіреттен сауатын ашса, 8 жасында Қамариддин хазіреттің берген тағылымымен білімін шыңдай түскен. Ал, Бұхарадағы жоғары оқу орнында алған діни білімдерінің нәтижесі оның нағыз Ислам ғылымы жолында пісіп жетілуіне себеп болғандай. Мәшһүр Жүсіп өзінің «Миғраж» атты шығармасында:

Әуелі бисмилләдүр сөзім басы,
Тыйылмас булықса да көздің жасы.
Миғражын ән хазіретінің тамаша қып,
Сөйлеген ақын Мәшһүр хикаясы.

Құдайым жарылқай ма көптен, аздан,
Ойым бар келсе күшім, Қағба қажыдан.
Жарандар құлақ салып тыңдасаңыз,

Азырақ сөз қозғайын Миғраждан [16, 146], – деп Миғраж оқиғасын қазақ даласында қайта жаңғыртса XX ғасыр басында өмір сүрген ақын Жүсіп Сайрамидің қолжазбаларын парақтағанымызда, Пайғамбарымыз Миғражына арналған мына өлең жолдары ақындардың бұл тақырыпқа қанық екендігін тағы бір рет дәлелдеп берді. Сайрами:

Бір кечә бардың һәрәмдін Мәсжиді Әқсағача,
Хәмраһиң Руһул қудс та алами балағәчә,
Күрсийу лауһу қалам, әрші ула әлағәчә,
Сәйр қылдың қаба қәусәйнәу «әу әдна» гәчә,
Лүтф қылса хақ мәнгә тәуафи һәрәм, йа, Мұстафа,
Рәузәи пакиңгә барсам, дидә нәм, йа, Мұстафа [17, 135].

Мағынасы: Бір түнде Харам мешітінен Ақса мешітіне дейін бардың, Жолдасың Руһул Құдус (Жәбірейіл) Күрси мен Лауһул қалам һәм Аршы Ағлаға дейін апарды. Сайрандадың Қаба қаусайн мен «Әу әднаға» дейін. Ия, Мұстафа, Хақ тағала бұйырса маған Қағбаны тәу етуге, қасиетті қабіріңе барсам деймін, ия, Мұстафа – десе, Шәді ақын «Сияр шәриф» деген еңбегінде Мұхаммедтің (Алланың оған сәлемі болсын) өмір тарихын бастан-аяқ өлең сөзбен өрнектеп шыққан. Осы көлемді туындының арасында Шәді ақын Миғраж оқиғасына ерекше назар аударып, бір бөлімін «Миғражнаме-е Анхазірет», яғни «Сол Хазіреттің миғражнамасы», – деп атаған.

Ия, Алла, рахметің көп Рахман атың,
Әшкере инс, жынға есім затың.
Фазылыңмен айтпағыма асан айла,
Досыңның миғраж барған хикаятын [18, 52], – деп, Шәді ақын Миғраж оқиғасын бастан-аяқ поэзиямен өрнектепті.

Махмұт Кердері пайғамбардың Сирдрәт әл-Мунтаһада көрген оқиғаларын өзіне дейінгі сияр еңбектерінде келетін мәліметтер негізінде жіті баяндап шыққан. Ондағы әрбір сәтті оқырманға сол қалпында жеткізуге барын салған. «Сидрат әл-Мунтаһаға жеткен уақытымда періштелер қарсы алу үшін алдымнан шығып, сәлем берді. Үш тостаған алып келді: бірінің ішінде арақ бар еді, тағы бірінде әсел бар еді, енді бірінің ішінде сүт бар еді. Осы үш тостағанды алдыма тосып еді, мен сүт тостағанды алып, іштім. Арақ құйылған тостаған мен әселі бар тостағанды алмап едім, жаңағы періште: «Ей, Мұхаммед, мына сүтті тостағанды таңдап қандай жақсы істедің! Үмметтерің дүниеде иманмен өтеді және дүниеден өтерде иманмен өтеді», – деді. Мен қуандым», – деп автор Алла елшісінің сүтті ішкенін жазады [7, 55].

Ал, ХХ ғасырдың басында Шәді төре Жәңгірұлы осы сәтті былайша суреттепті:
Ішінде есебі жоқ көшкі тұрған,
Бағзысы лағыл, жақұт, жауһарлардан.
Зумуррад қызыл алтын, ақ күмістен,
Көшкінің әрбіріне кангере қылған.

Жәннатта төрт дарияны және көрді,
Сүт пен су һәм әсел мен хамыр еді.
Бұл дүние ол дарияға қарағанда,
Сахарада бір титімдей көрінеді [18, 122].

Араб, парсы һәм түркі халықтар әдебиетінде «Миғражнамалар» көп жазылғандықтан да, кейбір ғалымдар оны жеке жанр ретінде қарастыру керектігін алға тартқан. Бұдан өлең үлгісімен жазылған миғражнамалардың табиғатын зерделеп, содан соң ғана оның жанрын анықтау мәселесі алға шығатыны анық.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, бүгінгі тәуелсіз Қазақ елінің пайда болуында негізгі қозғаушы күш болған Алтын Орда мемлекетіндегі басты құндылықтардың бірі бұл – Ислам дінінің мемлекеттік дін деңгейіне көтерілуі еді. Бұл жағдай ел арасында шарият шарттарының кеңінен насихатталуына жол ашып берді. Қоғамда араб тілін жетік меңгерген, Құран мен Пайғамбар хадистерін бұқара халыққа түркі тілінде түсіндіріп беретін ғалымдарға сұраныс артты. Ғалымдар Ислам тарихы мен оны адамзат баласына көркем үлгіде жеткізген Мұхаммед пайғамбар жайлы шығармалар жазуды қолға алды. Бүгін бүкіл түркітанушы ғалымдар мақтанышпен жариялап отырған «Қисас ул әнбия», «Нахж әл-фәрадис», «Жұм-Жұма», «Мұғин ул мүрид» сынды ондаған жазба жәдігерлер сол кезеңде қоғамға Ислам дінін насихаттау арқылы ізгілікті таратуды мақсат еткен Бұрхануддин Рабғұзи, Махмұт Кердери, Хұсам Катиб сынды сөз зергерлері тарапынан жазып қалдырылған еді. Осы жазба мұралар арасында Махмұт Кердеридің «Нахж ул-фәрадис» еңбегі Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) қырық хадисін жинақтаған дидактикалық шығарма ретінде оғыз, қыпшақ тайпалары арасында үлкен серпіліс жасады деген түйінді ойға келдік. «Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ерекше қасиеттері туралы», – деп аталатын тараудағы түркі мұсылман халықтарының әдебиетінде кеңінен тараған Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) «Миғраж оқиғасы» өзіне дейінгі дәстүрді жалғастыра отырып, бұл тақырыптың ары қарай дәстүрлі түрде жалғасуына жол салды деуге болады. Өйткені, зерттеу барысында көз жеткізгеніміз, түркі халықтары әдебиетінде, оның ішінде қазақ даласында «Мұхаммед пайғамбардың (с.а.у.) ерекше қасиеттері туралы» жыр-дастандар көптеп кездесіп отыр. Әрине, ХІҮ-ХХ ғасырлар арасында түркі халықтарының өміріне ерекше әсер еткен бұл жазба жәдігерлерді өзінен бұрынғы және өзінен кейінгі мұралармен салыстыра зерттеу, генезисін айқындау болашақ ғылыми зерттеулерге жол ашары сөзсіз.

Түркі халықтары әдебиетінде сөз өнерін қастерлеген шайырлар бұл жолды өздеріне үлгі ете отырып, әдеби дәстүрге айналдырғанын ескерсек, ХХ ғасыр басында өмір сүрген Мәшһүр Жүсіп Көпейұлы, Шәді Жәңгірұлы, Жүсіп Сайрами, Майлықожа Сұлтанқожаұлы, Нұралы Нысанбайұлы сынды ақындар Мұхаммед пайғамбардың тарихта қалдырған өнегесін поэзия жолымен жырлап, қазақ жазба әдебиетіндегі қиссашылдық дәстүрдің дамуына өзіндік үлес қосқанын көреміз. Қазақ халқының діни санасының өсуі жолында қызмет еткен бұл ақындардың сусындаған бұлағы орта ғасырлық жазба жәдігерлер екеніне тақырыпты зерттеу барысында көз жеткіздік. Түркі халықтары әдебиеті тарихында бұл тақырыптың өте аз зерттелген тақырыптардың бірі екенін ғалымдар назарына ұсына отырып, алдағы уақытта бұдан да терең зерттеулерге жол ашылады деп үміттенеміз.

Әдебиеттер

1. Нуриева Ф.Ш., Сайфетдинова Э.Г. Религиозный трактат «Нахдж ал-Фарадис» Махмуда ал-Булгари (1358 г.) как источник по истории духовной культуры Золотой Орды // Золотоордынское обозрение. – 2018. – Т. 6. – № 1. – С. 85-100. <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2018-6-1.85-100>
2. Орда Г.Ж., Сарсенбаева Ж.Б., Есенберлин І. «Алтын Орда» тарихи трилогиясындағы мемлекеттік идея және тарихи тұлға тұжырымдамасы // Керуен ғылыми журналы. – 2023. – Т. 79. – №2. – Б. 98-115. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-08>
3. Наджип Э. Регионы и этапы формирования тюркских письменных языков и литератур. – Туркестан: Туран, 2007. – 268 с.
4. Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmaһlarınғ açuq yolu /Cennetlerin açık yolu/. – Ankara, 2004. – 538 s.
5. Нуриева Ф. «Нахдж ал-фарадис» Махмұта ал-Булгари. – Казань: 1999. – 208 с.
6. Мәхмұд әл-Болгари. Нәһжел-Фарадис. – Казан: 2002. – 225 б.
7. Махмұт әл-Кердери. Жұмақтардың ашық жолы. (Құрастырған: Т. Қыдыр). Әдеби жәдігерлер сериясы. 10-том. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2010. – 480 б.
8. Çağlar D. A. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler // Alevilik-Bektaşilik Araştırmaları Dergisi. – 2019. – №19. – В. 225-283.
9. Рафиддинов С. Мажоз ва хақиқат. – Тошкент: 1995. – 225 с.
10. Temizkan M. Ahmed Yesevi'nin Miraç-namesi ve Etkileri üzerine bir inceleme. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies. 16/2. – Kış-Winter, 2016.
11. Яссавий Ҳожа Аҳмад. Девони хикмат. Нашрга тайёрлаганлар: Ҳаққул И., Ҳасан Н. – Тошкент: Наврӯз, 2018. – 360 б.
12. Сүлеймен Бақырғани. Ақырзаман. Әдеби жәдігерлер сериясы. 7-том. – Алматы: Таймас баспа үйі, 2008. – 480 б.
13. Çağatay S. Türk lehçeleri Örnekleri, VIII Yüzyıldan XVIII Yüzyıla Kadar Yazı Dili. No. 9. – Ankara: – 1977.
14. Cihan D. Mirâc-name Harezmi türkçesiyle mi yazılmıştır. – Ankara: Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türkoloji Dergisi, 22.1, 2018.
15. Gruber, Ch. J. The Timurid Book of Ascension (Mi'rajnama): A Study Text and Image in a Pan-Asian Context. – Valencia: Patrimonio Ediciones in collaboration with the biblioteque nationale de France, 2008.
16. Көпейұлы М. Шығармалары. – Павлодар: ЭКО, ҒӨФ, 2003. – Т. 2. – 384 б.
17. Сарёмий Ю. Асарлар. Нашрга тай: Қосимов Б., Тожибоева М. – Тошкент: Маънавият, 2002. – 167 б.
18. Жәңгірұлы Ш. Назым Сияр Шәриф. Алматы: Арыс, 2003. – 426 б.

Т.Е. КЫДЫР

Институт литературы и искусства имени М. Ауэзова, Алматы, Казахстан

Х.Х. ТАДЖИЕВ

Южно-Казахстанский университет имени М. Ауэзова, Шымкент, Казахстан

**«НАХДЖ АЛЬ-ФАРАДИС» И КАЗАХСКАЯ ПИСЬМЕННАЯ ЛИТЕРАТУРА НАЧАЛА
XX ВЕКА: ДУХОВНАЯ ГАРМОНИЯ И ПРЕЕМСТВЕННОСТЬ ТРАДИЦИИ**

Аннотация. Влияние тех или иных исторических процессов и исторических событий на историю становления любого государства является закономерным явлением. Одним из важнейших исторических периодов становления независимого Казахстана является период Золотой Орды. Сегодня пропаганда указанной эпохи на государственном уровне показывает, что этот период является действительно важным явлением. Особое значение приобретает изучение политико-социального, историко-культурного, духовно-литературного наследия этого государства, отметившего почти трехсотлетнюю историю и оставившего древнюю территорию в наследство казахскому народу. В частности, можно сказать, что главной задачей литературоведов является изучение влияния литературного наследия, записанного в этот период, на формирование казахского национального мировоззрения в более поздние эпохи и пропаганда его среди современной общественности. Работа Махмута бин Гали аль-Булгари ас-Сараи аль-Кердери, написанная в религиозно-дидактической рубрике под названием «Нахдж аль-фарадис» («Открытый путь рая»), одна из таких литературных реликвий.

В статье изучено место средневекового литературного реликта в литературе тюркомусульманских народов и его влияние на казахскую письменную литературу начала XX века, духовную гармонию и преемственность традиции между произведениями поэтов.

Ключевые слова: Золотая Орда, Нахж аль-Фарадис, Махмут Кердери, казахская письменная литература, духовная гармония, преемственность традиций.

T.E. QYDYR

Institute of Literature and Art M. Auezov, Almaty, Republic of Kazakhstan

KH.KH. TADZHIYEV

M. Auezov South Kazakhstan University, Shymkent, Republic of Kazakhstan

**«NAHJ AL-FARADIS» AND KAZAKH WRITTEN LITERATURE BEGAN XX TH
CENTURY: SPIRITUAL HARMONY AND CONTINUITY OF TRADITION**

Annotation. The influence of certain historical processes and historical events on the history of the formation of any state is a natural phenomenon. One of the most important historical periods in the formation of independent Kazakhstan is the period of the Golden Horde. Today, propaganda of this era at the state level shows that this period is a truly important phenomenon. Of particular importance is the study of the political-social, historical-cultural, spiritual-literary heritage of this state, which marked almost three hundred years of history and left the ancient territory as a legacy to the Kazakh people. In particular, it can be said that the main task of literary scholars is to study the influence of the literary heritage recorded during this period on the formation of the Kazakh national worldview in later eras and its propaganda among the public today. Here is the work of Mahmut bin Ghali al-Bulgari al-Sarai al-Kerderi, written in a religious-didactic column entitled "Nahj al-Faradis" ("The Open Path of Paradise"), one of such literary relics. Here is the work of Mahmut bin Ghali al-Bulgari al-Sarai al-Kerderi, written in a religious-didactic column entitled "Nahj al-Faradis" ("The Open Path of Paradise"), one of such literary relics.

The article comparatively studies the place of the medieval literary relic in the literature of the Turkic-Muslim peoples and its influence on the Kazakh written literature of the early 20th century, spiritual harmony and continuity of tradition between the works of poets.

Keywords: Golden Horde, Nahj al-Faradis, Mahmut Kerderi, Kazakh written literature, spiritual harmony, continuity of traditions.

Reference

1. Nurieva F.Ş., Saifetdinova E.G. Religiozniy traktat «Nahj al-Faradis» Mahmuda al-Bulgari (1358 g.) kak istochnik po istorii duhov noi kültury Zolotoi Ordy //Zolotoordynskoe obozrenie. – 2018. – Т. 6. – № 1. – С. 85-100. <https://doi.org/10.22378/2313-6197.2018-6-1.85-100>
2. Orda G.J., Sarsenbaeva J.B., Esenberlin I. «Altyn Orda» tarihi trilogiasyndaғы memlekettik ideia және tarihi tұлға tүйrymdamasy // Keruen ғылыми журналы. – 2023. – Т. 79. – № 2. – В. 98-115. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2023.2-08>
3. Nadjip E. Regiony i etapy formirovaniya turkskih pismennih yazikov I literatur. – Turkestan: Turan, 2007. – 268 p.
4. Eckmann J. Nehcül-Feradis. Uştmahtarların açuq yolu /Cennetlerin açık yolu/. –Ankara, 2004. – 538 s.
5. Nuriyeva F. «Nahj al- Faradis» Mahmuta al-Bulgary. – Kazan, 1999. – 208 p.
6. Mahmud al-Bolgary. Nahjel-Faradis. – Kazan: 2002. – 225 p.
7. Mahmud al-Kerderi. Jumaqtarding ashiq joly. (Ed: T.Qydyr). Adebı jadigerler seriyasy. – V. 10. – Almaty: Taaymas, 2010. – 480 p.
8. Çağlar D.A. Mucizenin ikonografisi: Miraç ve Miraçnameler // Alevilik-Bektaşılık Araştırmaları Dergisi. – 2019. – №19. – В. 225-283.
9. Rafiddinov S. Majoz va haqiqat. – Toshkent: 1995. – 225 p.
10. Temizkan M. Ahmed Yesevi'nin Miraç-nesmesi ve Etkileri üzerine bir inceleme. // Türk Dünyası İncelemeleri Dergisi / Journal of Turkish World Studies. 16/2. Kış-Winter, 2016.
11. Yassaviy Hoja Ahmad. Devoni hikmat. Ed.: Haqqul I., Hasan N. – Toshkent: Navroz, 2018. – 360 p.
12. Suleymen Baqyrgani. Aqyryzaman. Adebı jadigerler seriyasy. V.7. Almaty: Taymas, 2008. – 480 p.
13. Çağatay S. Türk lehçeleri Örnekleri, VIII Yüzyıldan XVIII Yüzyıla Kadar Yazı Dili. No. 9. – Ankara: 1977.
14. Cihan D. Mirâc-name Harezmi türkçesiyle mi yazılmıştır. – Ankara: Üniversitesi Dil ve Tarih-Coğrafya Fakültesi, Türkoloji Dergisi, 22.1, 2018.
15. Gruber, Ch. J. The Timurid Book of Ascension (Mi'rajnama): A Study Text and Image in a Pan-Asian Context. – Valencia: Patrimonio Ediciones in collaboration with the biblioteque nationale de France, 2008.
16. Kopeyuly M. Shigarmalary. – Pavlodar: EKO, 2003. – V.2. – 384 p.
17. Saryomiy Y. Asarlar. Ed: Qosimov B., Tojiboyeva M. – Toshkent: Manaviyat, 2002. – 167 p.
18. Jangiruly Sh. Nazym Siyar Sharif. – Almaty: Arys, 2003. – 426 p.

Авторлар туралы мәлімет:

Қыдыр Төрәлі Еділбайұлы – филология ғылымдарының кандидаты, М.О. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының доценті, Алматы, Қазақстан Республикасы.

Қыдыр Торали Едилбаевич – кандидат филологических наук, доцент Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Алматы, Республика Казахстан.

Kydyr Torali Edilbaevich – candidate of philological sciences, M.O. Auezova Institute of Literature and Art, Almaty, Republic of Kazakhstan.

Таджиев Хамидулла Хабибуллаұлы – философия докторы (PhD), М.О. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан университеті, Шымкент, Қазақстан Республикасы.

Таджиев Хамидулла Хабибуллаевич – доктор философии (PhD), Южно-Казахстанский университет имени М.О. Ауэзова, Шымкент, Республика Казахстан.

Tadzhiev Khamidulla Khabibullaevich – Doctor of Philosophy (PhD), South Kazakhstan University named after M.O. Auezov, Shymkent, Republic of Kazakhstan.

*А. МАУЛЕТ¹ 

А. ТОЙШАНҰЛЫ² 

Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан¹

Халықаралық Түркі академиясы, Астана, Қазақстан²

(e-mail: nurterek@gmail.com¹, mr.ardabi@mail.ru²)

*ШЕТЕЛДЕГІ ҚАЗАҚТАРДА САҚТАЛҒАН ФОЛЬКЛОРЛЫҚ-МУЗЫКАЛЫҚ КЕЙБІР ЖАНРЛАРДАҒЫ ОРТАҚ ЕРЕКШЕЛІКТЕР

Аңдатпа. Мақалада көшпелі қазақ даласында кең таралған, ортақ ерекшелікке ие музыкалық-фольклорлық бәдік-күләпсан, жаңылтпаш сияқты жанрлар қырғыз, өзбек, құмық, моңғол секілді халықтардың кейбір жанрларымен салыстырылып тексерілді. Мысалы, фольклорда кездесетін магиялық ескі өлең (музыкалық әуенге құрылған) бәдік-күләпсан Орта Азияда өмір сүретін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік халықтары арасында ғана аймақтық сипатта таралған. Бұл өлең басқа туысқан түрік халықтарының ешбірінде кездеспейді, сол себептен де авторлар бәдікті түрік бірлігі ыдырағаннан кейін пайда болған жанрлық түр деп санайды. Бәдік жанры алғашында ежелгі түрік халықтарының дерт көшіру ғұрпында орындалатын магиялық ескі өлеңді негіз етіп пайда болған. Алайда бұл өлең бүкіл түркі халықтарына ортақ таралмай, тек қана Орта Азия халықтарына таралғандықтан оның мәтіндері кейінгі замандарда қалыптасқан деуге негіз бар. Ал Жаңылтпаш ықшам жанр болғандықтан оны зерттеу ісі де кешірек қолға алынды. Жаңылтпаш бәдік-күләпсан сияқты нақтылы музыкалық формасы бар әуенмен емес, әр адамның интонациялық ерекшелігіне сай көбінесе біркелкі әуенмен тақпақталып айтылып, сөздің тазалығына баса мән беріледі. Сондықтан да, бәдік-күләпсанда музыкалық әуеннің ерекшелігі басымырақ деуге болады. Жаңылтпаш ауыз қуысындағы мүшелер толық дамымай сақаулана сөйлейтін ерке-шолжаң балалардың тілін түзетуге ұтымды пайдаланылып, оларды шешендік өнерге баулып жаттықтырған ойын құралы екені зерделенді. Ал Бәдік-күләпсан өлеңі Орта Азиядағы қазақ, қырғыз, қарақалпақ, өзбек, тәжік халықтарына ғана аймақтық сипатта жайылған, өлеңдетіп айту арқылы магиялық жолмен ауру-дертті көшіруге арналық фольклорлық жыр. Кейде бәдіктің бір түрін күләпсан деп те атаған.

Бұл зерттеуде қазіргі таңда Өзбекстан қазақтарында ғана қолданылуын сақтаған бәдік-күләпсан өлеңі мен ел аузынан жиналған жаңылтпаштар, сонымен бірге алаш зиялыларының әлі де жариялана қоймаған сирек кездесетін кітаптарындағы үлгілер ғылыми айналымға енгізілді.

Түйін сөздер: бәдік, күләпсан, жаңылтпаш, фольклор, түркі халықтары, бала тілі, экспедиция, зерттеу.

Кіріспе. Бәдік – адам мен малға жұққан дертті көшіру ғұрпында орындалатын магияны арқау еткен көне өлең. Бұл өлең қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжік халықтарында бар. Дерт көшіру салтында әртүрлі арбау мәндес өлеңдер айтқанымен бауырлас башқұрт, татар, түрікмендер, Кавказды, я болмаса Алтайды, Сібірді мекендейтін түрік жұрттары

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР14972919 «Ұлттық бірегейлік аспектісінде, шетелден оралған қазақтардың музыкалық мәдениетінің аймақтық-орындаушылық стилін тарихи-мәдени тұрғыдан зерделеу» ғылыми жобасы аясында жазылды.

бәдікті тіпті білмейді [1, 149]. Бәдік, күләпсан деген сөздер – зиянкес аурудың қаскөй рух-иесінің мифологиялық аты. Мал мен адамның бойындағы бәдік ауруын қуу, көшіру үшін ерте кезде халық топтасып, улап-шулап өлең айтатын болған. Сөздің дуасы және музыкалық әуеннің әсерімен кеселді дертті қуу рәсімінде айтатын осы өлең кейін келе әу бастағы салттық, емдік сипатынан айырылып, қыз бен жігіттің күлкілі ермек үшін жұптасып айта беретін жаттамалы өлеңіне айналып кеткенге ұқсайды.

Бәдік жанры туралы Ә. Диваев [2], А. Байтұрсынұлы [3, 303], С. Сейфуллин [4, 98], [5, 171-176], М. Әуезов [6, 237-238], Б. Кенжебаев [7, 43], Н.А. Баскаков [8, 85-87], С. Мұқанов [9, 191], М. Жармұкамедов [10, 30-32] пікір білдіріп, мәтіндерін жарияласа, Н. Дауқараев [11, 142], Б. Уахатов [12, 159-163], Б. Абылқасымов [13, 18-49] секілді ғалымдар жүйелі зерттеу жүргізген.

Бәдік сөзінің этимологиясына қатысты тиянақты талдау жасаған көрнекті ғалым Б. Абылқасымов былай дейді: «Өзбек тілінің сөздіктеріне «бәдік» кірмесе де «бадхох» енген. Ол орысша «недруг» «недоброжелатель» деп аударылыпты, қазақшасы қас, дұшпан деген ұғымдарға келсе керек. «Бадхохтың» арғы түбі, төркіні тағы да тәжік-парсыныкі: «бадхох» – жауыз, қас, мейірімсіз деген ұғымдарға қолданылатын сөз» [13, 24]. Сонымен, бәдік тәжікше (парсыша) «бадхох», «бадху» – жауыз, қас, мейірімсіз, яғни дерт дарытушы қаскөй күш, жауыз рух деген мағына береді деуге негіз бар [13, 41].

Кейде бәдіктің бір түрін қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжіктер күләпсан деп те атаған. Мысалы, қазақта А. Байтұрсынұлы жариялаған күләпсан өлеңінің бір үлгісі бар. «Бәдік пен күләпсан өлеңі бір мазмұнды болады» деп жазады ол [3, 302-303]. Демек, бәдік, күләпсан өлеңі көбінде жеке дара, аракідік қосарланып айтылғанымен, түптеп келгенде олар – ортақ бір зиянкес аурудың рух-иесін бейнелейтін мәндес атау, бұларды атына қарап екі бөлек кесел деп ұғуға мүлде болмайды. Бәдік (күләпсан) дегеніміз адам мен малдың денесіне жабысқан ауру-кеселдің қаскөй рухын басқа нысанға көшіру ғұрпы арқылы қуу, аластау рәсімін өткергенде ұжымдасып топпен орындалатын магиялық көне өлең деуге болады. Бәдік өлеңді қазақ, қарақалпақ, қырғыздар негізінен топпен, қыз бен жігіт болып екіге жарылып айтатын болған. Ал өзбек пен тәжікте оны көбінде арнайы маманданған бадикхон, фолбиндер орындайтын және олар бұл үшін неше түрлі күрделі салттық рәсімдер атқаратын.

Айталық, бадикхон бәдік қуу рәсімін сәрсенбі, жұма, сенбіде, күн батарда, кешқұрым өткеретін [1, 154]. Бірінші күні бауырсақ пісіріп, ауру жанның басынан үш айналдырып, ауладан сыртқа тастап, оны жеген жануарға бәлекет аусын деген ырым істесе, екінші күні бидай қуырып, оны да солай істеп, құстар жесін деп тамға шашатын, ал үшінші күні ауруды жасқап ұрып отырған жас шыбықтарды күнге жайып қоятын, осылайша дерт бауырсақ, бидай арқылы басқаға ауып, шыбық секілді кеуіп құрғап жоғалсын деген ишара жасайтын. Аурудың үстіне алғашқы күні қызыл, одан кейін қара, үшінші күні ақ мата жабатын, мұнысы – қызыл бөртпе жара қызыл шүберекке сіңіп, одан қарайып құрғап, соңында ағарып ұшып жоғалсын деген тұспал [1, 156].

Ал балалар фольклорының қысқа жанры болғандықтан жаңылтпашты зерттеу ісі эпос, ертеке, жыр секілді көлемді үлгілерден кештеу қолға алынғаны байқалады. Қазақ жаңылтпаштарының ғылыми нысанға айналуына із ашқан – аса көрнекті қайраткер Мұстафа Шоқаев. Ол түрколог А.Н. Самойловичке бірнеше жаңылтпашты айтып жаздырып, түсінік жасайды [14, 6-7]. Одан кейін алаш көшбасшысы Ахмет Байтұрсынұлы 1926 жылы баспадан шығарған «Әдебиет танытқыш» еңбегінде жаңылтпашқа тұңғыш ғылыми анықтама береді [15]. Белгілі алаш қайраткері Телжан Шонанұлы 1927 жылы жарыққа шығарған «Балаларға тарту» оқу құралында бір топ жаңылтпаштарды жариялайды [16, 57]. Ә. Диваев, М.Ф. Гаврилов [17] секілді фольклортанушы ғалымдардың жинақтарына да жаңылтпаштар енгені мәлім.

Жаңылтпаш – әлем халықтарының фольклорында кең таралған дидактикалық шағын жанр. Жаңылтпашты қырғыздар «жаңылмач», қарақалпақ «жаңылтпаш», түріктер «yanultmаса», «tekerleme», түрікмендер «yangiltmach», әзербайжандар «yangiltmach» [18],

өзбектер «тез айтишлари» [19, 276], татарлар «тизэйткечләр» (тезайтқыштар), құмықтар «чалт сөз, чалт сөйлөв», моңғолдар «хэл зүгшрүүлэх үг», «хэл жасах үг», «жороо үг» («тіл түзейтін сөз», «тіл жасайтын сөз», «жорға сөз») деп атаған [20, 93].

Ол – қазақ балалар өлең-ойындарының ішінде салмақты орын алатын тәрбиелік мәні жоғары, көркемдік кестесі де күрделі үлгі. Жаңылтпашты зерттеушілер ойын-сауық фольклорына жіктеген. Мәселен, А.Байтұрсынұлы оны «сауықтама», яғни «сауық сөз» қатарына енгізген.

«Жаңылтпаш» деген ат жаңылтудан шыққан. Қатарынан қайта-қайта шапшаң айтқанда, иә тіл келмейтін, иә тіл басқа сөз қылып бұзып кететін сөздердің басын құрап, келістірген шығарма жаңылтпаш деп аталады», - деп алғаш анықтама берген. Ұлт ұстазы оқулықтарында «Кім жаңылтпаш жасайды?» деп балаларға өз бетімен орындауға тапсырмалар беріп отырады [21, 575-580-586-598]. Осылайша жасөспірімнің тілін ғана емес, ой ұшқырлығының дамуын қалыптастыруда жаңылтпаштың маңызды екенін ескереді.

Бәдік-күләпсаңды негізінен үлкендер жағы айтады. Ал жаңылтпашты да көбінесе үлкендер жағы балалардың тілін сындырып, жаңылмай тез, таза айтуы үшін айтады. Айтылуы жағынан бәдік пен жаңылтпаш негізінен үлкендер жағы айтатын жанр есептеледі. Бәдік-күләпсаңда музыкалық әуеннің ырғағымен әндетіп, тақпақтатып көш, көш деп бұйыра, пәрмен бере айтылса, жаңылтпашта мәтін тақпақталып бір сарынды (бәйіттің мақамында) тез айтылады да, адамды жаңылдыру мақсат етіледі.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тақырыпты зерттеу барысында, кешенді этнографиялық экспедициялар ұйымдастыру арқылы далалық зерттеу барысында кең таралған тарихи және зерттеу сипатындағы сұхбат алу әдісінің көмегімен сұхбат берушінің ақпаратын алу және оны тіркеу, құжаттау және архивтеу әдістері қолданылды. Мәселені зерттеуде сипаттау, анализ және синтез сияқты – жалпығылымдық, сонымен қатар, тарихи-салыстырмалы арнайы-ғылыми әдістері қолданылды. Сипаттау әдісі бәдік-күләпсан және жаңылтпаш жанрларына байланысты наным-сенімдер, әдет-ғұрыптар туралы ақпарат беруде пайдаланылды. Анализ және синтез әдістері қарастырылып отырған осы жанрлардың ұлтымыз өміріндегі рөлі мен ерекшеліктерін анықтауда, ал тарихи-салыстырмалы әдіс жаңылтпашқа байланысты деректерді талдауда қолданылды. Этнографиялық экспедиция ұйымдастыру барысында, этнографиялық материалды жинау әдістері (бақылау, сұхбат алу, ауызша және заттық деректерді анықтау және бекіту, аудио-видео таспаларға жазу, деректерді өңдеу) пайдаланылды.

Талқылау мен бақылау. Бәдік-күләпсан өлеңдері көшпелі қазақ қоғамында малға не адамға келген ауру-дертті өлеңмен көшіру үшін айтылатын өлең түрі. Бәдік – миф пен рәсім тоғысқан кешенді құбылыс. Бәдік жанрындағы уақыт пен кеңістіктің қым-қиғаш болуы – рухтар әлеміндегі мифологиялық кейіпкерлердің кәдімгі халықтың тұрмыс-тіршілік кеңістігімен бетпе-бет түйісуінің, араласуының көрінісі. Бұл өлеңде адамдардың мамыражай кеңістігіне келіп сойқан салып отырған жұқпалы дерттің қаскөй иесі, дауа іздеп дағдарған сырқат, шипагер көшіруші емші-домшы, жауыз бәдік көшетін жаңа нысан төрттігінің ара-қатынасы бейнеленеді. Ежелгі анимистік танымда, әрбір заттың жаны, рухы бар, ол жан ұдайы бір денеден басқа денеге көшіп жүреді, қонақтайды деген ұғым орын алған. Халқымыз түрлі ауру-сырқау, кесір-қырсықтың «қас иесі» бар, ырыс, несібе, бақыт, құт-кепиеттің «дос иесі» бар, өмір – осы екі бітіспес күштің майданы, ал оны реттейтін күдіретті емші-домшы, бақсы-құшынаш, тарымшы-арбаушы, балгер-тәуіп, аузы дуалы батагөй, сәуегөй абыз бар деп иланатын. Әлбетте, магиялық фольклордың іргелес жанрлары бәдік, арбау, бақсы сарыны осынау байырғы наным-сенімге табан тірейді, оларда мәтін, ғұрыптық әрекет, әуез-ишара ортақ кешенді құрайды, сол себептен бұл үш жанрды ежелгі әлеуметтің ортасында ертеде өмір сүрген тірі миф деп айтуға толық негіз бар.

Бәдіктегі жанның басқа денеге көшуі, бір денеден екінші денеге жасырын өтуі, бір нысанда қамалып, тығылу көріністері ертегі сюжеттерінде сиқыршы кейіпкерлер жасайтын шытырман айлакер амалдармен сабақтас болып келеді. Айталық, қырғыз бәдігіндегі мына

шумақтарға ұқсас құбылыстар кейіннен қиял-ғажайып ертегінің сюжеттерін жалғайтын өнімді бунаққа айналғанға ұқсайды:

<p>Қырғызша: Кызыл, түлкү, қалтары, Кымбат баа буйуму. Кызыктырсаң сен болуп. Карала барчын мен болуп, Асманга учуп барамын, Арышымды саламын, Капыр сени жарамын. Көч-көч, бадик көч, бадик, көчүрөйүн, Бадик болгон атыңды өчүрөйүн! Жики, таруу сен бөкүп калың чөпкө, Жиндин ээси алып келип сени төксө, Жөжөлүү тоок мен болуп койбойм сыра, Терип жесем денкейип тойбойм сыра.</p>	<p>Қазақша: Қызыл, түлкі, қалтары, Қымбат баға бұйымы. Қызықтырсаң сен болып. Қарала баршын мен болып, Аспанға ұшып барамын, Қарыштап самғап аламын, Кәпір сени жарамын.. Көш, көш, бәдік, көш бәдік көшірейін, Бәдік болған атыңды өшірейін! Ұсақ тары сен болып, қалың шөпке, Жын иесі әкеліп сени төксе. Шөжелі тауық мен болып қоймайм, сірә, Теріп жесем теңкіп тоймайм, сірә.</p>
---	--

Енді осы шумақтарды ертегідегі мына эпизодтармен салыстырсақ, жанраралық жалғастықтар табиғаты айқын танылады:

«Өнерші бай көре салып, үйіне қашып бара жатқан тайлақты қуыпты. Тазша сонда түлкі болып қашыпты, өнерші бай тазы болып қуыпты. Өнерші бай жете берген кезде, Тазша түлкіден үйрек болып ұшыпты, бай онда қаршыға болып қуыпты, біраздан соң Тазша бала торғай болып қашыпты, онда бай қырғи болып соңына түсіпті. Онан соң Тазша торғай қалыбына түсіп, ұшып келіп, шарбаққа қонып отырыпты. Бай қырғи боп келіп таяла бергенде, Тазша қорқып шүберек болып жерге түсіпті. Өнерші бай кісі болып келіп, шүберекті қолына алайын депті. Тазша тары болып шашылыпты. Өнерші бай тауық болып шұқиын дегенде, Тазша мысық болыпты да, тауық болып жүрген өнерпаз байдың желкесін қиып, үнін өшіріпті. Сөйтіп оның қызын алып, мұратына жетіпті» [22, 72-74].

Бәдікті көшірушілер негізінен оны біріншіден, жан-жануарға, екіншіден, басқа адамдар мен заттарға, үшіншіден, табиғат нысандарына аударғысы, қуғысы келеді. Бір нысаннан екінші нысан қызықты да тартымды бейнеленіп, тізбектер динамикалық сипатта жалғаса береді.

Арбауда қорқыту, бұйрық, пәрмен беру, зекіру сарындары үстем болса, мұндай құбылыстар кәсіби бадикхондар өткізетін өзбек бәдігінде басым болғанымен, топтық ұжым өткеретін қазақ, қарақалпақ, қырғыз бәдігінде некен-саяқ. Бұл халықтардың бәдігінде негізінен алдау, бопсалау, кейде қорқыту-үркіту, көбінде басқа соны нысандарды үсті-үстіне үдетіп мақтай бейнелеп, бәдікті қызықтырып, құнықтырып шырғалап, айла-амал жасап, әзіл-оспақ, тәлкек, ойын-күлкімен, бәдік өлеңнің өзінде айтылғандай, «кәпірді көшірелік ебін тауып» [23, 27], «шайтанды ептеп-ептеп көшірелік» деген амалды недәуір тұрақты қолданғаны байқалады.

Бәдікті қорқыту-үркіту сарыны төменгі жолдарда өрнектелген: «Бәдікті итере сал суға таман», «Бәдікті итере сал отқа таман», «Көзіме бәдік болып бір көрінсең, Төбеңе жаңғақ қойып шағар едім», «Бәдікті Құдай айдап қолға берсе, Келместей қып ағашқа таңайық та».

Бәдікті бопсалау, әзіл-тәлкекке айналдыру былайша суреттеледі:

Қылмасам сен бәдікті қас масқара,
 Мойныңа тозып қалған шанаш байлап.
 Бәдік болсаң, сени мен білер едім,
 Ернің тесіп терекке ілер едім.
 Ернің тесіп терекке іліп қойып,
 Бір ауық тамашаңа күлер едім.

Бәдік өлеңнің бұл халықтардағы шумақтары негізінен 11 буынды қара өлең үлгісіне құрылып, әуенмен, екі жік боп айтуға әбден икемделіп, қалыпқа түскен жаттанды да

дағдылы, іріктелген іліктес шумақтардан тұрады.

Ғылымда анықталғандай кез келген арбау мәтінінде тірек-сөздер болатыны сыңды мұнда да тірек-сөз бар, ол – «бәдік» пен «көш» деген қосарланып, айтылатын екі сөз.

Біздің зерттеуіміз негізінде 2022 жылы Өзбекстан қазақтары арасында жасаған экспедицияда бәдікті өткеру ғұрпы түгелімен орындалып, мән-жайы егжей-тегжейлі жазылып алынды.

Өзбекстан Республикасы Науаи облысы Үшқұдық ауданы Мыңбұлақ ауылының тұрғыны Тұрсынқұл Нұрымбетқызы Қожахметова (23.03.1942 ж. Туған. Руы кіші жүз Шөмекей кедей) қазіргі таңда кұәпсан айтып ауруды көшіруді шынайы сақтап отырған бірден-бір жас ұрпаққа тасымалдаушы мұрагер.

Мысалы,

Күләпті баста десең, оу, бастай келдік,
Басына барша шапан, ахоу, жастай келдік. Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, басында еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу, жасымда еді-ай. Көш, көш.
Күләбі бұл баланың, оу, маңдайында,
Күләпті үш күн айтып, ахоу, аңдайында.
Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, қолында еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу, оңымды еді-ай. Көш, көш.
Күләбі бұл баланың, оу, белінде еді-ай,
Айтқаным менің күләп, ахоу елімде еді-ай. Көш, көш.

Күләбі бұл баланың, оу, аяғында,
Айтқаным менің күләп, ахоу, баяғыда. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, тауларға көш,
Қызыл гүл тау ішінде-ай, ахоу, бауларға көш. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, інгенге көш,
Інгенге тоқым салып, ахоу, мінгенге көш. Көш, көш.

Ай күләп, көшер болсаң, оу, айдан айға,
Жып-жығын жылқы ішінде, ахоу, жорға тайға. Көш, көш.

Тұрсынқұл Нұрымбетқызының айтып берген осы күләпсанның музыкалық әуені жеңіл қара өлең үлгісінде орындалады. Әр екі жолдан кейін көш, көш деген сөз айтылып ауруды көшіру басқышын жасайды. Мәтіннің соңындағы көш, көш сөзін айтқанда дауысқа екпін беріп, ауруды кет, көш деген пәрменмен қуалайды. Біз жазып алған осы бәдік өлеңде, ауруды емдегенде ән-өлеңдермен қоса, емделген адамның үстіне орамал жауып оны ән әуенімен қоса желпіп қозғап отырады. Көш, көш сөзін айтқанда орамалды қаттырақ желпіп қозғалыс қимылын жасайды. Бәдік-күләпсанды домбырамен сүйемелдеп және қараөлеңшілер тәрізді аспапсыз да айтқан. Біз Өзбекстан қазақтарынан жазып алған ауру көшіруде айтатын осы күләпсан аспапсыз әндетіп айтылды. Ал қазақ даласында Торғай өңірінде айтылған күләптардың кейбірі домбырамен айтылса, кейбірі аспапсыз айтылған. Кейбір орындаушылар халыққа кең таралған халық немесе халық композиторларының белгілі әуендеріне салып та айта берген [24]. Бірақ аспаппен немесе аспапсыз айтылса да күләпта музыкалық әуеннің басым екені анық. Айтушылар ескі халықтық әуендерге, қара өлеңнің сарыңдарына салып айтатыны анықталды. Тұрсынқұл Нұрымбетқызының айтуында, күләп – бұл балаға да, үлкен адамдарға да шығатын жара. Ол құрғақ күләп және

сулы күләп болып бөлінеді. Құрғақ болып шықса күріш шашамыз, сулы болып шықса су шашамыз. Содан кейін баланы қырық қадам жерге дейін жүгір деп артына қаратпай жүгіртеді. Содан кейін «тіфә, тіфә» деп бала екі жағына қарап түкеріді де, сол кезде гүләп төгіліп қалады. Серт бойынша үш күн айтылады немесе жеті күн айтылады.

Жалпы музыкалық әуенде белгілі қимылдармен бәдік-күләпсан айтып ауруды көшіру синкреттік сипатта әсер береді. халықтың тұрмыс-тіршілігімен біте қайнап келе жатқан ән шығармашылығындағы сикретизм туралы Э.Е. Алексеев «Синкреттік мәдениеттің негізгі белгісі көптеген халықтардың дәстүрлі фольклорында бүгінде көрініс тауып жалғасуда, поэзия мен музыка жеке-жеке өмір сүрмеген, олар тұтас бір дүниенің екі жағы болған» [25] деп жазады. Сондықтан да, тақпақталып айтылатын жаңылтпаш пен бәдік-күләпсен жанрларының мәтіндік және орындалу жағынан бір-біріне өте жақын жанрлар екені сөзсіз. Бәдікте халқымыздың күнделікті тұрмыс-тіршілігі, өмір сүру салтының кескіні бедерленіп, там-тұмдап әлеуметтік сын-пікір де көрініс тауып қалады. Көршілес халықтардың, рулардың аты аталып, олардың ерекшеліктері, шаруашылық қалыбы айшықталады. Тіпті арақидік тарихқа деген көзқарас та орын алғаны байқалады. Бұл қырынан бәдік магиялық жанрлардың ішінде бұқарашыл сипатымен дараланып тұр.

Жаңылтпашта салтымыз бойынша, ойын-сауыққа жиылған жастар шетінен ән сап, қызықты өнер көрсетуге тиіс. Бұл тамашадан тартынақтаған ұяң, жасқаншақ жандарға ойынды басқарушы адам «жаңылтпаш айт» деп ұйғарған, алдымен жаңылтпаштың сөзін өзі жайлап айтып, содан кейін оны шапшаңдата қайталап айтуды талап еткен. Егер жазаланушы қырлы да қиын сөздерді қиуын қашырмай, орамын бұзбай айта алмаса, көпшілікке күлкі, тәлкек болған. Осылайша жаңылтпашты бір жағынан өнер-білім үйренуге салғырт қарайтын жігерсіз, ұялшақ жандардың намысын қамшылайтын қару еткен.

Халық мұрасының білгірі С. Сейфуллин «Жастардың, бала-шағаның жиналып ойын-күлкі «дүкенін» құрған орында айтылатын айтыстың бірі – жаңылтпаш. Бұл да – ерте, өлең, жұмбақ айтысу тәрізді жастардың, балалардың тіл ұстартуларына, ойнақы, қырлы сөздерді қақпақылша атқылап, билеп, еркін сөйлеуге төселулеріне өз әлінше әдемі сабақ, тәжірибе болатын ойын» - деп жазады [26].

Жаңылтпашты көбінде үлкендер жағы тек балалардың тілін жетілдіру үшін ғана айтылатын жанр деп ойлайды, шын мәнінде халқымыздың айтыс өнерінде де жаңылтуды мақсат ететін, қарсыластың ойын жаңылдыруды мақсат ететін тұсы да бар. Бұл жаңылтпаштың тек сөз жарысы ғана емес, сөзбен музыкалық әуен негіз ететін қазақтың ақындық өнерімен де өте жақын жанр екенін көрсетеді.

«Ерте кезде ойын-сауықтарда жаңылтпаш айтқызу қазақтың салты болған. Жаңылтпаш жиналған жұртты күлдіру, тіл ұстартуды көздеумен қатар, ол өлең, ән білмейтін жастарға берілетін жаза есебінде қолданылған» - деп жазады ғалым М. Ғабдуллин [27, 43].

Ол жөнінде белгілі ғалым К. Матыжан «Жаңылтпаштың шығу тегі мен оның алғашқы функциясы ғылымда жете тексеріле қойған жоқ. Егер жаңылтпаштың күрделі өлең құрылысына назар аударсақ, оны шығарушылардың ересектер екеніне күмән тұмайды. Яғни, ерте заманда пайда болып, үлкендер репертуарында өмір сүрген жаңылтпаш келе-келе балалар ортасына көшкен», - деп түйін жасайды [28, 114-115].

Әлбетте, осы үлгі бала тілінің жетігіп-жетілуіне, оралымды, анық сөйлеуіне, ана тілінің үн сұлулығын мінсіз меңгеруіне, шебер сөз саптауға баулиды [29, 150].

Әйгілі түркітанушы А. Самойлович жаңылтпашты екі топқа жіктейді. Бірінші топқа қырлы сөздерін жітірмелетіп шапшаң айтқанда адам жаңылысып мағынасы ерсі сөзге айналып күлдіргі тудыратын жаңылтпаштар, екіншісі кедір-бұдыр сөздерін келістіріп айта алмасаң, тіл мүдіртетін қиын үлгілер [30, 197].

Ол жайында қазақ балалар әдебиетінің білгірі Шеген Ахметов: «Бұл жанр тікелей балалар әдебиетіне арналған, көбіне мектеп жасына дейінгі балалар мен бастауыш мектеп оқушыларына лайықты. Олай дейтініміз жеке дыбыстар мен айтылуы қиын кейбір сөздерді дұрыс сөйлеуге үйрету – көбіне балаға ғана тән нәрсе. Мұнда міндетті түрде

оқыту арқылы ғана емес, баланы талғамы күшті қызық та көркем сөздерге әуестендіру, соған еліктіру арқылы жаттығу жұмысын жүргізу үшін қолданылған шеберлік бар... үлкен кісілер. баланың тіліне, оның әрбір тәтті сөздері мен тартымды қылықтарына күле отырып, оларды дұрыс сөйлеуге баулиды» – дейді [31, 31].

Бұл қатарға авторлардың 2022-2023 жылдары Ақмола облысына жүргізген музыкалық-этнографиялық экспедиция барысында Ақмола облысы Атбасар ауданы Сергеевка ауылының тұрғыны Құмар Шошабайұлы айтып берген:

Алты қотыр атанға,

Алты қолтық отын арттым [32, 121]., жаңылтпашы мен Атбасар ауданы Мариновка ауылының қарт тұрғыны, Ерсайын Бағдатұлы айтып берген

Құрықтан құлдырап түстім,

Сырықтан сылдырап түстім [32, 122]. Қатарлы жаңылтпаштары жатады.

Кейбір бүлдіршіндер сөйлегенде «с, з, ш, ж» дыбыстары ажыратылмай аралас айтылып, не «с», не «ж» емес, екеуінің арасында көмескіленген үн естіліп жататын жайттар бар. Осындай кемшіліктер көбінесе баланың ауыз бен ауыз қуысындағы сөйлеу мүшелерін дұрыс пайдалану дағдыларының қалыптаса қоймауы салдарынан туындайды. Айталық, балдырған «ш»-ны айтқанда, тілін тісінің екі арасынан шығарып алады, сондықтан дыбыс «с»-мен «ш»-ның арасынан естіледі. «Қ» – тіл арты дыбысы, оны бала тілдің ұшынан, яғни тілін тісінің арасына қыстырып айтады, сондықтан «қ-т» болып бұрыс естілетін ағаттық туады [33, 85].

Халық мұндай мүкістіктерді жою үшін төмендегідей жаңылтпаштарды тиімді қолдана білген:

Әкем жонған үшқат оқ,

Жуан бақан қолға тоқ [32, 121].

1927 жылы Молдағали Жолдыбайұлы мен Тел-Жан Шонанұлының алғы сөзімен жарық көрген «Балаларға тарту» атты еңбекте, мәдениетті елдің балаларының көп ойыны болады. Бұл ойындар балалар әдебиетінде жазылып елден елге тарап тұрады. Қазақ балаларының да ойындары болатұғын. Бірақ ол ойындар қағазға жазылмаған соң, бұл күнде азып-тозып жоғалып кетуде» деп балалар фольклорының аса маңыздылығын айта келіп, еңбектің үшінші бөлімінде сол кездегі ел аузынан жиналған күлдірті, жұмбақ, жаңылтпаштар берілген:

Анау арал, қай арал?

Қайыңды арал, талды арал,

Ішінде бұзаулы ала марал [16].

Қырғыз жаңылмачы осы үлгіге ұқсас:

Ал аралда да марал,

Бул аралда да марал.

От экен маралға да арал,

Оттосун аралға да марал [34, 385]

Көшпелі салтын жоғалытпаған қытайдағы қазақтар арасында да осы тектес жаңылтпаштардың түрі кең сақталған:

Бурыл атты қыз,

Бұйра айдарлы қыз,

Бура айдайды қыз [35, 17].

Моңғол жаңылтпашы:

Арван таван тарган тарлан,

Хар сарлагийн таргийг

Тараг биш гэж эс уугаад,

Ямар арван таван тарган тарлан,

Хар сарлагийн таргийг,

Тараг мөн гэж уух вэ?

Құмық жаңылтпашы «Къара къаргъа, къарай къаргъа/ қара қарға, қарға қара».

Нәтижелер. Бауырлас халықтардағы бәдік мәтінінде айырмашылық аз, үлгілер құлаққа үйреншікті. Арғы әлемнің айбатты ие-киелерімен сөйлесуге арналған арбау, бақсы сарындарында түсініксіз, жат, сырлы сөздер шоғыры көп болса, керісінше бәдік өлеңде түсініксіз бірді-бір сөз, сөйлем жоқ. Бұл ұжымдық түрде ашық дамыған бәдік жанрының халықтық сипатын да танытқандай. Мұның өзі бұл жанрдың түп-түқияны, арғы тегі ерте дәуірде қалыптасқанымен, кейін келе ғұрыптық-мифологиялық қабығынан біртіндеп ажырап, соңын ала жастардың ойын-ермегіне біржола айналғандығын аңғартады. Арбау, бақсы сарыны 7-8 буынды жыр үлгісінде болса, бәдіктің қара өлең нақышына етене икемделіп кетуі оның бізге жеткен нұсқасы тым ежелгі мұра еместігін де байқатқандай. Жалпақ түрік-моңғол кеңістігін былай қойғанда, басқадай бауырлас түрік жұрттарында болмауы бұл жанрдың жаңа дәуірдің бедерінде кейінірек қалыптасқандығын, болжауымызша, түркі бірлігі ажыраған соң, Орта Азиядағы хандықтар дәуірінде өнімді өркен жайғанын білдіреді.

Қазақ бәдігінде Қаратау, Тәшкен, Сайраң, Үргеніш, Жизақ, Сусамыр, Арқа, Меке, Бадам секілді топонимдер, қоқан, қалмақ, орыс, сарт, өзбек, қыпшақ, әлім, арғын секілді этнонимдер бар. Қырғызда шүршіт, қытай, сарт, нойғут, моңол, сарбағыш, Сусамыр, Куртка, Бадакшан, Кыйба (Хиуа), Бежин, Соңкөл, Бешкөл, Чатыркөл, Текес, Ындыстан, Есіл, Нұра, қарақалпақта сарт, қазақ, қалмақ, Қарақұм, Шоманай, Пуқара (Бұқара), Хиуа секілді ел-жер аттары кездеседі. Осылайша бәдікте нақтылы ел-жердің аты айтылып, аталмыш халықтардың көршілері мен жіті таныс өлкелері туралы қысқа дерек беріледі.

Жаңылтпаштардың сөз кестесінде сан есімдердің жиі кездесетіні байқалады. Бұл баланы сан санап үйренуге, нақтылыққа, зеректікке баулыса, екіншіден, жаңылтпаштарды күрделі де күдір, ажарлы да астарлы ете түсетін айшықтаушы құрал қызметін атқарады. Мысалы, «Жүз қырық үш қызғыш құсқа, Жүз қырық үш қызғыш құс қосса, болады неше жүз қырық үш қызғыш құс?», «Есет атам ет асатар, ет асатса бес асатар», «Жоғалды бес шыбыш, жоқ әлі еш сыбыс», «Үш кіші ішік піштім, Бес кіші ішік піштім, Неше кіші ішік піштім?», «Қырық құрықтық, сырық қырықтық».

Экспедицияда жазылып алынған мына бір жаңылтпашқа назар аударайық:

Қырық қырықтықшы,

Қырық қойды қырықты ма?

Қырық қырықтық,

Қырық қойды қырықты ма [36, 228].

Жаңылтпаш арқылы балаға айнала төңіректі, салт-дәстүрді, тұрмыс-шаруашылықты, өмірдегі сан алуан көріністерді таныстыру да көзделеді. Бұл жаңылтпаштың қоғамдық мәні, ғибраттық нәрі мол екендігінің белгісі.

Қырғыздарда бұл жаңылтпашқа ұқсас «Жас қайысты тоқпақтаспайсыздар ма, жас бүркітті томағаласпайсыздар ма?» деген үлгі де бар.

Экспедиция барысында әлі де болса, ел ішінде балаларына жаңылтпаш айтатын, тіпті өздері де жаңылтпаш шығаратын жандарды кездестірдік. Кейбір тыңнан кездесетін үлгілерді де жинастырдық. Мысалы, Ақмола облысы Целиноград ауданы Қоянды ауылының тұрғыны, Монғолиядан көшіп келген қандас Ұмсындық Көнселханқызының 1957 жылы 2 сынып оқып жүргенде анасынан үйренген балалардың тілін ұштау үшін айтылатын мынадай жаңылтпаш өлең дәлел:

Жас лақ жан сүйдірер болдың ерке,

Боларсың сендер жетіп ертең серке.

Лақ болған күніңді ұмытып кетпе,

Жүрерсің жүрегіңнің сырын шерте [32, 123].

Қорытынды. Қорыта айтқанда, бәдік өлең Орта Азиядағы бауырлас елдерге, атап айтқанда қазақ, қарақалпақ, қырғыз, өзбек, тәжіктерге өңірлік сипатта таралғаны аңдалады. Түрік бірлігі ыдыраған соң бәдік жанры ежелгі дерт көшіру ғұрпында орындалатын

магиялық ескі өлеңді өзек етіп, жаңаша тұрпатта қалыптасып, аталмыш халықтар арасында өркен жайғаны байқалады. Бұл өлеңнің арғы тамыры анимистік танымды, мифологиялық жүйені арқау еткенімен мәтінінде бірде-бір түсініксіз сөздер жоқ болуы, халықтың күнделікті тұрмыс-тіршілігінің үзік-үзік бедер-бейнесін ашық суреттеуі, қара өлең пішінінде «тілге жеңіл, жүрекке жылы тиіп» сауықшыл жастар арасына кең таралып, әдет-салт айтысының дамуына септесуі – осы жанрдың қатпар-қыртысы ала-құла, бізге жеткен мәтіндер негізінен кейінгі замандарда қоңсы халықтар арасында қалыптасып өріс алған үлгі деуге дәйек бар.

Жаңылтпаштар баланың тілін ұстартып, шаршы топта өзін байыпты, байсалды ұстап, ой жүйесін басқарып тиянақтауға, ана тілінің үн әуезділігін мінсіз меңгеруге, шебер сөз саптауға, зеректікке, шұғыл зейін аударып, тура да әділ шешім қабылдауға дағдыландырады, бір сөзбен айтқанда, жасөспірімді шешендік өнерге икемдеп үйретеді.

Біздің ғылыми-зерттеуіміз кезінде жазылып алынған бәдік-күләпсанмен жаңылтпаштар Өзбекстанда өмір сүретін қазақтар мен Ақмола жерінде ежелден мекендеген елдің және тәуелсіздік жылдары еліміздің осы солтүтік өңірлерге қоныс тепкен қандастар арасында сақталып отырғаны анықталды. Яғни, елге оралған қандастар арасында салт-дәстүрге, музыкалық-фольклорға, орындаушылық өнерге қатысты қазіргі таңда жастар санасынан өшкіңдеп бара жатқан қыруар құндылықтарды ала келгені байқалды. Авторлардың «Жас ғалым» жобасы аясында жүргізген зерттеулеріне сәйкес тек музыкалық мұраларды ғана емес, елді-мекендердегі халықтың жадында сақталған халық ауыз әдебиетінің және музыкалық фольклор үлгілері де жиналып, хатталғанын ерекше айтамыз. Авторлардың жоба аясында Ақмола және Өзбекстан жеріне жүргізілген экспедицияда жиналған құндылықтарының ішінде халық ауыз әдебиетінің жаңылтпаштан басқа музыкалық фольклорға қатысты жанрлары туралы зерттеулері отандық ғылыми басылымдарда жарық көрсе [37, 220-237], қазақтардың фольклоры мен өнеріне қатысты зерттеулері әлемдік басылымдарда да жарық көрді [38, 57].

Әдебиеттер

1. Саримсаков Б. Узбек маросим фольклоры. – Ташкент: 2001 СПб. 1986. – 960 с.
2. Диваев А. Киргизские болезни и лечение их посредством пения бедик // Туркестанские ведомости. – Ташкент: 1907. – 440 с.
3. Байтұрсынұлы Ахмет. Алты томдық шығармалар жинағы. I том. – Алматы: Ел-шежіре, 2013. – 384 б.
4. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. I. Т. – Қызылорда: 1932.
5. Сейфуллин С. Көп томдық шығармалар жинағы. Т.7. – Алматы: Қазығұрт, 2007. – 416 б.
6. Әуезов М. Әдет, салт айтысы // Қазақ әдебиетінің тарихы. – Алматы: Қазақ ССР Ғылым академиясының баспасы, 1948.
7. Кенжебаев Б. Бәдік, арбау, жалбарыну // Қазақ әдебиетінің тарихы. Т. I. Фольклор. – Алматы: 1948.
8. Баскаков Н.А. Каракалпакский язык. Материалы по диалектологии. Т. I. – Москва: Издательство АН СССР, 1951. – 408 с.
9. Мұқанов С. Таңдамалы шығармалар. Т.15. – Алматы: 1979.
10. Жармұхамедов М. Айтыстың даму жолдары. – Алматы: Ғылым, 1976. – 245 б.
11. Давкараев Н. Шығармаларының толық жинағы. Бірінші бөлім. Т.2. – Нукус: Каракалпакстан, 1977.
12. Уахатов Б. Қазақтың халық өлеңдері. – Алматы: Қазақ ССР-нің «Ғылым» баспасы, 1974. – 288 б.
13. Абылқасымов Б. Телқоңыр. Қазақтың көне наным-сенімдеріне қатысты ғұрыптық фольклоры. – Алматы: Атамұра-Қазақстан, 1993. – 176 б.
14. Самойлович А. Из казах-киргизских материалов М. Чокаева // Живая старина. – Вып. II. – СПб, 1916. – 26 с.

15. Байтұрсынұлы А. Әдебиет танытқыш. – Қызылорда: Қазақстан мемлекет баспасы, 1926. – 286 б.
16. Балаларға тарту. Оқу құралы орнына. Екінші басылуы. – Ленинград: Мемлекет баспасы К.А.С.С.Р., 1927. – 72 б.
17. Гаврилов М.Ф. Киргизские скороговорки // Бюллетень САГУ. – 1927. – Вып. 16. – Б. 35-38.
18. Кучкарова Ж.А., Джусупов М. Роль и примеры паремиологических единиц в узбекском, английском, русском и казахском языках. [https://7universum.com/pdf/philology/5\(83\)%20\[11.05.2021\]/Kuchkarova.pdf](https://7universum.com/pdf/philology/5(83)%20[11.05.2021]/Kuchkarova.pdf)
19. Раззоқов Х., Мирзаев Т., Собиров О., Имомов К. Узбек халқ оғзаки поэтик ижоди. – Тошкент: Укитувчи, 1980. – 360 б.
20. Гадамба Ш., Цэрэнсодном Д. Монгол ардын аман зохиолын дээж бичиг. – Улаанбаатар: Улсын хэвлэлийн газар, 1978. – 304 х.
21. Ахмет Байтұрсынұлы. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Бес томдық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: Матыжанов К., Ісімақова А., Рақыш Ж., Мұстафаева К., Ахмет Ә. – Алматы: Brand Book, 2022. – 876 б.
22. Алпысбаев Т., Қабдолова Қ., Шафиғов М., Шоқпарова С. Тазша бала // Қазақ халық әдебиеті: Көп томдық / Ертегілер. – Т. 2. – Алматы: 1988.
23. Абылқасымов Б. Наным-сенімдер ғұрпының фольклоры. Хрестоматия. – Алматы: 2004. – 224 б.
24. <https://youtube.com/shorts/A-ljH4Mbfqw?si=YGuS0egpHrWSSlv2>
25. Алексеев Э.Е. Раннефольклорное интонирование. Звуковысотный аспект. – М.: Советский композитор, 1986. – 240 с.
26. Сейфуллин С. Қазақ әдебиеті. – Қызылорда: 1932. – 253 б.
27. Ғабдуллин М. Қазақ халық ауыз әдебиеті. – Алматы: Мектеп, 1974. – 318 б.
28. Ісләмжанұлы К. Рухани уыз. – Алматы: Ана тілі, 1995. – 143 б.
29. Негимов С. Жаңылтпаш // Әдебиеттану. Терминдер сөздігі. Құрастырған З. Ахметов., Т. Шаңбаев. – Алматы: Ана тілі, 1998. – 384 б.
30. Самойлович А.Н. Крымско-татарские скороговорки. Сборник музея антропологии и этнографии. – Санкт-Петербург, 1918. – Т. 5. – № 1. – Б. 97-200.
31. Ахметов Ш. Қазақ балалар әдебиеті тарихының очеркі. – Алматы: Мектеп, 1965. – 328 б.
32. Маулет А. Ақмола облысының материалдық емес мәдени мұрасы: кешенді экспедициялық зерттеулер. I том. – Астана: 2022. – 600 б.
33. Қабдыразақұлы Қ. Халық педагогикасы хақында. – Өлгий: Баян-Өлгий аймгийн Хэвлэх үйлдвэр, 1976. – 94 б.
34. Кыргыз адабиятынын тарыхы. Т.1. А. Акматалиевдин жалпы редакциясы астында. – Бишкек: Кут-бер, 2017. – 710 б.
35. «Мұра» журналы. Отыз жылдық таңдамалылар (1982-2021). Том 1. Қазақ халық ауыз әдебиеті туралы зерттеулер / Құраст.: Қинаятұлы Д. – Үрімжі: Шыңжаң Әсем өнер-фотосурет баспасы, 2012. – 800 б.
36. Маулет А. Сарыарқа қазақтарының музыкалық-фольклорлық Мұрасы // Далалық Еуразия төсіндегі Сарыарқа мұрасы. – «Қазына» сериясы. VI-том. – ред. А. Онгарулы. – Нұр-Сұлтан: Қазақстан Республикасы Ұлттық музейі, 2020. – 352 б.
37. Маулет А., Қобландин Қ.И. Ақмола қазақтары фольклорлық мұрасының эстетикалық мәні // Еуразия гуманитарлық институтының Хабаршысы. – №4/2023. –Б. 220-237. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.15>
38. Maulet A., Smakova Z.N., Junussova B.B., Karsakbayeva A.A., Rakymzhan A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. → Volume 11, Issue 18, 2016. – 11449-11465 pp. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=s-2s.0.84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

А. МАУЛЕТ,

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

А. ТОЙШАНУЛЫ.

Международная Тюркская академия, Астана, Казахстан

ОБЩИЕ ЧЕРТЫ НЕКОТОРЫХ ФОЛЬКЛОРНО-МУЗЫКАЛЬНЫХ ЖАНРОВ

Аннотация. В данном исследовании были сопоставлены фольклорно-музыкальные жанры казахов (бадик-кулапсан, скороговорки) с некоторыми жанрами таких народов как киргизы, узбеки, кумыки и монголы. Например, древнейшая магическая песня (в музыкальном сопровождении), встречающаяся в фольклоре, получило региональное распространение только среди казахских, каракалпакских, киргизских, узбекских, таджикских народов, обитающие в Центральной Азии. Авторы считают что жанровая форма «бадик», возникла после распада тюркского объединения. Жанр бадик изначально возник как основа древнетюркской песни, исполняемой в обрядах древнетюркских народов. Однако есть основания полагать, что ее тексты возникли в более поздние времена, поскольку эта песня не была распространена у всех тюркских народов, а встречалась только среди народов Центральной Азии.

Поскольку скороговорки являются малым жанра, их изучение началось гораздо позже. Скороговорки не имеют определенного музыкального сопровождения (как бадик-кулапсан), но они исполняются в виде стихов в соответствии с интонационными особенностями каждого человека, при этом упор делается на частоту слов. Поэтому в бадик-кулапсане преобладает особая музыкальная мелодия. Скороговорки являются инструментом для коррекции речи детей, приобщая их к ораторскому искусству. А песни бадик-кулапсан носят региональный характер только для казахских, киргизских, каракалпакских, узбекских, таджикских народов Центральной Азии. Иногда один из видов бадика называли кулапсаном.

В этом исследовании были особенно изучены песни бадик-кулапсан, которые используются в настоящее время только у казахов Узбекистана, а также образцы из еще не опубликованных редких книг алашской интеллигенции.

Ключевые слова: бадик, кулапсан, скороговорки, фольклор, тюркские народы, детский язык, экспедиция, исследование.

A. MAULET

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

A. TOISHANULY

Expert of the International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan

GENERAL FEATURES OF SOME FOLKLORE-MUSIC GENRES PRESERVED BY KAZAKHS ABROAD

Abstract. This study compares such musical and folklore genres as badyk-kulyapsan, tongue twisters, widespread among nomadic peoples of the Kazakh steppes, with some genres of such peoples as Kyrgyz, Uzbeks, Kumyks and Mongols. For example, the most ancient magic song (with musical accompaniment), found in folklore, is regionally spread only among Kazakh, Karakalpak, Kyrgyz, Uzbek, and Tajik peoples living in Central Asia. This song is not found only among related Turkic peoples, so the authors consider badiк a genre form that emerged after the disintegration of the Turkic unification. The badiк genre originally emerged as the basis of ancient Turkic song performed in the rituals of ancient Turkic peoples. However, there are reasons to believe that its texts emerged in later times, as this song was not widespread among all Turkic peoples, but was found only among the peoples of Central Asia.

Since tongue twisters are a small genre, their study began much later. The tongue twisters do not have a certain musical accompaniment as badiк-kulapsan, but they are performed in the form of verses in accordance with the intonation peculiarities of each person and the emphasis is placed on the purity of words. Therefore, a special musical melody prevails in badiк-kulapsan. The tongue twisters

are a playful instrument, which is rationally used to correct children's speech, introducing them to the oratorical art. Badik-kulapsan songs are of regional character only for Kazakh, Kyrgyz, Karakalpak, Uzbek, Tajik peoples of Central Asia. Sometimes one of the badik types was called kulyapsan.

In this study, the songs of badik-kulyapsan, which are used at present only among the Kazakhs of Uzbekistan, as well as samples from not yet published rare books of the Alash intelligentsia, were introduced into the scientific turnover.

Keywords: badik, kulapsan, tongue twisters, folklore, Turkic peoples, children's language, expedition, research.

References

1. Sarimsakov B. Uzbek marosim fol'klory. – Tashkent, 2001. – SPb, 1986. – 960 s.
2. Divaev A. Kirgizskie bolezni i lechenie ih posredstvom penija bedik // Turkestanskije vedomosti. – Tashkent, 1907. – 440 s.
3. Baitürsynüly Ahmet. Alty tomдық syğarmalar jinağy. I tom. – Almaty: El-şejire, 2013. – 384 b.
4. Seifullin S. Qazaq ädebieti. I. T. – Qyzylorda, 1932.
5. Seifullin S. Köp tomдық syğarmalar jinağy. T.7. – Almaty: Qazyğürt, 2007. – 416 b.
6. Äuezov M. Ädet, salt aitysy // Qazaq ädebietiniñ tarihy. – Almaty: Qazaq SSR Čylym akademiasynyñ baspasy, 1948.
7. Kenjebaev B. Bädik, arbau, jalbarynu // Qazaq ädebietiniñ tarihy. T.I. Fölklor. – Almaty, 1948.
8. Baskakov N.A. Karakalpakskij jazyk. Materialy po dialektologii. T.I. – Moskva: Izdatel'stvo AN SSSR, 1951. – 408 s.
9. Müqanov S. Tañdamaly syğarmalar. T.15. – Almaty: 1979.
10. Jarmüqamedov M. Aitystyñ damu joldary. – Almaty: Čylym, 1976. – 245 b.
11. Davkaraev N. Şyğarmalarynyñ tolyq jinağy. Bırınşı bölim. T. 2. – Nukus: Karakalpakstan, 1977.
12. Uahatov B. Qazaqtyñ halyq öleñderi. – Almaty: Qazaq SSSR-niñ «Čylym» baspasy, 1974. – 288 b.
13. Abylqasymov B. Telqoñyr. Qazaqtyñ köne nanymsenimderine qatysty güryptyq föklory. – Almaty: Atamüra-Qazaqstan, 1993. – 176 b.
14. Samojlovich A. Iz kazah-kirgizskih materialov M. Chokaeva // Zhivaja starina. – Vyp. II. – SPb, 1916. – 26 s.
15. Baitürsynüly A. Ädebiet tanytqyş. – Qyzylorda: Qazaqstan memleket baspasy, 1926. – 286 b.
16. Balalarğa tartu. Oqu qüraly ornyna. Ekinşi basyluy. – Leningrad: Memleket baspasy K.A.S.S.R., 1927. – 72 b.
17. Gavrilov M.F. Kirgizskie skorogovorki // Bjulleten' SAGU. – 1927. – Vyp. 16. – B. 35-38.
18. Kuchkarova ZhanarAbdimurodkizi., Mahanbet Dzhusupov. Rol' iprimeryparemiologicheskikh edinic v uzbekskom, anglijskom, russkom i kazahskom jazykah. [https://universum.com/pdf/philology/5\(83\)%20\[11.05.2021\]/Kuchkarova.pdf](https://universum.com/pdf/philology/5(83)%20[11.05.2021]/Kuchkarova.pdf)
19. Razzoqov H., Mirzaev T., Sobirov O., Imomov K. Uzbek halk orzaki pojetik izhodi. – Toshkent: Ukituvchi, 1980. – 360 b.
20. Gaadamba Sh., Cjerjensodnom D. Mongol ardyn aman zohiolyn djezh bichig. – Ulaanbaatar: Ulsyn hjevljelijn gazar, 1978. – 304 h.
21. Ahmet Baitürsynüly. Şyğarmalarynyñ akademialyq tolyq jinağy. Bestomdyq. 2-tom / Tomdy qürastyryp, baspağa daiyndağandar: Matyjanov K., Isimaqova A., Raqyş J., Müstafaeva K., Ahmet Ä. – Almaty: Brand Book, 2022. – 876 b.
22. Alpysbaev T., Qabdolova Q., Şafiğov M., Şoqparova S. Tazşa bala // Qazaq halyq ädebieti: Köp tomдық / Erteğiler. T.2. – Almaty: 1988.
23. Abylqasymov B. Nanymsenimder gürpynyñ föklory. Hrestomatia. – Almaty: 2004. – 224 b.
24. <https://youtube.com/shorts/A-IjH4Mbfwg?si=YGuS0egpHrWSSiv2>
25. Alekseev Je.E. Rannefol'klornoe intonirovanie. Zvukovysotnyj aspekt. – M: Sovetskij kompozitor, 1986. – 240 s.
26. Seifullin S. Qazaq ädebieti. – Qyzylorda: 1932. – 253 b.

27. Čabdullin M. Qazaq halyq auyz ädebieti. – Almaty: Mektep, 1974. – 318 b.
28. Islämjanұly K. Ruhani uyz. – Almaty: Ana tılı, 1995. – 143 b.
29. Negimov S. Jañyltpaş // Ädebiattanu. Terminder sözdıgı. Qūrastyrğan Z. Ahmetov., T. Şañbaev. – Almaty: Ana tılı, 1998. – 384 b.
30. Samojlovich A.N. Krymsko-tatarskie skorogovorki. Sbornik muzeja antropologii i jetnografii. – Sankt-Peterburg, 1918. – T. 5. – № 1. – B. 97-200.
31. Ahmetov Ş. Qazaq balalar ädebieti tarihyñyñ ocherkı. – Almaty: Mektep, 1965. – 328 b.
32. Maulet A. Aqmola oblysynyñ materialdyq emes mädeni mürasy: keşendi ekspedisialyq zertteuler. I tom. – Astana: 2022. – 600 b.
33. Qabdyrazaqұly Q. Halyq pedagogikasy haqynda. – Ölgı: Baian-Ölgı aimgin Hevleh üildver, 1976. – 94 b.
34. Kyrgyz adabiatynyn taryhy. T.1. A. Akmatallievdin jalpy redaksiyasy astynda. – Bişkek: Kutber, 2017. – 710 b.
35. «Mūra» jurnaly. Otyz jyldyq tañdamalylar (1982-2021). Tom 1. Qazaq halyq auyz ädebieti turaly zertteuler / Qūrast.: Qinaiatұly D. – Ürimji: Şyñjañ Äsem öner-fotosuret baspasy, 2012. – 800 b.
36. Maulet A. Saryarqa qazaqtarynyñ muzykalyq-folklorlyq mürasy // Dalalyq Eurazia tösındegı Saryarqa mürasy. – «Qazyna» seriasy. VI-tom. – red. A. Ongaruly. – Nür-Sultan: Qazaqstan Respublikasy Ülttyq muzei, 2020. – 352 b.
37. Maulet A., Qoblandin Q.İ. Aqmola qazaqtary fölklorlyq mürasynyñ estetikalıq mäni // Eurazia gumanitarlyq institutynyñ Habarşysy. – №4/2023. – B. 220–237. <https://doi.org/10.55808/1999-4214.2023-4.15>
38. Maulet A., Smakova Z.N., Junussova B.B., Karsakbayeva A.A., Rakymzhan A. The Art of Kui Performance of Kazakh Ethnic Group in China // International Journal of Environmental and Science Education. – Volume 11. – Issue 18. – 2016. – P. 11449-11465. DOI: <https://www.scopus.com/record/display.uri?eid=2-s2.0-84997235792&origin=inward&txGid=8b705a60df2e90c2c296f4656a266289>

Авторлар туралы мәлімет:

Маулет Ардаби – философия докторы (PhD), Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің постдокторанты, ҚР Ұлттық музейінің бөлім жетекшісі, Астана, Қазақстан.

Маулет Ардаби – доктор философии (PhD), постдокторант Евразийского национального университета им. Л.Н. Гумилева, руководитель Отдела Национального музея Республики Казахстан, Астана, Казахстан.

Maulet Ardabi – Doctor of Philosophy (PhD), Postdoctoral fellow of L.N. Gumilyov Eurasian National University, Head of the Department of the National Museum of the Republic of Kazakhstan, Astana, Kazakhstan.

Ақеділ Тойшанұлы – филология ғылымдарының кандидаты, Халықаралық түркі академиясының сарапшысы, Астана, Қазақстан.

Акедил Тойшанұлы – кандидат филологических наук, эксперт Международной Тюркской академии, Астана, Казахстан.

Akedil Toishanuly – Candidate of Philological Science, Expert of the International Turkic Academy, Astana, Kazakhstan.

М.Н. МИРАЗОВА Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті, Астана, Қазақстан
(e-mail: m.n.mirazova@mail.ru)***САКРАЛДЫ КЕҢІСТІКТЕГІ ҮҢГІРЛЕР**

Аңдатпа. Мақалада тылсым сырлы орындар қатарында үңгірдің алатын ерекше орны бар. Бастауын хаостан алатын бұл мекен адамзат санасында сакралды мәнімен сақталып келеді. Адамзат ғұмырының көне дәуірінде үңгір баспана болумен қатар тылсым күштермен байланыс жасайтын киелі орын қызметін де атқарды. Үңгірлерде мәдениеттің әуелгі үлгілері туындады, сурет және сәулет өнерлерінің алғашқы үлгілері де осы орында қалыптасты. Хаостың кішкентай бір бөлшегі түріндегі үңгірлер ата-баба рухымен де байланысты деп қабылданды. Тіршілік бастауындағы хаостың кейінгі дәуірлерде сақталып қалған нышаны ретіндегі үңгір поэтикалық санада жақсылық пен жамандықтың, ізгілік пен зұлымдықтың, сондай-ақ қорғаныс мекені болып, бинарлық оппозициялық қалпымен көрінеді. Мақалада үңгірлердің киелілік ұғымымен байланысы, ежелгі жазба мұраларда және фольклор туындыларында суреттелуі жоғарыда айтылған қызметімен байланыстырыла отырып талдау нысанына алынды. Көне санадағы үңгірдің ежелгі мәдениеттегі орны, мифтік баяндаудағы сипатымен қатар әртүрлі діни танымдардағы мәні қарастырылып, «Қорқыт ата кітабындағы», Гомердің «Одиссея» дастаны мен Мағжан Жұмабайұлының «Оқжетпестің қиясында» поэмасындағы үңгірлердің көркемдік-танымдық ықпалы талданады. Үңгірлердің киелі орындар ретінде көне танымнан көркемдік танымға ұласқан моделдері туралы тұжырымдар жасалады.

Түйін сөздер: киелі мекен, иеротопия, иерофания, үңгір, аруак.

Кіріспе. Киелілік ұғымымен байланысты түпбастауы күллі тіршілік өніп шыққан – хаос. Осы хаос – адамзат тіршілік еткен аспан асты – жер үстінің бастапқы нүктесі. Келесі актіде жаратылу жүзеге асқаннан кейінгі жағдайда бұл киелі бастау сипаты түрлі нысандар яки құбылыстарға ауысады. Бір терең қуыс, шексіздік, тұңғиық бейнесімен көрінген хаостың бір сипаты кейін «жер кіндігі» (қуысы) ұғымында жаңғырды. Тіршілік кіндіктен өнеді не кіндікке енеді. Белгілі дәрежеде оның қуыс, үңгір түріндегі пішіні бар. Осы негізде көне танымда үңгір киелі нүктенің бір түрі ретінде қабылданды.

Адамзат қай кезеңде де бейсаналы түрде сакралдылықты тануға, жер кіндігін табуға тырысады. Әр адамның түсінігінде жер кіндігі оның туған жерінде орналасқан. М. Элиаде өмір ағашы өсетін жер кіндігін «axis mundi» деп атаса, осы орталықты белгілейтін киелі нысанға – imago mundi (әлемнің бейнесі) деген атау берді. Imago mundi (әлемнің бейнесі) – кесене, мешіт, шіркеу немесе патшалардың сарайы сияқты белгілі бір рухтың қолдауымен жасалған киелі ғимараттар немесе қала. Өмір ағашы сияқты бұл киелі нысандар да аспан мен жерді байланыстырушы қызмет атқарады. [1, 47]. Сондықтан, адам бейсаналы түрде киелі орындарды, ғибадатханаларды ерекше құрметтеп, ұлттық, діни ритуалдарды осы нысандардың маңында орындайды. Себебі, киелі нысандар «құдайдың үйі», жоғарғы әлеммен байланыстырушы көпір саналады және ол жерде жасалған қандай да мінәжат қабыл болады.

Үңгір – киелі мекеннің бір атрибуты, адам баласының алғашқы баспанасы. Швед ғалымы, мифолог М.П. Нильсон «The Minoan-Mycenaean religion and its survival in Greek

* Мақала ҚР ҒЖБМ Ғылым комитеті қаржыландыратын АР22685428 «Киелі мекендердің поэтологиялық мәдениеті» ғылыми жобасы аясында жазылды.

religion» еңбегінде адам үңгірді палеолит және неолит дәуірінде қорған, үй ретінде пайдаланғанын, үңгірлердің тұрмыстық қажеттілікті атқарғанын атап, ең көне киелі орындардың бірі деп жазған. Ғалымның айтуынша, палеолит дәуірінде қайтыс болған кісіні үңгірдің жанына жерлеген. Себебі, үңгір адамның тіршілігінде қорған болса, қайтыс болғанда рухтың тікелей мекеніне жетуіне арналған жол болған. Ежелгі гректерде осы түсінік қалыптасқан. Олар қайтыс болған кісіні үңгірдің жанына емес, ішіне жерлеген. Осылайша үңгірдің ішіне жерленген адамның рухы адаспай, жерасты мекеніне жеткен. Ежелгі санада құдайлар үңгірлерді адамдарға баспана ретінде берген. Сондықтан ол жер киелі, қауіпсіз. Барлық құдайларға арналған мадақ, рәсімдер де да осы үңгірдің маңында жасалған. Себебі, бұл жер құдайлардың үздіксіз бақылауында, кез-келген мінәжат бірден жоғарғы күштерге жетеді деген сенім болған. Уақыт өте адамдар лашық, үй салып үңгірлерден көшкенімен, бұл жер жоғарғы күш пен адамдардың тікелей байланыс жасайтын қасиетке орынға айналған [2, 49-50].

Адамзат тарихында таңба түріндегі ең алғашқы жазба дерек те адам баласы паналаған үңгірлерден табылған. Францияның Перигё каласы маңындағы Ласко үңгірінің қабырғаларында кескінделген «Аңшылық» (The Hunt) деп аталатын сурет. Археолог Ричард Кляйн бұл үңгірдің еденіндегі қол мен аяқ іздері бедерленген суреттерді баланың салғаны немесе балаларға арналып салынған деген пікір білдіреді. Сурет жай аңшылықты кескіндеп қана қоймайды. Ол осыдан қырық екі мың жыл бұрынғы адамның санасында үлкен серпіліс, өркендеу болғанын айғақтайды. [3, 10]. Алғашқы қауымдық құрылыс кезеңінен бастап-ақ, адам баласы қасиетті түсініп, «адамгершілік» ұғымын санасына біртіндеп сіңіре бастады. Олар тұрмысқа қажетті құралдарды жасап, тіршілікті қалыптастырды. Санасындағы киелі деп ұққан ұғымдарды үңгір қабырғасына таңбалап, иеротопиялық шығармашылықтың белгілерін қалдырды.

Әдістеме және зерттеу әдістері. Тақырыпты қарастыруда талдау және жинақтау, салыстыру, интерпретациялау сияқты әдіс-тәсілдер қолданылды. Зерттеушілер еібектеріндегі тұжырымдар негізге алынып, қорытындылар жасалды.

Киелілік ұғымымен байланысты мекендердің түпбастауына қатысты М.Элиаденің, үңгірлердің адам баласының қалыптасуындағы орнына қатысты А.П. Сарычев пен М.П. Нильсонның еңбектерін қарастылды. Киелі үңгірлердің түркі халықтарының ауыз әдебиетіне ортақ мотивтерін талдау барысында А. Халил, О.Әлиев, С.Байдилі сынды ғалымдардың еңбектері пайдананылды.

Талдау және бақылау. Көне түркілердің наным-сенімінде үңгірлер ата-баба аруақтарымен байланыстыайтылады. Соныңнәтижесіндеэпостаүңгірмотивіқалыптасқан. Үңгір мотиві түркі-оғыз, әзірбайжан халықтарының эпикалық шығармашылығына тән. «Қорқыт ата кітабы» дастанындағы Төбекөздің үңгірі, «Көроғлы» эпосындағы үңгірдің қызметі, әзірбайжан халықының ертегілерінде кездесетін үңгірлер – бұл мотивтің эпикалық жүйеде кеңінен таралғанын көрсетеді.

А. Халил «Ритуальные основы огузского эпоса» атты монографиясында үңгірдің көне түркі мәдениетіндегі рөлін төмендегідей сипаттайды: «Үңгірде архаикалық рәсімдер жүзеге асырылды. Балалар рухы мен үңгір арасындағы байланыс осы жерден шыққан. Демек, эпоста өзінің сан алуан іздерін қалдырған инициацияны адамзаттың «үңгірлік мәдениетінің» үлгісі деп атауға болады» [4,115].

«Қорқыт ата кітабындағы» Бисат Төбекөзді қалай өлтіргені баяндалатын бөлімінде үңгір батырдың рухани болмысын қалыптастырған орын болып көрінеді. Бисат халыққа күн көрсетпеген Төбекөзбен үңгірде шайқасып, оны өлтіріп, жеңіске жетеді. Төбекөз Бисатты сақина, қылыш, күмбез сынды таңбалармен алдағысы келеді. Бірақ батыр оның айласын біліп, соңында оны жеңеді. Мұндағы үңгір рухани қайта түлеу мен батырлықтың мекені ретінде суреттеледі. Демек, үңгірдің екі сипаты бар. Біріншіден, бұл ізгіліктің зұлымдықты жеңген мекені, зұлым күшті жеңген қаһарманның күш алып, қайта жаңғырған киелі орын. Екіншіден, үңгір сол зұлым күш мекен еткен баспана.

Үңгірдің аңыз-әңгімелерде атқарған қызметіне қарай тағы бірнеше сипатын атап көрсетуге болады. Түркілердің фольклорлық шығармаларында бір жағынан үңгір – құдық, орман сынды иерофанияның белгілері болғанымен, екінші қызметі зындан – қорқыныш пен қауіптің орны. Демек, үңгірдің алғашқы сипаты – құдық, тіршіліктің бастауы саналса, екінші сипаты жер асты әлемімен байланысты зұлым күштердің (алып жылаң, айдаһар) мекені.

Философ О.Әлиев ертегілердегі зынданның бейнесі қосымша деталь болғанымен, батыр рухының қайта туып, жеңіске жету жолында маңызды қызмет атқаратынын атап көрсетеді [5, 33]. Алпауыт айдаһардың батырдың қолынан қаза болуы да жер асты әлемінде іске асады. Демек, «жер асты, үңгір, зындан» қара күштің жеңіліп, игіліктің бастау алатын алғашқы орны.

Мифтік санада үңгір әйелдер мен балалардың қамқоршысы «Ұлы ана» архетипінің символдық көрінісі – Ұмай ана культімен байланысты. С.Байдили «Түркі мифологиясының сөздігі» еңбегінде: «үңгір – ана құрсағының баламасы» деп атады. үңгірде Адам баласының тууы, өсуі ана құрсағындағы баланың даму кезеңіне ұқсайды. Бұл ұқсату үңгірдің ана құрсағындағыдай қауіпсіз орта бола алатын қасиеттері бар екенін көрсетеді [6, 37].

Нәтижелер. Үңгір ежелгі санада жер асты және жер беті әлемі арасындағы өтпелі кеңістікті білдіреді. Алтай ертегілерінде үңгір жер асты әлеміне ашылатын қақпа ретінде суреттеледі. Жалпы, мифологиядағы хаос үңгірдің алғашқы бейнесі, адам баласының тіршілігі үңгірде басталды. Ал, жалпы әлем мифологиясында тіршілік хаостан – тылсым сипатты алып үңгірден бастау алды. Сондықтан үңгір ұғымымен қатар, хаос, шетсіз-шетсіз тұңғыық, зұлым рух, қайғы, қайта туу сияқты ұғымдар қатар қолданылады. Тіршіліктің бастылып, дамуының қозғаушы күш болған ізгілік пен зұлымдықтың, жақсылық пен жамандықтың түп негізі, алғашқы нүктесі осы алып үңгір, яғни хаос.

Ислам мәдениетінде де үңгір тыныштық пен қауіпсіздіктің белгісі, әрі қорған ретінде киелі орындардың қатарында. Қасиетті Құранның он сегізінші әл-Кәһф сүресінің аудармасы «Үңгір» деп аталады. Исламдық дүниетанымда киелі Хира үңгірінде Жәбірейіл періште Мұхаммед (с.ғ.с) пайғамбарға «Алақ» сүресінің алғашқы бес аятын жеткізген деп айтылады. Тахир әл-Исмаилдің «Мұхаммед Пайғамбардың өмірбаяны» (қазақ тіліне аударған Қ.Спатай) еңбегінде: осы үңгірде Мұхаммед (с.а.с) пайғамбар оңаша қалып, құлшылық жасағаны туралы жазылған [7, 36-38].

Ұлттық танымда үңгір тылсым күштер тоғысқан киелі орын. Топонимикалық аңыздарда киелі үңгірлерден адам дертіне шипа табатып, құдайдан сұрағаны орындалатын киелі нысанның бірі ретінде суреттеледі. Үңгірлердің қақпасында, яғни екі босағасында балбал мүсіндер (көбіне екі босағада екі балбал тас) тұрады. Бұл үңгірді кие тұтып, ұрпағын желеп-жебейтін әруақтар мекені ретінде сыйынған ата-бабалар сенімінен хабар береді.

Аңыздарда үңгір тылсым қасиеті бар жаңдармен тығыз байланысты баяндалады. Мұндай ерекше қабілет дарағын қаһармандармен байланысты киелі үңгірлерге шипа сұрап барушылардың қарасы көп. Тіпті кей үңгірлерді шетелдерден туристер де іздеп келіп жатады. Оның бірі жоғарыда көрсетілген «Айдаһар» үңгірі болса, тағы бірі Бектау ата мен Бейғазы деген екі әулие бабалар мекен еткен «Бектау ата» үңгірі.

«Бектау ата» үңгірі – Балқаш көлінің маңында орналасқан. Осы мекенді зерттеген А.П.Сарычаевтың жазбаларында: «Бектау ата – оңтүстік пен солтүстікті жалғастыратын нысана іспетті керуен жолдың бойында тұрған шамшырақ. Оның сүйір төбесі Балқаш көлінің оңтүстік жағалауынан көзге ілінеді. Көлдің астынан жарып шыққандай сұстиып тұрады және «бері тарт» дегендей ишарат береді. Сол таудың астында аталмыш үңгір мөп-мөлдір тұщы суға толы. Су бетінің деңгейі әрдайым бірқалыпты: жоғары көтерілмейді, төмен түспейді» [8, 43], – дейді. Ел арасына таралған аңыз бойынша жаугершілік заманда «Бектау ата» үңгірін екі ағайынды жігіт жаудан қашқанда паналаған екен. Оның бірі – Бектау ата. «Қазақ бақсы-балгерлері» атты жинақта: «...Бек ата, Бектау-ата Бекіш-ата, қолдай көр...» деген бақсы сарыны бар. Мұндағы «Бек ата, Бектау-ата» аталмыш әулие бабамен байланысты болуы мүмкін. Бұл үңгірдің ішінде де шипалы су бар. Үңгірге дертіне шипа

сұрап барып түнеген, зиярат еткен жандарған әулие ата әртүрлі дыбыстармен белгі беріп, түсінде аян айтады екен. Аян көрген адамдардың айтуынша, әулие баба жүзін көрсетпейді екен. Жаратқанның тылсым қасиеті қонған қасиетті адам болғандықтан халық арасында кез-келген жанға көріне бермейді деген түсінік қалыптасқан. [9, 24]

Үңгір – адам баласының санасына тылсым, киелі орын ретінде сіңген. Бұл орын адамзаттың алғашқы панасы болғандықтан, ата-бабалардың рухы қалып, мәңгі сол үңгірлерді мекен етеді деген түсінік те бар. Жоғарыда аталған киелі үңгірдің екеуінде әулие бабалар мекен еткен. Екеуінде де киелі су бар. Үңгірлердің өзі әулие бабалармен байланысты, шипа дарытушы, тылсым күшке ие.

Киелі үңгірлердің әулие адамдар есімімен байланысы да тегін емес. Сондықтан мұндай орындарды киелі рух мәңгі тұрақтаған мекен деп те атайды. Есіркеп Қойкелді батыр туралы аңыздарда аталатын Ақмешіт үңгірі де жалпыұлттық мәртебеге ие киелі нысандар қатарында. Бұл киелі орындар да тілек қабыл болатын киелі орын ретінде халық ерекше құрмет тұтады. Зерттеушілер бұл үңгірді палеолит дәуірінің мұрасы деп атады.

Аңыздардың басым бөлігінде киелі үңгірлер таудың етегінде орналасады және ішінде шипалы су болады. Ақмешіт үңгірінде де осындай шипалы су бар. Үңгір төбесінен тамып тұратын мөлдір тамшыны халық «Әулиенің көз жасы» деп аңыз етеді. Бұл тамшылар үңгірдегі өсімдіктерге нәр береді. Мұндай жерге келген адамның ниеті қабыл болып, тілегі орындалады.

Мифтен тамырланған поэтикалық санада үңгірлердің тылсым сипаты ерекше орын алады. Киелі үңгірлерге келген адамның арманына, ниетіне жетуі сол тылсым сырымен байланыстырылады. Үңгір – рухтың мекені, адам баласына ең алғаш қорған қызметін атқарған орын, ата-бабалар рухы тұрақтайтын жер. Сондықтан бұл жерде жасалған тілек тез орындалады.

Кез-келген өркениеттің бастауында адам баласы лашыққа көшкеннен кейін, үңгірді киелі орын, құдайлардың мекені деген түсінік қалыптасты және ғибадат жасайтын орын ретінде пайдалана басталы. Бірақ үңгірлердің бәрі бірдей ғибадатхананың қызметін атқарған жоқ. Алғашқы қауымдық құрылыста тұрмыстық қажеттіліктерге байланысты қойма, шеберхана қызметін атқарған үңгірлер де болған [10, 52].

Үңгірлермен мен жартастардың сағасы – баспананың алғашқы көрінісі. Жоғарыда атап көрсеткеніміздей, адам баласы уақыт өте үңгірлерді тастап көшкенімен, ол киелі, культтік орын ретінде маңызын сақтап қалды. Себебі, үңгір адам баласына құдайлардың бергені қорғаны, ал әр адам үшін үй әрқашан киелі ғибадатхана. Демек, ғибадатхананың алғашқы үлгісі – үңгірлер. Уақыт өте адамның ой-өрісі дами келе үлкен ғибадатханалар салынды, үңгірлердің тылсым қасиеті жаңа мекенге ауысты. Дегенмен, үңгірлер жаратылыстың алғашқы әрі ерекше күші тұрақталған мекен ретінде сакралдылығын сақтап қалды. Сөйтіп адамзат жадындағы тұрақты киелі нысанға айналды.

Жоғарыда үңгірге қатысты екі жақты түсінік туралы өттік. Оның біріншісі көне танымнан көркемдік ойлауға ұласқан ізгіліктің үнемі зұлымдықпен шайқаста жүретіні, түбі жеңіске жететіні туралы мәдени жадымызда тұрақтаған мотив. Тек түркі халықтарында ғана емес, жалпы адамзаттық таным-түсініктегі үңгірге қатысты баяндар осыны дәлелдейді. Ежелгі грек мәдениетінде биік және кең үңгірлер рух-иелік күтердің мекені болғандықтан, зұлым күштер ол орынға кіре алмайды деген түсінік те болды. Сондықтан қайтыс болған адамның денесін үңгірлердің ішіне жерледі. Үңгірдің ішіне жерленген адамның рухын зұлым күштер адастыра алмайды, ол тікелей жерасты әлеміне жетеді деген сенім болы. Уақыт өте, үңгірлер ғибадат ететін киелі орынға айналып, мәйіттерді үңгірдің іргесіне, сыртына жерлейтін дәстүр қалыптасты. Бұл орындар ерекше жаратылысты қаһармандармен қоса нимфалардың мекені аталды [10, 53]. Үңгірлер нимфалардың мекен болғанын Гомердің «Одиссея» дастанының үзіндісінен көре аламыз. Бұл дастанда Гомер Итака үңгірі табиғаттың ерекше жаратылысы екенін көрсетіп, бұл киелі орынға кез-келген адам жақындай алғанымен, тек мәңгі өмір сүретін тіршілік иелеріне ғана кіруге болатынын айтады. Киелі үңгірдің қызметі мен орны жұмақ мекеннің сипатына ұқсайды.

Аталмыш киелі мекен ерекше жаратылыс иелерінің және ғажайып нимфалардың үйі. Оның қақпасы ымыртта жабылады. Ал, ымырт қараңғылықтың, салқындықтың белгісі. Бұл қақпаны ашуға мүлде рұқсат жоқ, адамдарға ашылмайды. Соған қарамастан нимфалар мекенінде бал аралары ұя салады, қасиетті бұлақтардың сылдырлап аққан даусы естіледі. Мұнда биік тастан жасалған тоқыма станоктары бар екені айтылған. Бұл тас станоктардан нимфалар құдайларға арнап күлгін түстен киім тоқиды. Киелі үңгірдің тағы екі қақпасы бар. Төменгі солтүстікке бағытталғаны адамдарға, жоғарғы оңтүстікке қараған қақпа құдайларға арналған [11, 202]. А.Ф. Лосевтің пайымдауынша, поэмада адамдарға арналған қақпа солтүстік жаққа бағыттталып, құдайлар қақпасы оңтүстікке қаратылып суреттеледі. Себебі, ғибадатханалар ішіндегі қасиетті мүсіндер мен кіреберісі шығысқа бағытталған. Ал, мінажат жасауға келген адамдар мүсінге қарсы тұрғанда батысқа қарайды [12, 211].

Мифтік танымдағы ғажайып нимфалар – әйел кейпіндегі тіршілік иелері. Олар табиғаты қорғайды, құнарлылықты қамтамасыз етеді, керек кезінде адамдарға көмек бере алады, ашуланса кесірін де тигізуі мүмкін. Сондықтан олардың да тылсым жаратылысты болмысы адамдарға жұмбақ әрі үрейлі, өздеріне ерекше құрмет пен сыпайы қарым-қатынасты талап етеді. Нимфалардың үңгірді мекендеуі және ол үңгірлер қақпасының ажалды пенделерге ашыла бермеуі мифтік танымдағы мәңгі өлмейтін жасампаз қаһармандарға тиесілі орын екенін таныта түседі.

Үңгір гректің «Одиссея» эпосында алып дәулердің – циклоптардың мекені түрінде де суреттеледі. Бас кейіпкерді достарымен тұтқындап, өзі тұратын үңгірге қамап тастайтын жалғыз көзді Полифем атты дәу – алып қара күштің, жауыздықтың иесі. Ол кәдімгі адам жегіш жыртқыш кейпіндегі кейіпкер. «Қорқыт ата кітабындағы» сегізінші жырдың сюжеті мен көне грек эпосындағы (бастауы мифтік баяндарда жатқан) жалғыз көзді дәу мен оның тұрағы болған үңгір адам баласы үшін үлкен қауіп сипатында көрінеді. Полифем мен Төбекөз – түптеп келгенде туыс кейіпкерлер. Полифем – грек мифінде айтылғандай, теңіз құдайы Посейдон мен теңіз нимфасы Фоосаның перзенті. Төбекөз – су перісінің қызы мен Аруздың бір қойшысының перзенті. Маңдайларындағы жалғыз көз бұл тіршілік иелерінің бір ғана ұғымға, яғни зұлымдыққа ие екенін түспалдайды. Теңіз – тіршілік бастауындағы, хаостағы түпсіз-шексіз мұхиттың бір бөлшегі, ықшамдалған түрі. Жаратылыстың бастауы әрі жойылудың себепкері болатын су стихиясы екі әлемді – бұл дүние мен о дүниені байланыстырушы орын. Тылсым сипатты бұл стихияның ең жақын құрылықтық нүктелері – шығанақ, арал, жағалау. Мифтік баяндарда су перілері – нимфалар шығанақтағы үңгірлерді мекен етеді. Анасы да атасы да су әлемімен байланысты антропоморфтық кейіпкерлер болып табылатын Полифем де аралдағы үңгірді мекендейді. Нимфалардың ғажайып сұлулығы, мейірімділігі мен Полифемнің жауыздығы, зұлымдығы қарама-қарсы қойылады. Осындай екі түрлі қасиетке ие, яғни ізгілік пен зұлымдық түріндегі тіршілік иелері арқылы адамзат танымына орныққан үңгірдің екі жақты сипаты көрінеді. Төбекөз бен Бисат та үңгірді мекен етеді. Көшкен жұртта қалып қойған сәбиді ана-арыстан үңгіріне әкеліп бағып, Бисат осылай ержетеді. Алайда ол адамдар ортасына тез оралады. Төбекөздің әкесі адамзат, шешесі су перісінің қызы делінеді. Өзен (бәлкім көл) жағасында су шашысып ойнап жүрген пері қыздарының бірін Аруздың бір қойшысы ұстап алып, зорлық жасайды. Пері қызы қойшыға осы қылығымен бүкіл Оғыз еліне бүлік әкелетінін ескертіп, келесі жылы перзентін осы арадан алып кетуді айтады. Төбекөз су түбіндегі местің ішінен шығатын нұсқа оның су әлемімен байланысын көрсетеді. Кейіннен ол үңгірді мекен етіп, адамдарға қауіп төндіреді. Оғыз елі бұл құбыжыққа үнемі азық беріп тұруға мәжбүр болады. Төбекөзді өлтіретін Бисат оны айламен алады. Бисатқа ерекше қаһармандық дарытқан үңгір болса, Төбекөз де сол үңгірде өмір сүреді. Полифемді өлтірген Одиссей әккі, айдалы адам. Оның атамекені – Итака аралы. Бұл да үңгірмен сипаты ұқсас мекен. Сонда жауыздық та, батырлық та үңгірге қатысты болып шығады. Кейіпкерлердің су әлемімен тығыз байланысы олардың сипатын даралайды. Яғни жасампаздық пен жойымпаздық сияқты су әлеміне тән екі жақты қасиет үңгірді мекендеген қаһармандарға да тән болып, адамзат мекен еткен кеңістік алаңында бір-бірімен шайқасқа шығады, түп нәтижесінде

жақсылық жеңеді, жасампаздық жаңғырады. Үңгірдің поэтологиялық моделі осылайша әрі жасампаздық, әрі жойымпаздық қасиетімен айқындалады. Кеңістіктің кішкентай ғана бір бөлшегі, хаостан туған ғаламның микро-пішіні түріндегі үңгірдің адамзат жадында киелі орын ретінде орнығуының мәнін біз оның осындай тылсым сипатымен түсіндіре аламыз.

Көне дүниеден бастау алған үңгір туралы түсінік поэтикалық санада түрліше жаңғырды. Мағжан Жұмабаевтың «Оқжетпестің қиясында» поэмасында үңгір қаһарманның оңашада ойланып, ой қорытатын мекен ретінде суреттелген:

Бір кезде Кенекемді ойлар билеп,
Бір өзі Бурабайды кезіп кеткен,
Артында Оқжетпестің үңгір тау бар,
Сол тауда бірнеше күн мекен еткен [13, 65].

Осы жерде Кенесары ханға ақ бұлттай сақал-шашы әппақ бабасының рухы келіп, тіл қатады:

Ізгі қарт «а» деп аузын қозғағанда,
Төменде судың шуы болды басым.
Қарт сонда күңіреніп: «Аманбысың,
Кенежан, елдің ері жолбарысым [13, 65]!

Поэмадағы үңгір қаһарман мен тылсым сипатты кейіпкердің кездесу орны. Кенесары ханға тіл қатқан пір ата оны ұзақ күтіп, үңгірге өзі шақырып алғанын айтады. Себебі үңгір рух тұрақтаған мекен. Мұнда жасалған мінажат, қандайда тілек, ниет жаратқанға тез әрі тікелей жетеді. Демек, Кенесары да таудағы үңгірге ішкі ойларына жауап іздеп барған. Әруақ ханға жол сілтеп, батасын береді. Қоштасар сәтте:

Мерт болсаң мақсұтыңа жетпей егер,
Сол сағат мен осы жерде тасқа айналам.
Алашта тағы сендей ер тууын

Төбеде тас боп шөгіп күтіп қалам» [13, 66] – деп, тілеулестігін білдіреді де ғайып болады. Сол сәттен бастап таудың үсті нұрға толып, жер мен аспан қасиетті нұрға шомылғандай күй кешеді. Кенесары хан да іздеген сауалына жауап тапқандай батырларын жиып, інісі Науанды алып ойлаған мақсатына жету үшін сапарға шығады.

Адамзаттың туып, қалыптасуында, даму эволюциясында үңгірдің бірнеше қасиеті бар. Бірінші қасиеті – үңгір пана, сыртқы күштерден, жабайы ортадан қорған. Екіншіден, жаратқанмен байланыс жасайтын киелі орын. Үшіншіден, ізгіліктің зұлымдықты жеңіп, батырларға ерекше күш дарытатын мекен. Төртіншіден, тылсым қасиет дарыған әулиелердің, кейін рухтың тұрағы. Бесіншіден, дертке шипа дарытатын жер.

Қорытынды. Қорыта айтқанда, адам санасындағы киелі ұғымның алғашқы бейнесі тіршілік пайда болған хаостан бастау алып үңгірлерде жалғасты. Үңгір адам баласы үшін алғаш жаратушымен, жоғарғы тылсым күшпен байланыс жасаған киелі орын. Үңгірді киелі нысан ретінде танып, оның өзіндік көркем модельдерін қалыптастырған адамзат жады дамудың келесі сатысында жер бетіндегі рухтың тазару мекені болған ғибадатханалар, кесенелердің модельдерінде туындады. Үңгірдегі жаратушымен, тылсым әлеммен байланыс енді ғибадатханаларға ауысты. Өркениет дами келе, әр жердің салт-санасына байланысты үңгірлер үлгісіндегі жерастындағы нысандар салынды. Бұл киелі мекендердің бәрі иерофанияның үлгісі. Үлгілер табиғат жаратқан немесе рухтың қолдауымен тұрғызылған сакралды статуска ие киелі мекеннің моделдері. Ал, киелі мекендер, нысандардың барлығы ғарышпен байланысты, белгілі бір тылсым күшке ие және қай кезеңде де адамзат санасында сакралдылық мәнімен сақталып келеді.

Әдебиеттер

1. Элиаде М. Оккультизм, колдовство и моды в культуре / Пер. с англ. – К.: «София»; М.: ИД «Гелиос», 2002. – 224 с.
2. Nilsson, Martin P. The Minoan-Mycenaean religion and its survival in Greek religion. Acta Reg. Societatis Humaniorum Litterarum Lundensis. IX. Lund, 1927 (Oxford University Press). – P. 582.
3. Әдебиет теориясы: Антология. 4-том /Джули Ривкин мен Майкл Райанның редакциясымен. – Алматы: «Ұлттық аударма бюросы» қоғамдық қоры, 2019. – 452 б.
4. Хәліл А. Oğuz eposunun ritual əsasları. – Bakı: Elm və təhsil, 2016. – 288 s.
5. Əliyev O. Azərbaycan nağıllarının poetikası. – Bakı : Səda, 2001. – 191 s.
6. Вәйдилі С. (Мәммәдов). Türk mifoloji sözlüyü. – Bakı : Elm, 2003. – 418 s.
7. Тахир әл-Исмаил. Мұхаммед Пайғамбардың өмірбаяны / Ауд.: Қ. Спатай. – Алматы: «Кәусар-саяхат» ЖШС, 2013. – 522 б.
8. Сарычев А.П. Проблема народности и критический реализм. – М.: Просвещение, 1975. – 256.
9. Қазақ бақсы-балгерлері / Құраст.Дәуренбеков Ж., Тұрсынов Е. – Алматы: Ана тілі, 1993. – 224 б.
10. Астрахан Н.И. Художественное моделирование: теоретико-литературный аспект // Вестник ТГПУ (TSPU Bulletin). – 2014. – 11(152).
11. Гомер. Одиссея / Пер. с древнегреч. В. Жуковского. Вступит, статья А. Тахо-Годи; Примеч. С. Ошерова. – М.: Худож. лит., 1981. – 407 с.
12. Лосев. А.Ф. История античной эстетики. Том 7. – М.: Искусство, 1998. – 517 с.
13. Жұмабайұлы М. Шығармаларының академиялық толық жинағы. Үштомдық. 2-том / Томды құрастырып, баспаға дайындағандар: К. Матыжанов, Т. Әкімова, Ж. Рақыш, Н. Сәрсек – Астана: Түркі Академиясы, 2023. – 568 б.

М.Н. МИРАЗОВА

Евразийский национальный университет имени Л.Н. Гумилева, Астана, Казахстан

САКРАЛЬНОЕ ПРОСТРАНСТВО ПЕЩЕР

Аннотация. Среди всех таинственных мест особенно выделяется пещера. Это место, берущее свое начало в хаосе, имеет сакральное значение в сознании человека. С древних времен пещера была для человека не только убежищем, но и служила домом для общения с мистическими силами. Впещерахвозниклипервыеобразцыкультуры, здесьсформировались первые образцы живописи и архитектуры. Предполагалось, что пещеры в виде маленькой частицы хаоса также ассоциируются с духом предков. Как символ хаоса в истоках жизни, сохранившийся в более поздние эпохи, пещера предстает в поэтическом сознании как место добра и зла, добродетели и порочности, а также защиты, с бинарной оппозиционной позицией. В статье в качестве предмета анализа была взята связь пещер с понятием святости, их описание в древнем письменном наследии и произведениях фольклора. Рассматриваются место пещеры в древнем сознании, в древней культуре, ее характер в мифических повествованиях, а также ее значение в различных религиозных знаниях. Анализируется художественная и познавательная значимость пещерного топоса в «Книге Коркыт Ата», эпической «Одиссее» Гомера и поэме Магжана Жумабайұлы «Окжетпес кияда». Делаются выводы о моделях пещер как святилищ, которые прошли путь от древних знаний к художественному познанию.

Ключевые слова: святая обитель, иеротопия, иерофания, пещера, аруак.

M.N. MIRAZOVA

L.N. Gumilyov Eurasian National University, Astana, Kazakhstan

CAVES OF SACRED SPACE

